*Әлем балалар әдебиеті*

1 2008
608к

# ШАЛҒАЙ ШЕТЕЛ ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРЫ



*Әлем балалар әдебиеті*





*Әлем балалар әдебиеті*

# ШАЛҒАЙ ШЕТЕЛ ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРЫ

**Аударған**
**Қадыр Мырза Әли**

Алматы
«Балауса» баспасы
2007

ББК 84(0)
Ш-21

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр.*

**Ақылдастар алқасы:**

***Ермұхамет Ертісбаев***
***Қадыр Мырза Әли–төраға***
***Әлібек Асқаров***
***Райхан Мәженқызы***
***Абылайхан Құлбаев***
***Әбілмәжін Жұмабаев***
***Оразақын Асқар***
***Сұлтан Қалиев***

**Ш-21** **Шалғай шетел өлең-жырлары.** Жинап, жүйелеп құрастырған, аударған: Қадыр Мырза Әли. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2007. – 384 бет.

Бұл әлем балалар әдебиетіне арналған 50 томдықтың бірі.

ISBN 9965-672-52-0

Бұл жинаққа дүниенің төрт бұрышындағы шалғай шетелдердің классик ақындарының балаларға арналған таңдаулы өлең-жырлары енгізілді.

Қазақ тіліне аударған атақты ақын, майталман аудармашы Қадыр Мырза Әли. Түп нұсқамен жарыса қазақ тілінің бай мүмкіндігін барынша пайдалана отырып, көбінше оздыра аударғанының куәсі боласыздар.

Ш 4804010500 / 00(05)-07

ББК 84(0)

ISBN 9965-672-52-0

© «Балауса» баспасы, 2007
© Қадыр Мырза Әли
© Дизайнері Ж.Болатаев

# АЛҒЫ СӨЗ

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Балауса» баспасынан жарық көріп жатқан «Әлем балалар әдебиетінің» кезекті бір томдығы, шалғай шетел алдыңғы қатарлы ақындарының балалар поэзиясына арналып отыр. Бұған 47 елдің 80 ақынының қазақ тіліне аударылған 545 өлеңі енді. Бұлардың кейбіреулерінің бірді-екілі өлеңдері, бұрын ұжымдық жинақтарда, жеке шағын кітапшаларда қазақ тілінде басылған. Көпшілігі тыңнан аударылған жаңа туындылар. Ал, осынша қомақты көлемде бір томдыққа топтастырылып, қазақ тілінде басылуы тұңғыш рет.

Қолдарыңыздағы «Шалғай шетел өлең-жырлары» деп аталатын бір томдықты тұтас қазақ тіліне аударып, жүйелеп құрастырып баспаға ұсынған Жастар сыйлығының, Мемлекеттік және халықаралық сыйлықтардың, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты, Халық жазушысы, ақын, аудармашы, драматург Қадыр Мырза Әли. Ол бұл шығармаларды белгілі бір мезгілде тіпті бір-екі жылда емес, бүкіл шығармашылық өмірінің ұзына бойында оқта-текте аудара жүрген..

Қадыр 1958-жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тамамдағаннан кейін, еңбек жолын сол кезде жаңадан шыға бастаған «Балдырған» журналының негізін салушылардың бірі болудан бастады. Журнал талабына сай, шетел ақындарының да таңдаулы туындыларын өзгелермен бірге өзі де аударып бастырады. Сөйтіп қызмет бабында және орыс тілі арқылы өзге шетел ақындарын оқып үйрену, тәжірибе жинау барысында өте ұнаған туындыларды қазақ тіліне аударып өз қабілетін сынау нәтижесінде балаларға арналғандарының өзі бір-екі том боларлық осынша қыруар мол дүние жиналған екен. Ал, аудармаларының сапасына келсек, аударма тақырыбында Қадекеңмен бір әңгімелескенімізде ол кісі Карней Чуковскийдің мына бір сөзін мысалға алды. «Нағыз аудармашы түпнұсқаның авторымен бәсекеге түсіп, одан озып аударуы керек, тым болмаса, тең түскені жөн. Ал, қалып қойса ол аударма емес.» деген екен. Қадекең «Мен осы қағиданы мықтап ұстандым» деді. Осы бір томдықты қарап, редакциялау барысында оған көзіміз әбден жетті. Сөзіміз дәлелді болу үшін бір-екі мысал келтіре кетейік:

Тұманнан да халық шалбар тіксе егер,
Барлық кран май, кілегей төксе егер,
Құрғақта да балық жүзіп жүрсе егер,
Апта түгел жексенбіден тұрса егер,

деп мүмкін емес нәрселердің біразын тізбелей армандап отырған әдеби кейіпкерге, екінші бір тыңдаушы кейіпкер:

«Ұмытпаңдар маған нағыз керегін,
Ең алдымен қаруды құрт!» дер едім.

деп қортындылайды. Алдыңғы армандар орындалар, орындалмас, солардың бәрінің орнына соғыс карулары жойылса, өзге армандар орындалмады деп өкінбейтінін аңғартады. Автордың бұл ойын оқырмандардың түгел қостайтыны айдан анық. Италиялдық ақын Джанни Родаридың бұл өлеңін Қадыр Мырза Әли қазақша аударғанда көркемдік, ұғымдылық, қысқанұсқалық жағынан негізгі автормен шығармашылық жарыска, бәсекеге түсе отырып аударғандығы, қазақ тіліндегісі түп нұсқадан артылмаса, кем еместігі көрініп-ақ тұр.

Реті келгенде айта кететін бір жай бізде балаларға арналған шығармаларды тым жеңілдетіп, «Балалардың ұғымына ауыр, олар әлі түсіне коймайды» деп, балалардың алғырлығын есепке алмай, олардың мүмкіндігін тым төмендете қарайтын әдет бар. Жеті, сегіз буынды жолдардан сәл асып кетсе болды балаларға жолатпаймыз. Жоғарыда мысалға келтірілген өлеңді қараңызшы, үлкендердің өзін тереңіне үңілдіретін, ойландыратын дәрежеде. Сонымен бірге он бір буынды. Балаларға да ойландыратын, толғандыратын, ұғынуы үшін шамалы болса да еңбектендіретін көркем шығарма керек. Биіктерге жетелемейтін, тұңғиыққа үңілдірмейтін, бар айтары алақанда дайын тұратын туындылардың балаларға берері шамалы. «Білсем, ұқсам, айналадағы құбылыстардың құпия сырын ашсам» деп құлшыну ең алдымен сәбилерге, балаларға тән қасиет. Шалғай шетел ақындарының осынау қазақша аудармасы біздің ойымызға осы ұғымды ұялатады. Біздің балалар ақындарының шығармаларына қарағанда шетел балалар ақындарының шығармалары күрделілірек екендігі бірден байқалады.Тіпті көлемі жағынан да олар еркінірек. Мысалы, АҚШ-тың ақыны Доктор Сеусстің «Аяқ туралы» деген өлеңі 56 жол.

Тұрған аяқ,
Қашқан аяқ,
Оңға, солға
Басқан аяқ.

деп аяқтың барлық әрекеттерін тізбелеп кете береді. Аяққа байланысты атауларды аяққа ғана тән қимыл-әрекет, іс үстінде бейнелеу арқылы автор балалардың сөздік қорын көбейтуді көздеген.

Аудармашы Қадекен мұндай атаулар қазақ тілінде үйір-үйірімен ұшырасатынын танытып, туындыгердің жандырып жазған өлеңін тіпті жалындата түскен. Сөйтіп бертін келе барлық жазған шығармаларын томдықтарға топтағанда Қ. Мырзаәлидің балаларға арналған шығармалары екі том, өзге ересектерге арналған өз туындылары 20 том, аудармалары 10 том барлығы 30 том болады екен.Сол он томдық аудармалардың бір томы осы қолдарыңыздағы «Шалғай шетел өлең-жырлары».

Ал, құрметті оқырман! Қадыр Мырза Әлидің аудармаларының да шұрайлы екенін өздеріңіз оқып көріп түсіна жатарсыздар.

*Оразақын А С Қ А Р*

# Англия

*Роберт Грейвз*

## ОЙЫНШЫҚ СКРИПКА

Ойыншықтар дүкеніне іркіліп,
Скрипка сатып алдым бір күні.
Таға салған қызыл жіпті қатты өріп,
Біз күткендей қыл болмады шектері.

Шанағы да ағаш емес, – қатырма,
Мүмкін содан үні шықпай жатыр ма?
Мазасын ап өзімнің де, баршаның,
Әрі изелеп, бері изелеп шаршадым.

– Шынында да, келген нәрсе бұл тегін –
Бір тиынға, – деп қолымды сілтедім.
Дәрменсіздік қинады ма? Қысылдым.
Қысылдым да бала қызға ұсындым.

Тұрғандай-ақ бір сиқыршы жолымда,
Безек қақты ол әлгі қыздың қолында.
Сасып қалған сәтім шығар бұл менің
Сенерімді, сенбесімді білмедім.

Қысылғаннан қып-қызыл боп құлағым:
– Қалай кілтін таптың, ей? – деп сұрадым.
Мойындауға тура келді шібиді,
– Айта алмаймын! Өзің тап! – деп жымиды.

## НЫШАН

Суық торғай
Өз ішігін түр киіп.
Жаға кеткен
Шаш сиякты үрпиіп.
Торғай үшін
Бүл жоқтықтың белгісі,
Адам үшін
Ол тоқтықтың белгісі.

## КОРОЛЬ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАЙЫБЫ

Өтті өмірден Джек деген жас король,
Болмады онда корольдіктен басқа роль.
Джил де оған келді сүйген көңілмен,
Бірін-бірі сүйіп өтті өмірден.

Жардың іші пыспайтұғын жалғыз ғап,
Король күнде әперетін балмұздақ.
Тірлігінің әрбір сәтін сөнді еткен
Әйелі оны асырайтын конфетпен.

Джек пенен Джилдейміз біз бәріміз,
Мүмкін, тіпті олардан да әріміз:
Беріп тұрсақ әр балаға, әр қызға
Сүйгендіктен конфет пенен балмұздақ!

## АЛТЫ БОРСЫҚ

Жер аудардым кияр егер қарсаңда,
Алты борсық би биледі борсаңдап.
Бір-бір шыбық бәрінің де қолында,
Өлеңдетіп тұрып алды жолымда.

– Джонни ағай, өзің ойла, пайымда,
Әйеліңіз қойды түстік дайындап.
Шошқа етінің иісі бізге жетеді,
Бармасаңыз, біреулер жеп кетеді.

Үйге қарай келе жатып ойладым,
Бұлар мені неге үгіттеп қоймады?
Бірдеңе ойлап жүрмесе бұл семіздер,
Жөні жоқ қой осы бүгін мені іздер.

## КОРОЛЬ ДУНКАН

Ескі жарлық өз қолынан жыртылып,
Жаңа жарлық берді Дункан бір күні:
– Ешқашанда естімеген ел тегі
Әр күн сайын айтсын жаңа ертегі.
Қайталаса егер сайқымазағым,
Тартады ол ең ауырын жазаның.
Есінде оның жүрсін жарлық әрқашан:
Қайталаса, сол күні оны дарға асам!

Сайқымазақ от-шабыттан өртеніп,
Джек жайлы айтып берді ертегі.
Джок деген бауырының қойнына
Бақа салып,
Мәз болыпты ойнына.
Көңілді Джок одан әсте саспапты,
Шелекпенен бақа таси бастапты.
Сосын Джектің екі етігін
Ол тірі
Бақалармен қойыпты әбден толтырып.

Міне, осындай ертегі айтып жүздеген
Сайқымазақ жаңа ертегі іздеген.
Соның бірақ барлығын да тауысып,
Әлгі көне әңгімеге ауысып,
Қайталапты Джок пенен Джекті.
Дункан күліп өз, жарлығын түзетті:
Тыңдап едім ертегінің талайын,
Мына екеуі тіптен жақсы, ағайын.
Тұратын бол сен осыны күнде айтып,
Міне, нағыз ертегі осы тыңдайтын!

## РОБИНЗОН КРУЗО

Қаран қалған,
Құлазыған аралда
Робинзон жалғыз тұрған,
Жарандар!
Бір ғана өзі патшасы да,
Халқы да,
Кімді билеп,
Кімді салмақ талқыға.

Барлық киім терісінен ешкінің,
Ешкі етінсіз өткен емес еш күні.
Жей берген соң әбден шыққан сол еттен,
Сүті де оның толып тұрар көнекте.

Мұның бәрі жанына оның батады,
Батады да,
Іш құса боп жатады.
Ертелі-кеш айырылып төбеттен,
Берер бәрін мысығына дәметкен.

– О мысығым, қымбат сенің бір басың,
Осындағы мұңдасым мен сырласым.
Ең болмаса аягында әр айдың
Етіне бір тояр ма еді торайдың!

## ҚҰЛАП ЖАТҚАН КӨРСЕТКІШ

Құлап жатса жол көрсеткіш белгісі,
Тұрғыза кет,
Жасалғанша жөндісі.
Біреу оны құлатты ғой жыны ұстап,
Ал біздерге кеткен абзал дұрыстап.

Көрсеткішке кімдер кінә тағыпты?!
Көрсетіп ол тұрсын дұрыс бағытты.
Ырза болар көре қалса қарт егер,
Бағытыңды анықта да тарта бер!

Әңгіменің арасында сыналап,
Тұрар біреу қылығыңды кінәлап,
Мұндай іске жақын келіп жанасып,
Өздерінің көрген емес жаны ашып.

Әдетте олар сылтау іздеп сынықка,
Күдікпенен қарайды жөн қылыққа.
Сөз қылады сенің тура жолыңды,
Сөз қылады оңың менен солыңды.

Тұрып алып түбінде олар қораның,
Зерттемекші тоғыз жолдың торабын.
Жол белгісі құлап жатса,
Құптайды,
Өйткені олар үйден ұзап шықпайды!

## ҚЫШ ТАБАҚША

Кездейсоқта түсе қалып назарға,
Көк тиынға сатып алып базардан
Арғы тегі қыш деп жатпай,
Өрнекті
Табақшаны қойған жерге көрнекті.

Қожайыны тыңдап еді білгішті:
– Тым бағалы нәрсе, – деді ол бұл қышты, –
Мұның орны – нұрлы залдар ел көрер,
Мұның орны – мұражайлар,
Көрмелер!

Табақшаны енді көп жан көреді.
Өзі жайлы ол да сайрап береді.
«Қоқыстардың арасында – ол анық –
Кетуге мен шақ қалдым ғой жоғалып!»

Қожайыны үйге қонақ шақырған:
– Ал мен мұны алдым, – деді, – бақырға!
Осыны айтып

Табақшаның ол ескі
Таңбасын бір көрсетеді көмескі.

Табақшаға
Үзілерде үміті
Қалай аман қалғандығын ұмытып,
Айналмай-ақ әжуаға,
Күлкіге,
Айналғаны дұрыс үйдің мүлкіне.

Міндеті оның – дәм ұсыну достарға,
Оның орны – шай ішетін дастарқан.
Дәміне оның тоймаған бар,
Тойған бар,
Байқамай-ақ қойсын, мейлі, меймандар!

Ең дұрысы – қарапайым тіршілік,
Көппен бірге жүру керек құлшынып.
Мүліктердің бірісің сен,
Өкілсің,
Сындырып ап біреу тіпті өкінсін!

## АҚЫНДАРДЫҢ ҚАЛАЙ ӨЛЕТІНІ ҚАҚЫНДА

Кейбір ақын іздеп жүріп тұрағын,
Жарқабақтан құлап өлер,
Шырағым.
Енді бірі
Дер кезінде гүл ашқан
Теңізіне тұншығады...
Сыраның!

Ішпейді олар тіршіліктің аз уын.
Сындырады ажалдың да азуын.
Енді бірі жүз жасайды,
Жүзде де
Тоқтатпайды
Жақсы жырлар жазуын!

## ЛИФТ ЖҮРГІЗЕТІН БАЛА

Басы болмақ оқиғаның кез келген,
Соны қазір жеткізбекпін сөзбен мен.
Болып кете қойған жоқпын азамат,
Жүрген кезім аяқ киім тазалап.
Жүрген кезде
Тынбай сылдыр қағатын
Жан қалтамда мыс түйме мен бар бөкім.

Оқиғаның болмақ сосын жалғасы...
Бір жұмыстан бір жұмысқа алмасып,
Қонақүйде лифтер болып істедім.
Маған қызық көтеріліп, түскенім.
Жүрген кезде
Тынбай сылдыр қағатын
Жан қалтамда мыс түйме мен бар бөкім.

Оқиғаның болмақ сосын түйіні.
Шымқай қара үстіндегі киімі
Кабинаға уағыздаушы кірді де,
Кірген кезде етегін сөл түрді де:
«Көтер, – деді,– ең ақырғы қабатқа!

Қосылдым деп жүрмісің сен санатқа?
Жоқ, балақай, баспақ жерді қара түн,
Кезі келді тамұқта елдің жанатын.
Сен де, мен де, жасымыз да, кәрі де,
Күнәлі де, күнәсіз де – бәрі де!..»

Атып шығып, бар кезі ғой жігердің,
Лифтінің сол бауын қиып жібердім.
Өсиетшім, сұранғандай өзі отқа,
Лифтімен тура тартты тозаққа.
Бітті солай поппен менің айқасым.
Көргем сонда
Бәкімнің бір пайдасын!

# КЕҢСЕ ҚЫЗМЕТКЕРІ

Жұмыс, жұмыс,
Жұмыс, жұмыс,..
Бір күні
Ұмытыппын құрдасты да,
Құрбыны.
Енді аңғардым:
Орным менің күңгірлеп,
Кеңсе болмай,
Шықты дейсің үңгір боп.

Мен отырмын,
Дәл өзімдей өлшемі
Жоғарыдан салбырайды зор шенім:
Маған ұқсас пішіні мен үлгісі
Ол бірақ та
Осы үңгірдің сүңгісі.

Тамады одан тұзда тамшы
Шекеме.
Осы тамшы
Түбіме шын жете ме?
Мен өзімнің
Тастығыма таң қалдым.
Енді, міне,
Әктен туған балбалмын.

Бұл жер ертең
Мұражайға сапалар.
Жастар келер,
Түртіп көрер мені олар.
Мәз боп күліп
Өздерінің ісіне
«Мынау өзі ұқсайды дер кісіге!»

## АЯҚ

Жоқ жолдардың бөтені,
Дегеніне жетеді.
Тауың болса,
Тауыңды
Айналып ол өтеді.

Толған аяқ жол үсті
Шиырлаған қонысты.
Анда-мұнда –
Бәрінде
Бітіреді сол істі.

Оларды аяп,
Сені аяп,
Айта салу оңай-ақ.
Соқырыңның өзін де
Алып жүрген сол аяқ.

Жүгіреді дөңесте,
Жүгіреді белесте.
Аяқтарға, әйтеуір,
Жүру керек емес пе?!

Аяқтарға сол керек,
Аяқтарға жол керек.
Ойға түсер елпілдеп,
Қырға шығар өрмелеп.

Жазалайтын дерт пе едің?
Орындалар серт пе едің?
Жол бойында тұрып ап,
Аяқтарды зерттедім.

Байқамаппын бұрын мен,
Кейбір балақ түрілген...
Қаптаған көп аяқтың
Біреуі жоқ сүрінген.

Біреулері сілкінді,
Біреулері жұлқынды.
Бірақ олар көрген жоқ
Езудегі күлкімді.

Ауа райы құбылған:
Күн де бұлтқа тығылған.
Кесірінен аяқтың
Бір адам жоқ жығылған.

Адамы көп аланда
Тұрдым ұзақ алаңдап.
«Жұрт секілді
Осы мен
Жүріп кете алам ба?!»

Қайратымды жектім де
Көзді жұмып,
Екпінмен
Қатар-қатар шалшықтан
Бір-ақ қарғып кеттім мен!

## ҒАЖАП СУРЕТ ЯКИ ӘРКІМ ӨЗІН КӨРЕДІ

Бұл немене? Айна ма?
Көзі түсіп айнаға,
Қарады ұл айнаға,
Ұрғылады маңдайды:
– Ергежейлі пітінә,
Кір-қожалақ пітінә,
Нағыз бұзық пітінә
Менен көзін алмайды.

Әкесі оның теңізші,
Медалі көп теңізші,
Қарап тұрып теңізші
Қызып кетті шекесі:

– Ура! Мынау Нельсон ғой.
Айтыспаңдар, Нельсон ғой!
Шынында да, Нельсон ғой,
Адмиралдың көкесі!

Сосын жары қарады,
Күйеуіне қарады,
Екеуіне қарады,
Ал енді көріп сөйлесіп.
– Арам мына көңілі
Қалған жандай көңілі,
Мына әйелде көңілі,
Мынау соның бейнесі.

– Көкетай, бұл Нельсон ғой.
Көрмейсің ғой, Нельсон ғой.
Жас кездегі Нельсон ғой
Бар ерлігі бойында!
– Жалған! – деді әйелі,
– Сайтан! – деді әйелі,
– Кетем! – деді әйелі,
Мынауың кім? Мойында!

Мәстек мінген пасторың,
Бара жатқан пасторың.
Байқап қалып пасторың
Түсті бірден көліктен.
Қарсы алдында тұр бала.
Құты қашқан бір бала.
Қалш-қалш етіп бұл бала
Жас төгеді неліктен?!

Қол көтеріп пасторың,
Белгі берген пасторың,
Сұрады одан пасторың:
– Неғылған жас мына?
Айтты бала:
– Пітінә!
Кір-қожалақ пітінә!

Мына айнаның астына
Кіріп алған астына!

– Арам байдың көңілі,
Менен бөлек көңілі,
Басқа әйелде көңілі,
Бұзылды енді отбасы.
Күйеуі айтты:
– Нельсон ғой!
Көрмейсіз бе, Нельсон ғой!
Нағыз өзі, Нельсон ғой!
Ал әйелім соқпасын!

Енді пастор айнаға,
Қарап еді айнаға,
Тұрған жанды айнада
Ұқсатты ол бір аңға.
Деді сосын:
– Бұл затты,
Түсінікеіз бұл затты
Бүлігі көп бұл затты
Алып кетем Храмға!

## ЕШКІМ

«Ешкім» дейміз,
«Ешкім» деген немене?
«Ешкім» – біреу,
Бірақ оған сене ме?

Біздің үйде «ешкімің» жоқ,
Өзгерген.
Жасырынбақ ойнайды сол
Біздермен.

Айқай-шудан,
Әлдекімнен қашқандай,
Ешкім үйде үн шығармас
Ешқандай.

Үлкен түгіл
Елегізер сәби де.
Біреу бардай,
Бірақ ешкім жоқ үйде.

Ешкім дейміз,
Яки ол жоқ кісі.
Сол ешкімнің
Келмейді үйден
Кеткісі.

Ешкімменен
Сөйлестің бе?
Не дедің?
Ешкім де жоқ,
Бірақ неге
Сықырлайды еденің?!

## ЕШТЕҢЕ

Ұшар түтін
Ертесін де,
Кеште де.
Қозғалады,
Бірақ оны
Көш деме.
Барып-барып
Көк аспанға сіңеді.
Түк қалмайды,
Болмаған соң
Ештеңе.

Ғалым дейміз
Көп оқыса,
Көп көрсе.
Өз басынан
Талай тағдыр
Өткерсе.

Міне, сондай
Оқымысты, айтады:
– Еш нәрсе ме?
Еш нәрсе ол, жоқ нәрсе!

– Оқасы жоқ,
Ерте көрсе,
Кеш көрсе.
Жетіп жатыр
Сол көргенін ескерсе.
Бар болғасын жоғалтады –
Деймін мен –
Бар болғасын жоғалады
Еш нәрсе!

## ҰШҚЫРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАЙБАСАРЛЫҚ

Жауабы ұшқыр,
Тез ойлайды ол өсте.
Ілесе алмай отырамын
Кеңесте.

Тез айтады,
Жан емес ол созбалар.
Менің миым
Тіптен кейін қозғалар.

Үнемі ұшқыр
Ойына ол сенеді.
Мендегі ойдың
Жоққа тән-ау көмегі.

Ол сенеді
Әсеріне сезімнің
Мен сенбеймін
Дәлдігіне сөзімнің.

Қателессе,
Қалады ол абдырап.
Қателессем,
Ойланамын мен бірақ.

Оның соры –
Ұшқырлыққа саяды.
Менің сорым –
Баяулығым баяғы.

Ол сүрінсе,
Ұшқыр ойдан сүйреген,
Мен өзімнің
Қатемнен көп үйренем!

## АЙ ЖӘНЕ ЖАҢБЫР

**(Испания)**

Қоңыр қойдың жабағысын жамылған
Айдан басқа ілік іздеп,
Жаңылма!
Теңіздердің ар жағынан,
Досым-ай,
Жаңбыр бұлтын шақыратын
Осы Ай!

Болады-ау деп,
Болмайды-ау деп, шамасы,
Керегі жоқ, жаңбыр жайлы бал ашып.
Бар жаңбырдың қожасы мен тәңірі
Бір ғана Ай,
Жүрмейді оған өмірің!

Кім мұны Айдан қызғаныпты,
Күндепті?!
Ол ешкімге емес мүлде міндетті:
Ұзақ уақыт ұстайды ол бұлтыңды –
Жерге керек ғажап нәрді,
Дымқылды.

Қырсықса егер,
Сығып бұлттың жалбырын,
Бір тамызып,
Тыя салар жаңбырын.
Содан кейін
Босқа айқайлап бар бала,
Санын соғып,
Қала барар шаруалар.

Ай орнында күн болса ғой,
Таусылмай
Бәрі орнымен келер еді
Маусымдай.
Жазғы-қысқы шуағы үшін
Мүлде біз
Рақмет айтпаймыз ғой Күнге біз.

Ендеше, Айға керегі жоқ.
Өкпелеп.
Бергені мен берері оның
Көп бөлек.

Ол қаласа,
Бұлт шақырып бір түнде,
Мөлдір суға
Қалады жер іркілдеп.
Күдіктенбе!
Не болды деп аңырма:
Жетеді ол
Тереңдегі тамырға.

Содан кейін
Жаңғырады ауа да,
Жердің өзі
Кеуде керіп дем алар.
Қаңсыған қыр,
Жатқан дала шерменде,
Біз де бәрін
Бірінші рет көргендей..

# БЕЙМӘЛІМ ЕЛДЕР

Кім біледі,
Кіргізуге қорқа ма?!
Есепте жоқ,
Жоқ ешқандай картада.
Қиял-арман
Жүргізуде барлауды,
Ақындар да
Аяған жоқ арнауды.

Масштабы да
Бұл елдердің бір басқа.
Карта жасап,
Әуре болма құр босқа.
Ол жайлы жоқ
Қаулы-қарар,
Үйғарым.
Не біреулер
Ашытпайды миларын.

Жалғасатын орманменен,
Түзінмен
Шекара жоқ,
Байланыс та үзілген.
Бір-бірімен сыбырласып бұтасы
Жатқан да бір
Кездері жоқ тұтасып.

Көлемдерін есептеген жоқ ешкім.
Жоқ мәлімет,
Болса дағы көмескі
Зерттелмеген жер қыртысы,
Байлығы.
Барлаушылар
Бастайды оны қай күні?

Айтпақшы, дос,
Ғалымдарда жоқ кінә.

Тектен-текке.
Жығып жүрме соққыға.
Керегі жоқ
Онда пілдей алыптың
Тышқанның да,
Тіпті біздің,
Халықтың!

Ормандары
Қысы-жазы көктейді,
Сондай қалың –
Ит тұмсығы өтпейді.
Мұның бәрі –
Әңгіменің желісі.
Ал ол елдер –
Тек қиялдың жемісі.

## АҒЫЛШЫН ОРМАНЫ

Жасыл орман ғажайып
Көздің жауын алады.
Маужыраған жаз айы
Жұмақты еске салады.

Осында жол тауып кел
Қалжыратса зор қайғы.
Катер менен қауіптен
Кәрі емендер қорғайды.

Қозғайтұғын қиялды
Жоқ елес те, жының да.
Өсімдік жоқ зиянды
Уландырар, шынында.

Жокты-барды еске алып,
Ауыртпалық сау басты.
Және қорқып саспалық,
Жоқ бұл жерде албасты.

Тіршілікті суарған
Ғажап күннің щуағы.
Күн батарда ну орман
Басын нұрмен жуады.

Шын құшағын ашқанға
Шапағаты көп тағы.
Жамандыққа ешқандай
Соқтырмайды соқпағы.

*Редьярд Киплинг*

## АЛТЫ ҚЫЗМЕТКЕРІМ БАР МЕНІҢ

Алты қызметкерім бар менің
Орындап берер әр нені.
Тіршілік қалай түледі,
Солардан естіп білемін.

Солармен ғұмыр өтеді,
Шақырсам, ұшып жетеді.
Неге? Кім? Қайда? Неліктен?
Не? Қашан? – Бәрі желіккен!

Қызметкерімді жұмсаймын.
Жұмсаймын әсте күн сайын.
Содан соң берем демалыс,
Қалады менде саналы іс.

Шынымен, олар демалсын.
Шаршаған болса – маған сын.
Тойдыра алмаймын мен оңай –
Ашқарақ бәрі, қомағай!

Бәріне соның қосындар,
Жігерлі, күшті досым бар.
Жүз мыңдай оның күні бар.
Оларға күн жоқ тынығар.

Бес мыңдай шығар. Көріп пе ең?!
Жеті мың қалай? Неліктен?!
Тыныштық бермей бәріне
Жұмсайды тұрып сәріде!

## ӨРКЕШ

Зообақтарда жүрмісің?
Өркештің көрдің
Түрлісін.
Өркештің бірақ
Маманы
Өзімізде екен,
Санадым.

Әдетіменен күндегі
Жуынбай жүрсе кім де кім,
Өркеш өсіруге көнеді,
Шошайып шыға келеді.

Тұруға мүлде ерініп,
Жата береміз керіліп.
Мияулаймыз да
Үреміз.
Төсекте өмір сүреміз.
Дөңбекшіп,
Аунай береміз.
Сабынды дұшпан
Көреміз!

Барлығын кейін
Ұғасың.
Өркешті қайда тығасың?

Түк емес өсте
Бүкірлік!
Бүкірлік,
Оған шүкірлік!

Өркештің жөні
Бір басқа.
Ол қайдан келіп
Жармасқан?!

Ақылға мына
Құлақ түр:
Жылап тұрғанша,
Құлап тұр!
Қолыңа дұрыс
Күрек ал!
Теріңді сүртер
Орамал...

Қарама
Ыстық-суыққа,
Биік мақсатқа жуықта!
Кәдімгі жауын-шашында
Болғайсың жұмыс басында!
Қағып ал үйдің көрпесін!
Жарып бер ағаш шөркесін!
Атып тұр ерте ертесін,
Шөгеді сонда өркешің!

## КЕМЕ БОЛСА БАСПАНАҢ

Кемеңізді жан-жақтан
Тау толқындар тепкілеп,
Каютаның әйнегін
Басып кетсе көк түнек,
Мөңкісе кеп кемеңіз
Шкипердің миы ашып,
Тамақ тасып жүргенде

Құлап жатса даяшы,
Ертелі-кеш, балақай,
Жуынбай һәм киінбей
Әжесі оның
Еденде
Жатса буған түйіндей.

Кеме болса – баспанаң,
Теңіз болса – мекенің,
Тоғыз қабат толқынның
Түсінесің не екенін!

## ПЫРЫЛДАЙДЫ МЫСЫҚ ОТТЫҢ БАСЫНДА

Пырылдайды мысық оттың басында,
Ағашқа да ыстық шығар, расында.
Жіп өткізіп дайындағам бүгін мен,
Жаным салып ойнадым сол тығынмен.

Сөйте тұра, Бианки маған жақындау,
Шын берілген, өзі сондай ақылды-ау!
Мені көрсе, құшағын ол жаяды:
Шөбересі жабағы иттің баяғы.

Мысықтардың сулап қойып табанын,
Іздерімен қуып жүріп табамын.
Мысық сені қалдырады жолыңнан,
Тырнап, тістеп, шығып кетер қолыңнан!

Бианки, ол маған тегін келмеген,
Ешқашанда сатып кетпес ол мені!
Екеумізді қарсы алады тау күліп,
Біздің және достығымыз мәңгілік.

Мысықтардың бір пырылы – жүз өлең,
Кешке таман сүйенеді тізеңе.
Бар мысықтың мысық деген атағы,
Түнде... тастап кетіп бара жатады.

Біле алмадым... барады ол кіміне?
Ал Бианки бірге күні-түнімен.
Ол жанымда болады ылғи түнімен.
Нағыз дос деп есептеймін оны мен!

*Эдвард Лир*

## МИСТЕР ЛИ ӨЗІ ТУРАЛЫ

Көп жазған соң
Аты да оның көп шығып,
Мистер Лиге таң қалады көпшілік.
«Ол – мылжың» деп ұнатпайды біреулер,
«Керемет!» деп куаттайды біреулер.

Он саусағы, қос құлағы бар оның.
Көздері де кәдімгідей көреген.
Құлақ дейміз,
Жақсы естиді құлақ та.
Ән салмайды ол бірақ та
Қонақта.

Оның сондай кітабы да молшылық
Әрбір елден алып келген
Жол шығып.
Жегені де, ішкені де басқаша,
Қанша ішсе де
Мас болмайды ешқашан!

Мысығы бар,
Мысығы бар Фосс деген,
Жетіп жатыр бір басына дос деген.
Бүйен десең,
Жаңылысып жатпайсың,
Төбесінен бір тал шаш та таппайсың!

Ал желбегей киіп барып шетелге,
Ерсілеу боп көрінеді бөтенге.
Дертханадан қашып шыққан ағылшын
Деп ойлайды үлкен-кіші абыржып.

Тау аралап,
Тастан тасқа шығады.
Оңашада көздің жасын сығады.
Басы ауырып, дәріхана іздейді,
Өмір қымбат,
Одан күдер үзбейді.

Испандарша тіптен сөйлей білмейді.
Балығыңды көзіне де ілмейді.
Қандай жақсы
Жүрер ылғи толғанып,
Мистер Лидің бұл өмірде болғаны!

***Алан Александр Мильн***

## ӘТКЕНШЕК ЖЫРЫ

Осы соңғы айда
Болды әткеншек пайда.
Енді төбе, шатырға
Маған жату қайда?!

Қалды төмен бие,
Қалды төмен түйе.
Мен осының бәріне
Сияқтымын ие!

Төбем күнге күйіп,
Тұрмын көкке тиіп.

Болам соған қожа,
Ұшсам сәл-сәл биік.

Мен өтірік өлең
Тіптен айтқан емен.
Күннің өзі неге
Түсіп кетті төмен?!

## ТҮЛКІНІҢ ТӨРТ ҚЫЗЫ

Таныстырам
Өрт қызыл
Түлкінің мен төрт қызын.
Көйлексіз де,
Шұлықсыз,
Дүниесіз,
Мүліксіз
Қораптарын қарап ал:
Керексіз бет орамал.
Біреуі де төсексіз,
Ойнайды ылғи есепсіз.
Орманға бай бұл ара,
Олар соған құмар-ақ!
Дүкендерге бармайды,
Аң мен балық аулайды.
Көп-көп ұстап көк көлден,
Қуанды олар өткенде.
Тарту алды тойда олар,
Төрт жүз конфет пайда бар.
Құлағанша жүрді олар,
Жылағанша күлді олар.
Түлкі қыздар шұлықсыз,
Көйлексіз де мүліксіз...
Қызық қуды еселеп,
Байлықта емес мәселе!

## БІР ОЙ

Джон – мен,
Ал мен – Джон болсам,
Кішілігім жөн болса,
Сыймас оған ішігім,
Өйткені мен – кішімін!

## ӨЗІМ БОЛАМ ӨЗІММЕН

Үйім болса кезінде,
Өзім болам өзіммен.
Мазаламас ел келіп,
Қорғар еді ол мені.
Өз ұям, өз төсегім,
Қайтпас еді меселім!
Көре алмайды ел мені,
Мен де өзімнен өңгені!

## МЫСЫҚ МУРМУР

Мысық – оның заты,
Мурмур – оның аты.
Мурстанның ұлы,
Жатқан жері жылы.
Қызықтырмас көше,
Ыстық оған шеше.
Бір-ақ шөкім шүйке,
Домаланған жүйке.
Тез-тез өсіп толды,
Муреттидей болды.
«Мен онымен доспын»
Анасы ақыл қосты.

Қорқытпайтын жанжал
Болып алды көкжал.
«Маған енді тиме!

Отыр! – деді – үйде!»
Анасы үйде қалды,
Өзі ойран салды.

Міне, сондай Мурмур
Ит боп өсті құрғыр!
Шешесін ол кірген
Танымай қап бірде:
«Қалайсың?» – деп көрші
Сұрақ қойды ерсі.

## ЖОЛДЫҢ АҚЫРЫНДА

«Қайда кеттің Кристофер,
Кристофер Робин?»
– Не болса да тауға шығам,
Тауға қарай жүремін! –
Деді бізге Кристофер Робин.

«Қазір таудың үстіндесің,
Кристофер Робин!»
Не істемексің?»
– Енді төмен жүремін! –
Деді бізге Робин.

*Уолтер де ла Мэр*

## НЕГЕ ЖАТАМ МЕН ТЕККЕ

Тұзды қияр күбінде,
Ақыл мидың түбінде.
Құс мамығы жастықта,
Тышқан дәні қапшықта.
Күлше пеште, тегінде,

Балық өзен-көлінде.
Аяқ киім дәлізде,
Тиын-тебен...
Ал ізде!
Бүлдірген сай-салада,
Иіс-қоңыс қалада.
Барлық бала мектепте,
Неге жатам мен текке?!

## ҚАЖЫҒАН КИТ

Кит бейшара, бейшара!
Қажығанға не шара?!
Білесің ғой алыпты,
Түк істемей жалықты!
Шаруа болса өстір ме?
Білмей қойды не істерге?!
Күлесіңдер несіне?
Қиын тіпті есінеу!
Қинау сөз бе баршаны,
Одан бетер шаршады!
Кит бейшара, бейшара!
Зерікkенге жоқ шара!

## ЖАСЫРЫНБАҚ

– Жасырынбақ ойнайық! – деп көктегі Ай,
Жасырынды, жасырды оны көк тоғай.
– Жасырынбақ ойнайық! – деп самал да,
Тығылды өзі таудағы тас қамалға.
– Жасырынбақ ойнайық! – деп жұлдызға,
Бұлт та кетті желдің мойнын бұрғызбай.
– Жасырынбақ! Жасырынбақ ойнап бақ! –
Деді толқын бір толқынға айлақта.
– Жасырынбақ ойын ғой деп сүйкімді, –
Мен шақырып алдым шұғыл ұйқымды.

## ИНЕЛІК

Ой безбені теңелер,
Қилы баға берілер.
Түймедей-ақ нөрселер
Түйедей боп көрінер.

Желге шашып ұрығын
Жайлау гүлі терілер.
Тәтейлердің бұрымы
Тау суындай өрілер.

Ақ қауырсын көлдегі
Аққудайын керілер.
Инеліктер желдегі
Тік ұшақ болып көрінер.

Дауыл күні жаққанда
Ошақ өрттей желігер.
Бір түйір қант,
Аппақ қант
Ақ ордадай көрінер.

## АУРУ ЖӘНЕ ДӘРІ-ДӘРМЕК

Ауру тізгін бере ме?
Ауру сөзге ере ме?
Дәрі-дәрмек әр түрлі
Тізіліп тұр сөреде.

Баланы мұң басыпты,
Бала басын қасыпты.
Дәрі ішетін мына бір
Шұңғылын-ай қасықтың!

Ішсең дәрі-дәрмекті,
Ащы бәрі,
Кермек-ті.
Ал Генри мұндайды
Бұрын-соңды көрмепті.

Бұл күндер де өтеді,
Бұл түндер де өтеді.
Аунап тұрған адамдай
Ауру тұрып кетеді.

## «ПЫРАҚ»

Бір апта ма?
Бір апта
Түспей қойды құр аттан!
Қанша кісі қарады,
Көзін алмай «пырақтан».
Король мұртын шиырды,
Мұрты ұзын сүйір-ді.
Мені көріп
Оған да
Ат әкел деп бұйырды.

## МЫСЫҚ

Мысық
Суық түскенше
Қай жерде де ұйықтайды.
Боран борап,
Қыс келсе,
Пеш түбінен шықпайды.

Анда-санда
Пырылдап
Көзін әрең ашады.
Екі өкпесі сырылдап,
Пеш те әніне басады.

Лебіменен құшақтап,
Жылытады сөз бұрын.
Мысық пенен ошаққа
Салып қоям көз қырын.

*Вильям Дж.Смит*

## НЕГЕ?

Сенбейсің бе?
Сенбедің бе?
Бар таяп!
Неге?
Неге
Барлық иттер төрт аяқ?!

Неге?
Неге
Көктемде ағаш бүр жарар?
Неге?
Неге
Түтіндейді мұржалар?
Неге?
Неге
Қомағайлар тоймайды?
Неге?
Бала
«Неге?» деуді
Қоймайды?

## ҰШАТЫН СИЫРЛАР ТУРАЛЫ

Сиыр ұшады дегенге
Сенбейді көп бала.
– Ұшады!
– Ұшады!
– Ұшпайды!
Оттама! –
Сен олай боқтама!
Сенбейді көп бала.
Сенбейді көбісі,

Сенеді көбісі.
Ендеше
Алдымен
Алалық келісіп:
Ұшқанын көргендер,
Соңынан ергендер
Жеделхат жолдасын,
Өтірікшілер оңбасын!

## МЫСЫҚТАР

Мысық – адам емес,
Киім кимейді.
Киім кигенді сүймейді.
Мысықтар үнемі аш
Жүн-жүн боп жүреді жалаңаш.
Жылы жер тауып ап жатады.
Жатады,
Ұйқыға батады.

Шахмат,
Дойбыны білмейді.
Мияулай береді,
Күлмейді.
Ештеңе жазбайды.
Өлең де...
Құлағын түреді елеңдеп.
Ұқтың ба?
Ұққан боп көзіңді қысып қой!
Мысық дегенім –
Мысық қой!

## Америка Құрама Штаты

*Доктор Сеусс*

### АЯҚ ТУРАЛЫ

Тұрған аяқ,
Қашқан аяқ,
Оңға, солға
Басқан аяқ.
Үлкен аяқ,
Кішкене аяқ.
Ара шағып,
Іскен аяқ.
Қисық аяқ,
Түзу аяқ.
Шолақ аяқ,
Ұзын аяқ.
Бүтін аяқ,
Сынық аяқ.
Жүреміз біз
Мұны да аяп.
Жалаң аяқ,
Жаралы аяқ.
Қайтып кетіп
Бара ды аяқ.
Киген аяқ,
Шешкен аяқ
Шалшық суды
Кешкен аяқ.
Таңған аяқ,
Талған аяқ.
Жүгіруден
Қалған аяқ.
Кебісті аяқ,

Келісті аяқ.
Сырғанаған
Еңіске аяқ.
Жұмыр аяқ,
Шымыр аяқ.
Сүрінбеген
Ғұмыры аяқ.
Шабан аяқ,
Жаман аяқ.
Бүлкілдеуге
Маман аяқ.
Маман аяқ,
Аман аяқ.
Тозбайтұғын
Табаны аяқ.
Маймақ аяқ,
Тайғақ аяқ.
Көп нәрсеге
Айғақ аяқ.
Желген аяқ,
Жеңген аяқ.
Жарыста озып
Келген аяқ.
Болған аяқ,
Солған аяқ.
Айналамыз
Толған аяқ!

## АЛ МЕН БҮГІН ТҰРМАЙМЫН

Ал мен бүгін тұрмаймын,
Сағатқа мойын бұрмаймын.
Ұйқының сөзін сөйлеймін,
Демалыс жырын жырлаймын!

Көрмей-ақ қойғын сыйқымды!
Төсегім сондай сүйкімді.
Көрпеге жылы оранып,
Қандырмақшымын ұйқымды!

Бағылмай жатқан жылқым жоқ,
Сатылмай жатқан мүлкім жоқ.
Тұрмаймын дедім – тұрмаймын!
Тұруға менің құлқым жоқ!

Арғың да мейлі оянсын!
Бергің де мейлі оянсын!
Париж да мейлі оянсын!
Берлин де мейлі оянсын!

Италия да оянсын!
Испания да оянсын!
Тасмания да оянсын!
Өскен ұям да оянсын!

Шаруам жоқ менің есепте,
Шаруам жоқ менің өсекте.
Жақсылап ұйқым қанғанша
Жата беремін төсекте!

Таңғы тамақты да жемеймін.
Түскі тамақты да жемеймін!
Кешкі тамақты да жемеймін!
Қарным ашты да демеймін!

Сілкілесең де тұрмаймын!
Жұлқыласаң да тұрмаймын!
Қытықтасаң да тұрмаймын!
Құттықтасаң да тұрмаймын!

Ақыл айтып үйретсең де тұрмаймын!
Қабырғамды күйретсең де тұрмаймын!
Тікұшақпен көтерсең де тұрмаймын!
Трактормен сүйретсең де тұрмаймын!

Бұлт болып дүркіресең де тұрмаймын,
Жаңбыр болып сіркіресең де тұрмаймын!
Шатыр-шұтыр найзағай болып ойнап,
Күн болып күркіресең де тұрмаймын!

Көршілер келсе де тұрмаймын!
Елшілер келсе де тұрмаймын!
Қайласын алып қолдарына
Кеншілер келсе де тұрмаймын!

Өтініп сұрасаң да тұрмаймын,
Үстіме құласаң да тұрмаймын!
Қала боп, дала боп осында
Бастарын құрасаңдар да тұрмаймын!

Жата беремін мен,
Жата беремін!
Ұйқының дәмін тата беремін.
Ұйқының түбі терең,
Сол тереңге бата беремін,
Бата беремін!

*Карл Сендберг*

## БАЛҒА

Ескі құдайлар қаусады,
Жаңалар бәрін таусады.
Тас-талқан болып тас құдай,
Орнын басады жас құдай.
Тас-талқан болып жас құдай,
Орнын басады Бас Құдай.
Түседі құдай тағынан,
Балғаға ғана табынам!

## СЫНЫҚ

Бірінші рет күн суып,
Сықырлады түн сынып.
Шегірткенің шырылы –
Жырдың соңғы сынығы.

## ТҰМАН

Боз тұман басты айлақты,
Айлақты және аймақты.
Бәріне ол
Тінтіп қарады,
Енді үнсіз
Тарап барады.

## ТАҢДАҒАНЫҢДЫ АЛ

Жеңілтек бар,
Бар ақылды,
Салмақты.
Жолықпай біз тұра алмаймыз,
Ардақтым.
Мынау қолым:
Жұдырық һәм алақан.
Ұнағанын өзің таңда,
Балақан!

## БАЛАЛАР ЖЫРЫ

О, Джанетта, Джанетта!
Айту қиын әлетте...
Аспанда бар көп жұлдыз:
Боз жұлдыз бен көк жұлдыз.
Тездігімен жарықтың
Ұшар болсаң,
Жарықтық,
Тартар кезде төте біз,
Қырық жылда жетеміз.
Ғарышкерміз қандай біз,
Ал қайсысын таңдаймыз?!

## ЖОҚТАУ

Керек емес бір адамға,
Өзгеге
Түніменен боздайды кеп боз кеме.
Қою тұман,
Қалың тұман
Түнекте
Жалғыздықпен,
Жоқтауменен түні өткен.
Сәби кеме іздеп ана-айлақты,
Түніменен мазалайды аймақты!

## ЖОҒАРЫДА

Біздің шатыр – ойыншықтар коймасы.
Қолсыз солдат,
Денесі жоқ қой басы.
Сынық мылтық,
Дөңгелексіз паровоз,
Қуыршақ қыз кірпігі ұзын,
Қаракөз.
Біздің шатыр – ескі ойыншық қоймасы,
Өте шыққан балалықтың айнасы!

## БИЗОНДАРДЫҢ КҮНІ ӨТКЕН

Әрине ғой,
Жаратылыс күзелді.
Бизондар жоқ,
Көргендер жоқ бизонды!
Бизон мұнда қалың болған киіздей.
Сау қалмаған ілінгені мүйізге.
Қалың шалғын,
Көкорай да тозады.

Бизоннан соң шыққан жердің тозаңы!
Енді, міне, жаратылыс күйзелді.
Бизондар жоқ,
Көрген де жоқ бизонды!

*Джон Чиарди*

## МИСТЕР ҚОҢЫЗ

Танысқанмын
Теңізде
Мистер
Жирен Қоңызбен.

Ұшып жүрген
Төбемде,
Бірте-бірте
Төмендеп,
Сұлап түспей
Еденге,
Құлап түсті
Легенге!

– Елеңдесең елеңде!
Зақым жоқ па
Денеңде?
Құлайтындай төменге
Не шаруаң бар
Легенде?!

Шыдамады Қоңызым,
Ызыңдатып қобызын,
– Ойбай, баттым! Хош! – деді.
Құтқара гөр, дос! – деді.

Құтқармасқа болмайды
Қолым создым,
Қолдаймын.
Шыға сала бұзылды,
Мынау содан үзінді:
«Құтқарасыз неге Сіз?
Айтқан сөзге сенесіз?!
Керек еді жүзуім,
Рекордты бұзуым!
Судан жүзіп өтерде
Қол создыңыз бекерге!
Рахмет күтпеңіз
Бірақ менен
Кетерде!
Тіпті бала жасымнан
Не кешпедім басымнан?!
Сондай қиын кездерде
Емеспін мен өзгерген.
Аян жұртқа нарлығым:
Жеңіп шықтым барлығын!
Бәрін өзім істегем,
Бәрін өзім тістегем!
Қосыл, мейлі, қосылма,
Мен Қоңызбын осындай!

## КІМНІҢ ҮШ КӨЗІ БАР?

Қай балаңыз біледі:
Үш көзі бар,
Кім еді?!
Қалған мәңгі тұрақтап,
Бір басы бар бірақ та!
Бас болғанда
Қандай бас!
Аяғыңды аңдай бас!
Келсе біреу озғысы,

Қояды ол көз қысып.
Қызыл,
Жасыл,
Сарысы...
Бәрі ақылды,
Бәрі сұм...
Бірі саған «Тұр!» дейді,
Бірі саған «Жүр!» – дейді.
«Кідір!» дейді үшінші,
Үшіншіні түсінші!

Болсаң егер трамвай,
Қалар басқа
Жүре алмай.
Егерде сен
Ат болсаң,
Қала саған
Жат болса,
Қай жерде де абайла,
Басқа сенде жоқ айла!
Бірінші көз
Өшті ме?
Екінші көз
Өшті ме?
Үшінші көз ендеше
Мәселені шешті де!

Жасыл жанған кезінде
Ағызасың өзің де.
Бағып тұрған көшені
Үш көз бәрін шешеді!

# АҒАШТЫҢ БАСЫНДА ГУЛЕГЕН КІМ?

Теңселеді қарағайдың шоқтығы.
Білсем де мен ол жерде жан жоқтығын,
– Ауу! – деймін,
– Ауу! – деймін жан-жағыма алаңдай,
Әлдекімнен жауап күткен адамдай.

Сол әлдекім естіп мені қалғандай,
Еш нәрсеге,
Ештеңеге таңданбай,
«Жүр кетелік, кетелік деп менімен!»
Ақ жейдемнің тартқылайды жеңінен.

Шақырады,
Шақырады ол неге?
Сосын атып шығамын мен төбеге.
Құйын-желік пайда болып денемде,
Содан кейін құлдыраймын төменге.

Қолын бұлғап балалықтың базары,
Көк егінді ортасынан қақ жарып,
Құйғытамыз жел диірменді бетке алып,
Демаламыз сол тұста бір тоқталып.

Шаршадым деп,
Алқындым деп налыма.
Сипап өтіп көк толқындар жалынан,
Жеткізейін көрмеген бір еліңе,
Жүр, кетейік! Жүр, кетейік менімен!

Бірақ менің келмеді де жүгіргім,
Өзімді өзім ұстап қалдым,
Мүдірдім.
Содан кейін
Сол әлдекім көк құшып,
Ақша бұлттың ар жағына кетті ұшып.

Қарағайдың шығып алып ұшына,
Ұқсадым мен жаңа қонған құсына.

Біле алдық па жаратылыс сырларын,
Кім көрсетті таулар барын,
Қыр барын?!

Бол деп келген жолдасым,
Жол серігім,
Әрекеті еді ғой Жел-серінің!

*Ленгстон Хьюз*

## ТҮНЕК

Адастырар дүниенің түнегі.
Адасарсың,
Емес бірақ үнемі.

Қараңғыда қабырғаны ұрасың.
Жұдырығың қан-қан болып,
Тұрасың.

Қамап сені тіршіліктің түнегі,
Түңілесің.
Емес бірақ үнемі.

Тас қамалға нажағайын түсіріп,
Күн келеді түнегіңді ысырып.

Ышқын!
Ышқын!
Ақырғы рет күшен де,
Бырт-бырт етіп үзіледі кісендер!

# РОЛАНД ХЭЙСТІ ҚОРЛАҒАНДАРҒА

Қорладыңдар,
Зорладыңдар әлгіде.
Сезім де бар,
Төзім де бар зәңгіде.
Әрі кішік,
Әрі жуас
Бірақ та
Солай бола бермес әсте мәңгіге!
Самал әсте білдірмейді қыжылды.
Білдіргенде
Аяқ асты бұзылды.
Биязы жел ашуланса,
Дауыл боп
Жұлып алар емендерді жүз жылдық.

# ЫШҚЫНУ

Жаны кейде шырқырайды қиыңда
Құтырынып дауылын да,
Құйын да.
Қалай жаның шырқырамас, бауырым,
Өмір бойы жарымасаң тиынға!

# ҚҰБЫЛҒАН ҒҰМЫР

Кейде тасып,
Кейде бекер ортайма!
Өмір өзі әкеледі дерт-ойға.
Бірде саған жылы-жұмсақ бұйырса,
Бірде сүйек лақтырады сол тойда!

## ТӘТТІ ҚЫС

Қалың елдің шаттығына
Қанттан салған жатты қала.
Қант үйлердің әйнегінен
Күлімдейді тәтті бала!

## БАБАМЫЗДАН

Африкадағы тас түнек
Зәулім үйлер арасында қаскүнем
Күңіренеміз көкке қарап кейде біз.
Бейбіт кезде жата алмайды Ел тыныш,
Қанымызға сіңген біздің қорқыныш.
Әлі күнге үрей толы кеудеміз!

## ТАРИХ

Теңсіздіктен
Қан құсты да
Өлді ағай.
Болашақта
Бола қоймас
Енді олай!

## ҚАҢҒЫБАСТАР

Басыңды сәл көтерер ең,
Шамаң жоқ.
Өзегіңді жалғар едің,
Тағам жоқ.

Қисаяр ең,
Жастық болар тас та жоқ.
Жылар едің,
Сығып алар жас та жоқ!

## ТЫМЫҚ

Таң қалатын ештеңесі
Жоқ деңіз.
Неге бірақ тыныш жатыр
Көк теңіз?!
Тыныштыққа,
Жақсылыққа
Жорыма!
Момындығы айналмасын
Сорына!

## ҚУАНЫШ

Ғұмыр бойы іздегенім –
Қуаныш.
Күдерімді үзбегенім –
Қуаныш.
Ән сап жүрген,
Билеп жүрген – Қуаныш.
Қиындықты илеп жүрген –
Қуаныш!
Таптым соны,
Таптым соны түбінде.
Жүк тасыған жігіт екен
Бүгінде.
Жымыңдаған күлкісі бар өңінде
Сол күлкіңді сақтаған жөн, тегінде!

# Австралия

*Иан Мьюди*

## ҚАРҒАЛАР

Туысқан ба,
Жолдастар ма,
Достар ма?
Судьяның ауласына
Келіп қонды қос қарға.

Қарға ойлады:
«Сотталғанда
Іргеде
Отыруға тиісті ғой түрмеде!»

Қарға деген,
Құзғын деген оңбаған
Бұл өлкеде
Бұрын-соңды болмаған!

Мүмкін, мүмкін
Ертеректе
Бұл маңда
Болған шығар
Біздер келмей тұрғанда!

Біле алмадым
Бұл жағдайдың төркінін
Ойда жоқта ғайып болды
Бір күні.
Аптадан соң
Туысқан ба,

Достар ма,
Әлгі жерге
Қайтып келді қос қарға.

Байқамадық,
Түсінбедік –
Аңғалдық.
Қорықпайды,
Біздер соған таң қалдық.

Тіпті олар да таң қалды ма
Бұл манда
Бір ғасырда
Қала пайда болғанға?!

## АЛТЫ ЖЕРДЕГІ АЛТЫ – ОТЫЗ БЕС

Күйіп піспе бекерге сен,
Өртенбе!
Кеше атты ма?
Бүгін атты,
Ертең де!
Ажал келсе,
Кез келген жан мерт болмақ.
Екі жердегі екі, әрине, төрт болмақ!
Мүмкін ертең,
Бүрсігүні,
Кім білген...
Өзгешелеу болса бәрі бүгіннен,
Екі жердегі екі, мүмкін төрт болмай,
Жеті болар...
Ажалды да мерт болмас!
Сонда қайттік?
Сонда қайттік?
Апырм-ай!
Бәріміз де отырамыз тақырға!

# Албания

*Спиро Чомора*

## КӨБЕЛЕК ЖӘНЕ БАЛ АРАСЫ

О, сұлу қыз –
Көбелек!
Сұралық біз
«Неге?» – деп.
Көйлектерге, Сәндігүл,
Толы ма еді сандығың?
Тым әдемі,
Тым күшті.
Кімдер тікті?
Кім пішті?
Сары қанат,
Қара мұрт
Байқап қалды жаңа жұрт.
Сондай сәтті алғаның,
Ғажап екен талғамың.
Қоғамың ба
Төлеген,
Еңбегіңді елеген?

– Жоқ, ондайға сенбегін!
Кімге керек еңбегің?
Менің орным – гүл үсті,
Ұнатпаймын жұмысты!
Жоқ жұмыстың оңғаны,
Ұшып-қонам болғаны.
Ал сен, ара,
Неліктен
Жан емессің желіккен?

Бал жиғанмен,
Тамсанып...
Жұпынысың соншалық?
Істейсің кеп,
Істейсің.
Неге көзге түспейсің?
Мүмкін, сен де,
Дұрысы,
Алаяқтың бірісің?

Мәслихат құратын,
Жауап беріп тұратын
Уақыт бізде болмайды,
Уақыт жеген оңбайды.
Саған айтқан сөз шығын,
Өзі қымбат кез шығын! –
Деді де ара кетті ұшып,
Көбелектен көп кіші...

## КӨКТЕМ

Көктем келіп,
Мұз-қардың
Етегінен жұлмалар.
Кімдер үшін мөлдіреп,
Сыңғырлайды жылғалар?

Кімдер үшін гүлдейді
Байтақ дала,
Атырап?
Кімге керек найзағай,
Күн күркірі,
Жапырақ?

– Көктем деген, балақай,
Біздер үшін келеді.
Көкірекке қуаныш
Күнмен бірге енеді.

Көзің меңен құлаққа
Дүниенің кеңі шын.
Құлын-тайдай бұлақтар
Сыңғырлайды ел үшін.

Найзағай да – бәрі де
Бір-біріне жарасқан.
Көктем көктем бола ма,
Күркіремей қара аспан?!

## ӨРІМ ТАЛ

– Өрім тал-ау, өрім тал,
Бұтақтарың көбейсін.
Барымтаға қарымта.
Ерке желге не дейсің?
– Ұйысады бұрымым,
Көтерме шаң,
Тозаңды.
Ұрынбасқа ұрынып,
Ала берме мазамды!
Мен көркімін ауылдың,
Өрім талмын өсершіл.
Сен – ұрпағы дауылдың,
Еркесін де есерсің!
Сыйлағаның, сенгенің
Кетер кейде жылатып.
Ойнаймын деп,
Сен мені
Алып жүрме құлатып!
Құтты болсын қонысым,
Тамыр тартып
Есейіп,
Жұмырланып,
Толысып
Биіктейін,
Өсейін!
Жоғарыда,

Төменде
Лайықты мақтауға
Айналайын еденге,
Айналайын жақтауға.
Ел қызығар керемет
Орным тауып қоғамда,
Айналайын сөреге,
Айналайын вагонға.
Ел аралап, жер кезген
Жас тұлпардай ойнақтап,
Мықты болсаң,
Сол кезде
Меніменен ойнап бақ!

## БАЛ

Айтайын бір елге сыр:
Бал дегенің көл-көсір
Шайтабаққа құямыз.
Қалғандарын –
Айта ғой –
Қай табаққа құямыз?
Бал бар жерде жоқ тою
Қоп-қою-ау,
Қоп-қою!
Сыймағанын ыдысқа
Керек тез-тез жеп қою!

– Сары алтынға малынған,
Балауызға жабылған
Бал арасы,
Көнекей,
Әкел бері балыңнан!
Қимасаң да қиясың
Тостағыма құясың! –
Дедім дағы,
Араның,
Ашып қалдым ұясын!

Ұнатпады мұнымды,
Ниетімді ұғынды.
Ә дегенше
Жабылып
Қағып алды жынымды.

Тәттіге шын дәндегем,
Сұрама, дос, хал менен,
Оны-мұны ауруды
Емдемек ем балменен.
Бірақ маған сенбеді,
Тәртібімді жөндеді.
Шаққанынан араның
Жүрмін енді емделіп!

## ЗӘЙТҮН

Ағады өзен, қарашы:
Лықылдап толып арнасы,
Гүлдеді зәйтүн ағашы
Қалғандай аппақ қар басып.

Толықсып сосын жатты маң,
Жуынып жылы жауынға.
Айнала гүлдер – ақ тұман –
Төгілді кейін сауылдап.

Қуаныш-бақыт осы ма?
Зәйтүннің бәрі төбемде.
Қол жетпей ағаш басына,
Торуылдаймын төменде.

Шайқалса шалғын самалмен
Сасамын,..
Бірден бұғамын.
Қол жетпей қойса,
Амал не?
Баспалдақ қойып шығамын.

Шығамын,
Биік шығамын.
Содан соң қолға түсірем.
Зәйтүннің майын сығамын,
Сығам да құймақ пісірем!

## ТЕҢІЗ

Танысалық:
Теңізбін:
Аспанменен егізбін.
Менде кеме көп болар,
Ізім-ғайым жоқ болар.
Қайықтарды қаңқадай
Шағып берем жаңқадай.
Ұстаса сәл қаһарым, –
Жағадағы шаһарың
Төтеп бермей тасқынға,
Қалар толқын астында.
Бірақ тыныш кезімде
Жайдарымын өзім де.
Жатқан тегіс жазықпын,
Мүләйіммін,
Нәзікпін,
Момақанмын,
Қозымын,
Рахаттың көзімін.
Ондай кезде кемелер
Айдыныма кенелер:
Әрлі-берлі ағылар,
Дүние де табылар,
Жүктерің де тасылар,
Құшақтар да ашылар.
Ата-ананы,
Ағаны,
Кейде бала-шағаны
Ұзатып сап айлақтар,
Күтіп алар аймақтар.

Ауыменен, торымен,
Артығымен,
Қорымен
Балықшылар көнігі
Алып шығар балығын.
Аспан да мәз –
Күн көшіп,
Адамдар мәз –
Селбесіп,
Балықшылар су кешіп,
Балақайлар құм кешіп!

## БҰЛТ

Қара бұлттар,
Дүркіре!
Көк көшкендей,
Күркіре!
Күркіре де
Дүркіре!
Дүркіре де
Сіркіре!
Алтын егін найқалар,
Жер байлықтан шайқалар.
Бәрін наубай ысырып,
Мыналарды пісіріп:
Аппақ болып телпегі
Бауырсағын,
Шелпегін,
Жұқа нанын қабықтай,
Жұмсақтауын мамықтай,
Шекер қосқан дәмдісін,
Өрнектеген сәндісін,
Үлкені мен кішігін,
Мысығы мен күшігін,
Тышқаны мен...
Масқара,
Не деп кеттің,
Ашқарақ!

# ҚҰМЫРСҚАЛАР

Құмырскалар,
Құмырсқалар,
Жұмыспенен
Күн қысқарар.
Тыным жоқ-ау
Өздерінде,
Қызып алған
Кездерінде
Тасисыңдар
Көрінгенді.
Білмейсіңдер
Ерінгенді.
Нұрын сеуіп
Күн де аялы,
Илеулерің ұлғаяды;
Бұл немене?
Қала ма, ел ме?
Ішінде оның
Он мың бөлме.
Қайткен бөлме?
Неткен бөлме
Білмейді оны
Шеттен келген.
Мен сендерді
Көремін де,
Ойланамын:
Керегім не?
Біз оқушы
Атанамыз.
Күнде барып,
Не табамыз?
Кемдігім бір
Осы менің:
Анда-санда
Кешігемін!

## МАҚТА

Асығыс па?
Баяу ма?
Жаз өтеді таяуда.
Қалдым біраз есейіп.
Мәселені шешейік.
Бәрімізге керегі –
Мақта...
Соны теремін.
Мақта болса, жіп болар,
Жіп пенен жіп жұп болар.
Жіп бар жерде мата бар,
Тіксең – киім атанар.
Қилы-қилы бұйым бар.
Қилы-қилы киім бар.
Сол киімнің көкесі –
Штан киіп өтесің,
Маған нағыз керегі –
Осы штан дер едім.
Түсінетін жандарсыз,
Қиын екен...
Шалбарсыз!
Секірем деп шарбақтан,
Іліккенмін қармаққа.

## АНАШЫМ

Кім мен үшін
Жыл санайды?
Жыртығымды
Кім жамайды?
Кім мен үшін
Шаттанады?
Жер түбіне
Аттанады?
Кім береді
Дәмді тағам?

Ондай жанды
Қайдан табам?
Кім аймалап,
Кім аяйды?
Кім мен үшін
Мұңаяды?
Әрине, анашым!

## САҒАТ

Сағат: «Тық-тық!
Тық-тық! – дейді. –
Біз уақытты
Ұқтық! – дейді.
Киін! – дейді,
Киін! – дейді.
Күтер бақшаң,
Үйің! – дейді.
Тұр-тұр! – дейді, –
Тұр, балақай!»
.....................
Жексенбі ғой,
О-ой, алақай!

## ҚАР

Жапалақ қар,
Армысың?
Дүниеде бармысың?
Қысқы дала тәуелді,
Жау, жау енді!
Жау енді!
Ұзақ уақыт қалықтар,
Жау, жау енді,
Мамық қар!

Жау, жау енді,
Ұлпа қар!
Ішік киіп бұталар
Ақырын жау,
Асықпа!
Маяларды басып қал!
Бір қар қарға ұласқан
Жылы біздің класта,
Және сондай жап-жарық.
Жарқын достар ажары.
Бар әркімнің сабағы,
Жел терезе қағады,
Жел дегенің мықты күш
Бірақ, бірақ,..
Тып-тыныш!

## ҚАРЛЫҒАШ

Көктем лебімен,
Жаңбырлы көгімен,
Қарлығаш, күтеміз.
Жабағы түтеміз.
Жүн салып, мамық сап,
Сені ойлап, қамықсақ,
Ұяңды дайындап,
Көкек айында
Күтеміз сені біз,
Күтеді еліміз.
Демейміз өгейсің,
Сен оны елейсің...
Қайшы құйрықты
Қарлығаш көбейсін!

## БАЛАПАН ҚОРАЗ

Кеше кеште,
Ымыртта
Тапты тауық
Жұмыртқа.
Жұмыртқаның көкесі,
Сопақтау бір шекесі.
Қораз ба өзі?
Шымшық па?
Ертең бұдан кім шықпақ?
Өзі сондай жайдары,
Қызыл күрең айдары,
Биік дуал қонағы,
Сірә, қораз болады.
Болса,
Соны тыңдаймыз.
Енді ұйқтап қалмаймыз!

## МАМЫР ЖЫРЫ

Оятып бар тамырды
Өзі келді мамырдың.
Әрі шуақ,
Әрі әсем,
Көзің сүзіп қара сен.
Шағады деп қалақай,
Қорқа берме, балақай!
Шыбын-шіркей немене?
Қуу керек көбелек!
Бірақ ойнап,
Лепіріп,
Жарқабақтан секіріп
Жүрген кезде абайла:
Көктегі Күн – ағайға
Өкшең тиіп кетпесін!
Айтып жүрер өкпесін!

## ҚУЫРШАҚ

Қуыршағым,
Олақтау ем...
Сағат бесте
Қонаққа кел!

– Бәрі де есте,
Бәрі де есте.
Бара алмаймын
Сағат бесте.

Көтермеймін
Ойынды да.
Жұлып алдың
Мойнымды да.

Қалды солай
Мойын қараң,
Бассыз енді
Қалай барам?!

## БАЛА МЫСЫҚ

– Не алып кеттің, мысығым?
– Семіз торай сүбесін!
– Тыққаның не, пысығым?
– Шұжық деген үлесім!

– Кетгің кімді қатырып,
Құдайынан безінген!
– Тек уақытша, батырым,
Ұрлап алдым өзіңнен!

## АЯЗ АТА

Көре алмайсың ауылдың,
Ойы түгіл, қырқасын:
Үйде жылы болғанмен
Сыртта сұмдық бұрқасын!
Бір төбеден бір төбе
Үсті-үстіне туындап.
Уақыт жалын сипатпай
Өтіп жатыр зуылдап.
Қалғып кетсем,
Қарамай
Қасымдағы кісіге.
Аяз ата ақ қырау
Кірді менің түсіме.
Қолына алып дорбасын
Сүйеп қойып таяғын,
Босағадан аттады
Көтеріп оң аяғын.
Содан кейін ілінді
Жоғарыға малақай.
– Жаңа жылың, – деді ол, –
Құтты болсын, балақай!
– Аяз Ата, жыл бойы
Күттік сізді сарғайып.
Сізден сыйлық дәметсек,
Онымызда бар ма айып?!
Оңайлықпен таптырмас,
Әрқайсысы марқалық
Альбом толы кәдімгі
Келдіңіз бе марка алып?!
– Марка деген немене?
Сөз болып па сол-дағы?
Сыйлығыма қара сен
Оңдағы һәм солдағы.
Ағайындар көп іздер
Таулар,
Баулар,
Теңіздер,

Ең әдемі саналар
Ғимараттар,
Қалалар.
Көргісі кеп аландар
Түбек,
Бұғаз,
Аралдар,
Керек десең,
Ал енді
Бүкіл байтақ әлемді
Алып келдім,
Қабылда!
Болашақ сен жағында.
Бұған қоса бақыт бар,
Ерлік және уақыт бар,
Ақша бұлт бар,
Аспан бар,..
Ештеңеден саспаңдар!
Сенсең бөрік,
Ішік бар,
Сосын әлгі...
Күшік бар!

## ТҰСАҚ

Құлағыңа ақырын
Сыр айтайын,
Батырым.
Қатар едік күнінде,
Тұсақ болдың бүгінде.
Іздеп келсем,
Елер ме ең?
Сыйлық-мыйлық
Берер ме ең?
– Таң атады заматта
Тұрамын мен таң атпай.
Ырысыңмын,

Құтынмын.
Қаймағын ал сүтімнің!
– О, Қозыгүл!
Қозыгүл!
Нағыз қойдың өзі бұл!
Құмар емен
Сүтке мен.
Басқа жауап
Күткен ем.
– Үстіндегі қырқаның
Қойдың бәрін қырқамын.
Содан
Іші үядай
Тоқып жылы биялай
Сыйлаймын мен бәріңе:
Жасың менен кәріңе
– Ыразымын сыйыңа!
Енді құйып миыма
Ақыл-кеңес бере кет,
Қандай болмақ қаракет?
Көрісі бар,
Жасы бар,
Тақырбасы,
Шашы бар
Ұлдары бар,
Қызы бар,
Болу үшін қызығар
Не істеу керек досыңа?
Жауап берші осыған.
– Тиер мүмкін сауабым,
Берем оның жауабын:
Кешпеу керек шалшықты,
Баспау керек балшықты.
Үстіңе кір жуытпа.
Жұқа жүрме, суықта.
Тұра сала жуынғын,
Жұмыс істеп жылынғын.
Ең бастысы, өкпелім,
Мазалама көп мені!

## *Аргентина*

*Бальдомеро Фернандос Морено*

### СӘРІ

Тыныштық құлыпта,
Таңдағы тымықта
Жалаңаш жұлдыздар
Сүңгіді тұныққа.

### ТОРҒАЙЛАР

Торғай!
Торғай!
Көбейдің.
Жыртыңыздар көмейді.
Оқулығымды лақтырсам,
Оқытушым не дейді?!

### ШАҒАЛА

Шағалалар желікпе
Айналған бір бөлікке:
Ақ толқындар лақтырған
Бір уыс ақ көбікке!

## ТАЛ МЕН ТЕРЕК

Көзіңді сүз,
Тыңда тыңда!
Мың құбылыс,
Мың тұлға:
Тал төменге төгіліп,
Терек көкке ұмтылған.

## ОЙЫНШЫҚТАР

Жылқы, аққу, құмай де
Автомобиль былай көп...
Ойыншықтан жалықсақ,
Ойнаймыз біз Күн, Аймен!

## ПЕЙЗАЖ

Бірте-бірте барады ауып екінді.
Шайқалады сары бидай кекілді.
Қараганга
Жел диірмені жолдағы
Зыр айналған бір қалбағай секілді.

***Рауль Гонсалес Туньон***

## КӨҢІЛДІ ЗӘҢГІ

Қара десең қап-қара,
Арық десең ап-арық.
Айтқаныма сенбесең,
Көрсетейін апарып.

Алақаны қалақтай,
Табандары күректей.
Қиындықтың бәрін де
Қарсы алады дір етпей.
Өзі тұттай жалаңаш.
Түгі де жоқ,
Түгі жоқ.
Үйден үйге ауысса,
Таситұғын жүгі жоқ.
Ата-анасын білмейді,
Баласы жоқ,
Жары жоқ.
Сау кезінде тамағы,
Ауруында дәрі жоқ.
Қайғырмайды бірақ та,
Күледі де жүреді.
Жұмыс берсең,
Жиренбей
Білегін ол түреді.
Қандай жұмыс болса да,
Жырлап жүріп істейді.
Кетер болса қиналып,
Тек ерінін тістейді.
Мұңайғанды сүймейді,
Қайғырғанды сүймейді.
Қолы босап кеткенде
Саусақтары билейді.
Саусақтары ойнайды
Жұмыс қызған уағында.
Ойнамайды бірақ та
Гитарада,
Дабылда.
Ойнайды оның саусағы
Бәтіңкені тазалап.
Қабағын бұлт баспайды,
Көңілді бір азамат.
Түгім жоқ деп жүрмейді,
Көздің жасын тамызып.
Үйі де жоқ,

Күйі жоқ,
Жоқ шайнайтын сағызы!
Бірақ та ол көңілді,
Сүйеді ол Өмірді!

## КЕЗБЕЛЕР ЖЫРЫ

Кезбе достар, кеш деме,
Ерте деме, дүрлікпе!
Жетпейді ғой ештеңе
Қамсыздыққа тірлікте!
Бәрі, бәрі далбаса!
Бәрі бізді алдады.
Азап қана болмаса,
Бір де қызық болмады!

Бәрі, бәрі далбаса.
Бәрі бізді алдады.
Үміт қана болмаса,
Енді ештеңе қалмады.

Зәулім үйлер тұрғызған
Бізге назар салмады.
Жымыңдаған жұлдыздан,
Басқа ештеңе қалмады.

Ерте деме, кеш деме,
Қонбайды бақ қонбаса.
Бұйырмайды ештеңе,
Жетім мола болмаса!

Енді үмітпен қалды ма?
Жоғалады қарамыз.
Құдайдың да алдына
Бір-ақ рет барамыз!

# Бельгия

*Морис Карем*

## САЛИҚАЛЫ САНАМАҚ

Біреу, екеу,.. Бұл күнде
Бәрін тізу мүмкін бе?!
Жасыл, сары, алқызыл,
Жусан, көде, жалбызың,
Қала, дала, өзен-көл,
Қырат, қырқа, кезең бел.
Ұшақ, авто, қайық тұр,..
Соғыс, кәне, тайып тұр!

## БҰҒЫ

Есік аштым елеңдеп,
Бұғы тұрды төменде.
Құлағыма сенбедім,
««Қайырлы күн!» дегенде.

Ұйқыменен дос еткен
Бүршік атты төсек те.
Әнші құстар қаптады
Тұрғандайын есепте.

Буфет іштей күбірлеп,
Айналды үстел түбірге
Тиін шамға асылып,
Бұғы тұрды дігірлеп.

Қой, бармалық әріге,
Тұра алмаспыз сәріде.
Не демейді ертегі,
Сене берсек бәріне!

## КӨЖЕК ПЕН ҰЛУ

– Ұлу, ұлу! Хан сарайын көрелік,
Жүр менімен, бір кеш билеп берелік!

– Той деген не? Шығарады ол есті.
Ғұмыр бойы билеген жан емеспін.

– Құжырań не, хан сарайы тұрғанда!
Таста оныңды! Жүр, бекерге бұлданба!

– Құжырамды тастай алман! Ол менің
Бір жағынан киіп жүрген көйлегім!

– Солай ма еді?! Отыр онда желкеме!
Менен жүйрік жоқ осынау, өлкеде.

– Жоқ, бармаймын! Құжырамнан безінбен.
Бақыттымын осы араның өзінде!

– Кесірткеге нағыз жұмақ Қарақұм,
Қош бол, Ұлу! Мен асығып барамын!

– Қош бол, Көжек! Күтер онда қырсық іс.
Құлағыма жеткен менің бір сыбыс.

– Кездесемін тойда талай туыспен.
Шұғылданар уақытым жоқ сыбыспен!

– Сол сыбысың қойған бөрін мәлімдеп,
Түлкі дейді... Жүргендерің ханым деп!

# ҚОДЫҚ

Құйрығына түйе тікен жабысқан,
Қодық өсте келе жатыр алыстан.
Бір жығылып, көтеріліп құлағы,
Қасындағы шешесінен сұрады:

– Мама! Мама! Ертең сендей ел кезіп,
Тап осылай тасимын ба мен де жүк?!
Ертелі-кеш тектен-текке зеріккен
Келеді ызам кісілерді көріп мен,

Күн қақтаған терісінде басқа жүк
Жоқ олардың,
Жатыр, әне, бос қажып.
– Олай болса көз алдымда жүдер ең.
Жоқ, көкешім!
Сені оқуға жіберем!

Содан кейін
Баспаған жан баласы
Кереметтей бір көк шалғын табасың.
Кешіп жүріп қымыздығын,
Жуасын,
Таңғы шыққа тұяғыңды жуасың.

Сонда сенің сауырыңды киелі
Ай мен Күннің нұры ғана сүйеді! –
Болмас деймін бұған жанның таласы.
Есек дейміз,
Есектің де анасы, –
Бір-бірінен ажыратпан,
Айырман, –
Дүниеде барлық ана мейірбан!

## ЫҚШАМДАЛҒАН ДҮНИЕ

Ұшу үшін аспанға жоқ қанаттың керегі,
Ұшпай-ақ та мен өзім жерді түгел көремін.
Керек емес кеме де, керек емес желкен де,
Емін-еркін жүре алам оларсыз да өлкемде.
Жер дегенің барынша кішірейген бүгінде.
Шетсіз-шексіз екен деп баяғыша жүгінбе.
Баратұғын еліне жету жеңіл құстарға,
Жырақ жерлер жақындап, ұзын жолдар қысқарған.
Солай дейді құмырсқа бірін-бірі құптасып,
Илеуінің жанында өрлі-берлі жүк тасып.

## ҚУАНЫШ

Қуаныш шақырғандай тойға алашты
Көңілдің терезесін айқара ашты.
Шұғыла деп қуанды үйеңкіңіз
Асылған иығыма күйентеңіз[1].
Қоян мөз қасқырыңды үркіттім деп,
Қуанды Шымшық бүгін бүркітпін деп.
Балалар жер жүзіне жар салады,
Күймесін қуаныштың қарсы алады.
Көңілдің көк дөнені ала қашты,
Қуаныш терезесін түгел ашты.

## КОРОЛЬДІҢ ОРАЛУЫ

Басында телпек,
Аяғы келтек,
Соғыстан король оралды.
Әндетіп бірге
Қалаға кірген
Сарбаздар гүлге оранды.

---

[1] Күйенте – иінағаш

Кигені жібек,
Қайтадан түлеп
Әйелі оны қарсы алды.
Көргеннен ерін,
Ұмытып шерін
Жарқылдап күліп ән салды.

Кигені шарық,
Әншең бір ғаріп
Қарсы алды бимен ақ таңды.
Қуанып жүрген
Елменен бірге
Корольдің өзі шаттанды.

Жылаған бала,
Шулаған қала
Бұл күнге жетіп жұбанды.
Аяғын беріп,
Жеңіліс көріп,
Қайтқанға король қуанды.

## ШЫРЫЛДАУЫҚ ШЕГІРТКЕ

Байлықтан емес семірткен,
Тірліктен емес таудағы...
Өзгертпек болды шегіртке
Пәтерін және ауданын.

Мұндайда әсте жарлының
Жоқтықтан іші күйеді.
Жиһазы, мүлкі – барлығын
Арбаға түнде тиеді.

Жоқтыққа бірақ не шара!
Кедей ол қайда бармасын.
Асығып жүріп бейшара
Аударып алды арбасын.

Жолама, ойбай! Жолама!
Білесің түнде кім мықты.
Жырткышта ұят бола ма,
Жапалақ оны қылғытты.

Бақытты десең иланам
Мұндайды бастан кешпеген:
Шегіртке болып тумаған
Баспана іздеп көшпеген!

## ПИНГВИНДЕР

– Пингвиндерміз,
Тоңамыз:
Сүбелі, семіз болсақ та.
Қанатымызды соғамыз
Адамдар құсап қол соққан.

Шығамыз мұзды өріске
Жыл бойы ақ қар жауғанда.
Аулақпыз ұрыс-керістен,
Аулақпыз өсте даудан да.

Ығына мұздың қонамыз,
Жаратқан бізге мұз берген.
Соғамыз десек соғамыз,
Жетеді қанат біздерде.

Сүйектен өтіп жел деген,
Кетеді кейде мазамыз...
Жатпаймыз біздер пендеге,
Пингвиндерміз –
Тазамыз!

## СИҚЫРЛЫ АЙНА

Кемеңгер
Айна жасады
Ішіңдегіңді көрсетер.
Осыдан жаман сасады
Шошқалар өсте қорс етер.

Бірінен-бірі жеріңді,
Қамалға тықты апарып.
Айнадан өйбат көрінді
Қасқырдың өзі ап-арық.

Басталған,
Қызған,
Қайнаған
Тоқтатып қойып істерді,
Өзі жоқ,
Король
Айнадан
Кәдімгі жыртқыш құс көрді.

Айнаның сонда жайнаған
Талқаны шықты өп-сөтте:
Қорқады ондай айнадан
Сарайдағылар, әдетте!

## БОСТАНДЫҚ

Нұрына күннің
Бол ғашық.
Бір уыс күнмен
Жолға шық.

Арман бар,
Жел бар,
Саспағын,
Кідірме,

Ғұмыр –
Қас қағым!

Асулар қанша
Аспаған,
Аяғы елдің
Баспаған?!

Өткенді қой да,
Толға жыр.
Алысқа қара,
Алға жүр.

Жүдеме жолда,
Арыма.
Түк алмай қолға,
Жарық ал!

Өлең айт жолда,
Тырыспа.
Қолыңа жарық –
Нұр ұста!

## БІР КҮНІ

Жоғалтты ол көлеңкесін бір күні,
Жанарында тұрды жасы іркіліп.

Жоғалтты ол көп кешікпей басын да,
Байқамады жүрген жанды қасында.

Таң атқанын, әлде күннің батқанын
Білмейді ол, қайда бара жатқанын.

Басы жоқтың көріне ме ірені?
Бастан кейін жоғалтты ол жүрегін.

Болмады ешкім жол сілтеген тоқталып,
Буырқанған өмір селі кетті алып.

## НЕГЕ БҰЛАЙ

Қандай таңның ауасы,
Кетердейсің тау асып!

Жаңбырлы күн қинайды.
Жүрекке мұң сыймайды.

Кетер болса күн ысып,
Тарылады тынысың.

Ай сәулесі сүйкімді
Қашырады ұйқыңды

Күндер өстіп өтеді,
Неге мазам кетеді?!

## ШАБАҚ

Міне, солай жат енді,
Алмай жұрттың мазасын.
Бір жіберген қатеңнің
Тартудасың жазасын.

Ақыл айтып кезінде
Опа тапты ұрсып кім?!
Шынында, сен өзің де
Барып тұрған қырсықсың.

Шалқарың жоқ шалқыған,
Жетпейді енді ауа да.
Қызыл шоқта балқыған
Ал шорши бер табада!

## ЖҰМАҚТА

Қалам шіркін жүр жазбай,
Қайнағанмен ой іште.
Жолым түсіп бір жазда
Барып қайттым бейішке.

Қайтіп, қалай барғаным
Есімде жоқ,
Ұмыттым.
Көрдім жұрттың арманын,
Ғажап бағын үміттің.

Сондай еді елі іші.
Ел мен жұмақ егіздей.
Алтын масақ егісі
Толқиды екен теңіздей.

Сыбызғының сазына
Жайылған мал елтиді.
Айтқандайын базына
Жібек самал желпиді.

Қызығып көл құсына,
Жүйрік көңіл желеді.
Ұзын жолға түсіп ап,
Жүре бергің келеді.

Шалдеп тұрып шай ішкен
Адамдайын қанбайсың.
Отаның ба, бейіш пе,
Ажырата алмайсың!

## МЫЛТЫҚ

Тек әшейін ермекке,
Жай қызығын көрмекке
Мылтық алды,
Атпады,
Қындағында сақтады.

Мылтық сатып алдың ба?
Салмас жерге салдың ба?
Бермей босқа табына,
Шығар оны қабынан:

Шығарған соң қабынан,
Көрсін өзі бағынан.
Жараспас құр жатқаны,
Дұрыс көкке атқаның.

Алатының ұпай ма?
Құр атқаннан не пайда?
Сирек атсаң, сирек ат,
Ең болмаса, үйрек ат.

Тек қызығын көрмекке,
Құр әшейін ермекке
Мылтық алды,
Аң атты,
Тышқан мұрнын қанатты.
Анда-санда құс атты,
Ақырында, кісі атты.

## АҚША БҰЛТ

Құдайындай көретін,
Ақша бұлтқа сенетін.
«Мұның енді балалық.
Не болмаса – шалалық!»

Десең, дайын жауабы:
«Сенімнің бар сауабы:
Күнге сенер өсімдік,
Бұлбұл алар есінді.
Бала ойынға құмар да,
Өмір сенер мұнарға!»

## КЕЗДЕРІМДЕ ҚҰС БОЛҒАН

Алма болып пістім де,..
Құс кезімде ұштым мен.
Тышқан кезде кеміpдім,
Шегіртке боп семірдім,
Кім болсам да бәрібір,
Таныр мені көрі қыр.
Толған туыс айналам.
Енді кімге айналам?
Кім болсам да, батырым,
Жіберемін қатырып!

## ЖАСЫРАТЫН НЕСІ БАР?

Жасыратын несі бар,
Байдың бітпес үлесі бар.
Ал жарлыға елде өскен
Дәмсіз тамақ һәм бөстек.

Қорламайды байынды,
Білмейді олар уайымды.
Көктем өтер, күз өтер
Кірпік ілмей күзетер.

Дайын киім, дайын ас.
Оңайлықпен байымас.
Біреулерді алдамай,
Бола алмайсың зәуде бай.

Көрем десең, көре кет,
Дастарқаны керемет.
Жүрер жаның құлазып,
Көз сүзбеген ләзім.

Көзің сатып қарама.
Қолындағы қара нан
Келген таза еңбекке
Сол дәмдірек, әлбетте!

## БӘРІБІР ЕМЕС ПЕ?

Соқа жыртты қалған жерді құрғап-ақ,
Еш көмексіз берді тырма тырмалап.

Тұқым сепкіш тұқым септі көмексіз,
Күдікпенен қарайсыз ғой, демек, Сіз.

Кімдер оны орып алды кезінде?
Қанша сұрақ ауыр тиер сезімге!

Кімнің соны білгісі кеп тұр дейсіз.
Ол да, Сіз де – барлығыңыз бірдейсіз.

Тасқын мен өрт, неше түрлі қызықтар,
Дүниеде қанша шатақ, бұзық бар.

Не боп жатыр айналада, қоғамда?
Газет оқып біледі жұрт вагонда.

Сөреде нан, оны ойлайтын кісі жоқ,
Кімдер жыртты, кімдер септі – ісі жоқ.

## АҒАШ АЯҚ

Соғыстырған алдап-алдап:
Ағаш аяқ, қолда балдақ,
Ақиқатты біледі ептеп,
Оңай емес мүгедекке.

Қанша мәрте қарманды олар.
Бәрін жиса, орман болар.
Тізіп қойсаң, ел көреді,
Бүкіл жолды көмкереді.

Майдан болған мекендерге
Қадар болсаң, бөтен көрме.
Қадар болсаң, армандасым,
Кетер жерді орман басып.

Суарсаңдар, көпке сеніп,
Көздің жасы жетпес еді.
Қанша өссе де, болмас артық,
Кете алмайды тамыр тартып.

## ЖАН-КӨЖЕК

Кітап жазу – дәреже,
Шықты үйінен Жан-көжек.
Күтіп отыр ел тынып,
Кірді ол залға ентігіп.
Жиналыпты аң құстар,
Жыр тыңдамақ байғұстар.
Жырқұмардан қорқа ма?
Көжек ақын ортада.
Күн жөнінде жазған ол,
Гүл жөнінде жазған ол.
Қыз көжектер қақында
Жазу сөз бе ақынға?!
Әдемі екен тақпағы
Жиналған жұрт мақтады.

Жыр мен сыйлық егіз бе?
Тойдырды оны сөбізге!

## КӨРДІҢ БЕ, СЕН?

Көрдің бе, сен, киелі
Қанаты бар түйені?

Сәні болар төрдің де
Сері қабылан көрдің бе?

Көрдің бе, сен
Қауіпті
Кісі жеген тауықты?

Кенгуруды ән салған
Көрдім десең,
Тамсанбан.

Қалпақ киген бегемот
Көрмедің бе? Көре кет!

Көрмедің бе? Какаду
Қорыққанда атады у.

«Көрдің бе?»– деп тергедім...
Мен өзім де көрмедім!

## БҮРГЕ ЖӘНЕ ПІЛДІҢ БАЛАСЫ

Піл баласын отырғызып арбаға,
Бүрге сүйрей жөнелгенде
Бар қала:
Дірілдетіп пәтерлерді,
Кеңсеңді,
Жер қозғалып,
Ғимараттар теңсел[illegible]

– Бір іс болды бұрын-соңды болмаған,
Не десем де сенбейді ғой ел маған.

Өңі қашқан, құты қашқан бәрінің:
Баланың да, ананың да, кәрінің
Сонда да олар еш нәрсеге сыйынбай.
Бүрге жүйрік ағып өтті құйындай.

– Аппақ тозаң! Түк көрмейсің даладан,
Бәйге болып жатқандай бір аламан.

Кенет дуал. Быт-шыт болды күймеңіз.
Деді Бүрге: «Келіп қалдық үйге біз,
Сәл-сәл ғана, сәл-сәл ғана жаңылдық.
Жаңылдық та, тозаң болып қағылдық».

Қызық көрдік бұрын-соңды болмаған
Не десем де, сенбес енді ел маған.

## ЖАСЫЛ ҚҰРТ

Жап-жасыл құрт, жасыл құрт
Жер бетінен көшпесін.
Жап-жасыл құрт, жасыл құрт
Қыс киімін шешпесін:

Жапырақты қылғи ма?
Қиып жүрер жасыл құрт.
Көз әйнегін ылғи да
Киіп жүрер жасыл құрт.

Дұшпан түссе көзіне
Табады бір лажын.
Жазып-сызып тезірек
Үйренгені ләзім.

Әрлі-берлі өткенде
Самал оны аймалар.

Енді аз күнде –
Көктемде ол
Көбелекке айналар.

## ҰЛУ

Ұлу, үйің үстінде,
Ұқсамайсың мүскінге.
Түк істемес қасың да:
Ата-жауың, жасың да.
Ештеңе жоқ алаңдар
Бірге жылжыр панаң бар.
Қайда барсаң – үй сонда.
Бірге – қайда қонсаң да.

Қыста, жазда, күздерде
Тыныштық жоқ біздерге.
Құштармын гүл теруге,
Орман, бақты көруге,
Айлы түнгі даланы,
Тауда туған баланы,
Өзен-көлге түсуге,
Бұлақ суын ішуге.

Сүйреп жүрер үйіңді
Ұлу болған тиімді!

## МЕН ЫРЗАМЫН

Желпіп өтсе самал жел,
Қуанамын мен соған;
Жаңбыр жауса, нұр жауса,
Қуанамын мен соған.
Қуанамын, құрдасым,
Жүргеніңе жер басып.
Ортайтпасын құдайым
Қуаныштың дорбасын.

Қуанғаннан гүлдеймін,
Қуанғанда күндеймін.
Кейде неге қуанып
Жүргенімді білмеймін.

## МІШІМ ЖӘНЕ КҮН

Сығырайтып ақырын
Көзін ашты мішімім.
Оған сонда ақыры
Кіріп кетті кіші күн.

Енді жарық мол кезде,
Жатпады ол тынығып.
Жарқырайды сол кезде
Күннің екі сынығы.

## ДИІРМЕНДЕ ТҰРАТЫН МЫСЫҚ

Диірмендегі дәу мысық
Аузына ет алмайтын.
Кампотыңды тауысып,
Жұмсақ нанды жалмайтын.

Ал тышқандар қаптаған
Жүреді ылғи қастық қып.
Олар жейтін тек қана
Диірмендегі астықты.

Ет қосылып етіне,
Семіргеннен бұл күнде
Ұқсап кетті шетінен
Бауырсаққа үлпілдек.

Сол тышқандар дандайсып,
Бөрін ұмытты қағынып.
Тышқан қайсы, нан қайсы
Қалды мысық жаңылып...

# ҒАЙЫП БОЛҒАН ҚҰСТАР

Әнші құстың алған кезде есебін,
Бірнешеуі кем боп шықты деседі.

Кем боп шықты екі торғай,
Бір шымшық.
Дей алмаймын құрығаны
Құрысыншы!

Әрине, олар ұшып-қонып ойнады.
Айды айналып қайтамыз деп ойлады.

Көк аспанда жол көрсетер жан жоқта
Ол үшеуі лағып кетті бір жаққа!

Қонар жері орман болар,
Шөл болар.
Адасса да оралады Елге олар!

Оралады,
Толады әлі санымыз.
Өйткені әнсіз әдемі емес таңымыз!

# Бенгалия

*Рабиндранат Тагор*

## КҮДІКТІ ТУЫС

Бос дорба
Әбден шерменде
Қалың қалтаны
Көргенде.
«Өзара бекер суысқан
Боламыз біздер туысқан!..»
Деп еді,
Қалта күрсінді.
Өзінен-өзі қымсынды.
«Ақшасыз болсам егер мен,
Сен мені туыс көрер ме ең?!»

## ЕБЕДЕЙСІЗДЕУ АЯҚ-АЙ

«Ебедейсіздеу аяқ-ай,
Сүріншек қалпың баяғы!
Таныдым көріп түріңді,
Тағы да міне сүріндің!»
«Алдымен жүрген ірілер
Бір емес, талай сүрінер!»

## КҮННІҢ ЖАУЫ

Үкі айтты:
«Сен қалайша білмедің?
Ата жауым Күн менің!»

## ЕСЕКТІҢ ЕРЕКШЕ ПІКІРІ

Адам суды тіршілікке теңесе,
«Лай су!» деп кекіренді көк есек!

## ЖҰМЫС ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС

Жұмыс пенен демалыс
Туыс деңіз.
Қас пен қабақ секілді
Олар да егіз.

## ЖЕР ЖҰМАҒЫ

Оң жағалау айтады,
Ойға шомып әр уақыт:
«Сол жағада яки
Арғы бетте бар бақыт!»
Сол жағалау айтады:
«Оң жағада яки
Арғы бетте бар бақыт!»

## ЕРКІНДІК

«Менің жолым сайлаулы,
Білем одан таймауды. –
Деді Жебе – Ал Садақ
Адырнамен байлаулы!»
«Сен қайғырма мен үшін,
Біледі ғой Ел іші.
Мен байлаулы болмасам,
Жүрер ме едің сен ұшып?!»

## ЖАҢБЫР ҚҰРТЫ БАҚТАҒЫ

Жаңбыр құрты бақтағы
Қара жерді даттады.
«Лассың!» деп сөккені
Ірежітпес тек мені.
Айтты деме асыра,
Келем сені асырап!
Қоймасаң бұл сөзіңді,
Қорлағаның өзіңді!»

## ЖЕЛӨКПЕ

Құрақ айтты:
«Мені дұрыс ұқты кім?
Мен – өмірге шық әкелген мықтымын!»

*Шубхаш Мукерджи*

## ТЕК ОСЫЛАЙ БОЛУҒА ТИІС

Қайық сорлы сықырлады,
Шашалды.
Шошимыз біз,
Қорқамыз біз қашанғы.
Қайық суын
Батыр жігіт-батыр қыз
Бақырашпен төгіп келе жатырмыз.

Көрінбейді шамшырағы теңіздің,
Жаңбыр менен долы толқын
Егіз-ді.
Көк нөсерден шұрық тесік арқамыз,
Бірақ біздің сиреген жоқ ортамыз.

Сөйлестік біз долы теңіз тілінде,
Бір мезгілде күн де шықты күлімдеп.
Біздер солай қасарыстық,
Сірестік.
Тау толқынмен,
Жау толқынмен тірестік.

О, Жаратқан!
Сүріндірме!
Ақсатпа!
Тек қайсарлық жеткізеді мақсатқа!

## АҚЫЛ-КЕҢЕС БАРШЫЛЫҚ

Мен шахмат ойнай қалсам болғаны,
Достар біткен менің үшін толғанып,
Бәрі маған кеңесші боп шығады,
Былай қалып елдің қамы,
Бас қамы.

Олар құсқа үйретеді ұшуды,
Тігіншіге үйретеді пішуді.
Қойғандарға үйретеді қоюды,
Ішкіштерге үйретеді ішуді!

Ей, ағайын, дабырламай тараңдар!
Әр жүрекке қарсы қояр шарам бар.
Ақыл берме,
Оған құлақ қоймаймын.
Өз ойыным,
Өзім ғана ойнаймын!

Өзімменен, өзім өсіп келемін,
Бар менің де өзіме айтар өлеңім.
Тиіспеңдер,
Өзіме-өзім сенемін,
Жеңілсем де,..
Жеңсем де өзім жеңемін!

# Индия

*Шанкар Куруп*

## АҢШЫ

Қараңғыдан сейілмеген түн әлі,
Уақыт өтіп болар емес шұбалып.
Жұлдызды аспан кербез марал тәрізді,
Таң бір аңшы аңдып жатыр әр ізді.
Құтқармайды таңның қызыл жебесі,
Қызыл жебе өлімнің елесі.
Бірте-бірте бозарды да таң атты.
Күн аңшымыз садағымен аң атты.
Құрбандығын қамады да тұйыққа,
Қорамсағын иді аңшымыз иыққа.
Оянып та үлгермеген тірі жан,
Адырнадан атып шықты оқ-ажал.
Тірлік тұнып тұрған кезде айнала,
Соңғы жебе жайында сен ойлама!
Өмір – сусын, сол сусынды жұтып бақ!
Тірлігіңе бас июді ұмытпа!
Тіршіліктің өміріне көніп бақ,
Еңбек ет те, ащы терді төгіп бақ!
Жалтақтама, еш нәрседен қорықпа!
Дүниенің рахатын көріп бақ!
Артық жүктің керегі не, бауырым,
Лақтырып кет қуса-мұңның ауырын!
Аңшы сені иығына асқанда
Қайғырма да, өкінбе де, жасқанба!
Көз алдыңнан зулап өмір бір өтсін.
Сенікі емес,
Аңшы жүрегі дір етсін!

## ТІРЛІКТІҢ ТІЛІ

Отан дегенің киелі
Сол Отан бізді сүйеді.
Махаббат нұры қыздырып,
Аламыз бәрін біз бұрып.

Балалар, көне, отырып,
Жабыла дұға оқылық!

Қоғам тұрғызып бағалы,
Үміт шырағын жағалық!

Жасап бір Уақыт ағалық,
Арқамыздан қағады.

Әлеммен бірге тұрып та,
Үндістан біздің сыныпта.

Үңіліп өткен іздерге,
Сабақ береді біздерге.

Аландай бермей далаға,
Құйып алыңдар санаға!

Ақылды ұрпақ!
Алға ұмтыл!
Бірліктің тілі – ұлы тіл!

# Болгария

*Асен Босев*

## БЕЛСЕНДІ

Вася болса белсенді.
Сынып сенді,
Ел сенді.
Вася неге сасады?
Баяндама жасады?
Жинап алып жастарды,
Хорды да өзі басқарды.
Ол аз болса,
Бүйірде
Бар тағы бес үйірме.
Барып соның бәріне
Тартады одан әріге.
Көрмек,
Білмек,
Тоқымақ!
Бірақ қашан оқымақ?!

## СТАДИОН

Керек сондай ұл-қызға
Стадион тұрғызбақ.
Тұрғызбақ боп келістік,
Міндеттеме бөлістік.
Қарайтындай дос күліп,
Қып-қызыл боп кескіні
Деді Захар:

– Сенсеңдер,
Жоқ уақытым,
Бос күнім!
Стадион біткенде,
Тек соны жұрт күткендей,
Захар жетті алдымен.
– Сенің мұнда қалды нең?
Ел алдында естігін:
Жоқ қой сенің бос күнің!
Жоқ, айтыспа! Үндеме!
Келер болсаң, түнде кел!

## КӘНЕ, БІЗГЕ КҮРЕК БЕР!

Сондай қатты, қатты
Жер аударып жаттық.
Піседі ертең қарбыз
Тәтті, тәтті, тәтті!

## КӨРДІҢ БЕ?

Ақ жаңбырда жазғы
Білесіңдер сазды...
Көрдіңдер ме бірақ
Тағалаған қазды?!

Мерекенің қарсаңы
Күліп жатыр қарсы алып.
Көрдіңдер ме
Мінгенді
Сиырына ер салып?!

Өз шаруасын тындырған
Ұлды малдан кім бұрған?
...Жақсы бала көрдің бе
Жасыл талды сындырған?!

## ТРАМВАЙДА

Трамвайда байқалық,
Байқағанды айталық:
Бір қария мінді де
Біраз тұрды шайқалып.

Орын беру қақында
Салды бала ақылға.
Барар жерге Радко
Қалған еді жақындап.

Орындауға мақсатты
Пайдаланды ол сәтті.
– Отырыңыз, ата! – деп,
Болды бала жақсы атты.

Қулығы оның артыпты:
Сыйлай қалды қартыңды.
– Қандай бала ізетті!
Қандай бала тәртіпті!

## ҮШЕУМІЗ

Қары қалың тоғайға
Барып қайту оңай ма?!
Көп балаға өнеге:
Қыс пен шана
Және мен.
Оңашада ойнадық,
Демалысты тойладық.
Жақын күнді тосамыз,
Тағы да бас қосамыз.
Қыс пен шана
Және мен.
Емес пе бұл өнеге?!

## МАНГО ОРМАНҒА БАРҒАН-ДЫ

Манго орманға барған-ды,
Жырлап қайтты орманды.
Сыған осы жорықта
Бірдеңеден қорыққан...
– Үш жүз отыз қорбаңбай
Менен қашып,
Қорғанды-ай!
– Сонша аюды бір басың?..
– Жө, екі жүз жиырмасын!
– Ойлансаңшы бір апта!
– Жүзден артық бірақ та!
– Одан гөрі кем шығар!?
– Жүз болмаса, он шығар!
– Азайтарсың! Ептерсің!..
– Біреуді де көп дерсің!
– Бұған сену оңай ма?
Болмаса аю тоғайда?!

## АҢШЫ

– Ағаш мылтық асынып,
Қайда бардың асығып?
Болдың қандай түкпірде?
Айтып берші күттірмей
– Жоқ ешқандай баспана
Адам аяқ баспаған...
Жерлерде мен аң аулап,
Тұрып қайттым таяуда.
– Кең екен ғой өрісің,
Қайда аңдардың терісі?
– Шаршадым,
Көп қаңғырдым!
Бәрін сонда қалдырдым!

## ЦАНКО

Цанкоңызда жоқ уайым,
Тапқан істің оңайын.
Қайтеді ол уайым ғып,
Керек емес дайындық!
Сыныпта одан сұраса,
Қиындық жоқ бір аса.
Сыбырлайды шетінен.
– Сәл ақырын. Өтінем!
Достар айтса: – Бұлақ! – деп,
Қайталайды ол – Құлақ! – деп.
Достар айтса: – Шабақ! – деп,
Қайталайды ол – Тамақ! – деп.
Достар айтса: – Кавказ! – деп,
Қайталайды ол: – Ақ қаз! – деп.
Достар айтса: – Жылым! – деп,
Қайталайды ол: – Шылым! – деп.
Достар айтса: – Пішен! – деп,
Қайталайды: – Ішем! – деп.
Достар айтса: – Көшен! – деп,
Қайталайды ол: – Не ішем? – деп.
Бәрі бұған күледі,
Неге екенін біледі.
Күле берсін былайғы,
Цанко түбі жылайды!

## ТҮЙМЕДЕЙДЕН ТҮЙЕДЕЙ

Зауқы шаппай ойынға,
Батты достар уайымға.
Есеп беру керек-ті
Отряды жайында.

Бөрін қалай шолады,
Қайтсе көңіл толады?
Бұл қоғамдық жұмыста
Қалай жолы болады?!

Шаттық кернеп денені,
Сендірсе ғой дегені.
Ие болса мақтауға
Істегені еленіп.

– Таласа алам теңіммен,
Тыңдай білсе жөнімен! –
Деді бірі, – Партаны
Сүртіп шықтым жеңіммен!

– Ал мен таза баламын,
Айтқан тілді аламын! –
Деді бірі, – Ыдысты
Тап-таза ғып жаладым!

– Димкамызға
Заһарың
Төкті дейсің қаһарын!
Кетер ме еді ушығып,
Ажыраттым мен шығып!

– Түсін мейлі, түсінбе,
Мағна бар ісімде!
Қабырғаға жаздым мен
Көргенімді түсімде!

– Сезін мейлі, сезінбе!
Үрей тұрды көзінде.
Мұғалімім
Шкафтан
Шыға келген кезінде!

– Ақыл ауып көше ме?
Атам қазір нешеде?
Қартайған сол кісіні
Алып өттім көшеден!

Шешеннен сөз арта ма?
Отырып ап партаға,
Не істегенін

Әр бала
Салды дейсің ортаға.

Өсер бала өседі,
Оны жақсы деседі.
Отрядтың
Осылай
Дайын болды есебі.

Кейбіреулер ақталды.
Ащы сөзге кеп қалды.
Ақиқаты айтылып,
Үлгілілер мақталды.

Біз дұрысын жазалық
Айтылсын да сөз анық!
Айырықша аталды
Мектептегі тазалық!

Сөзден біреу шаталды,
Ақиқаттан мат алды.
Кішкентайға қамқорлық
Жасағандар аталды.

Қозылардай көбеген
Інілерді елеген,
Аталарды
Жүргенде
Қолтығынан демеген

Айтарыңды айт,
Іркілме!
Ірі тура,
Түртінбе!
Абыройы жақсының
Өсіп кетті бір күнде!

Ырза қылып халықты,
Мәз болысып қалыпты.
Түймедейді өйткені
Түйедей ғып таныпты!

*Калина Малина*

## БІРІНШІ СЫНЫПҚА БАРҒАНДА

Жетіге де жеткенмін,
Алыс емес мектебім.

Маған үміт артты елім,
Иығымда портфелім.

Қызыл қораз
Таң атпай
Қойған емес оятпай.

«Маған бекер өшікпе,
Сабағыңа кешікпе!»

Әй, соны ма, соны ма!
Түсіп алды соңыма!

## ЕСКІ БАЛТА

Жабысып бір жамбасы,
Жатқан балта қар басып.
«Бұған қайтіп шыдармын?
Өлетұғын шығармын!
Кәріліктің қырсығы!» –
Дейтін балта күрсініп.
Оны Игнат байқады,
Басын біраз шайқады.
«Мына балта тәуір ғой,
Тәуір және ауыр ғой!» –
Ұзақ мақтап жатпады,
Алды да оны саптады.
Лайықты сап қандай!
Соны күтіп жатқандай,
Айтып жүріп өлеңді
«Іске кіріс ал енді!» –

Деді Игнат балтаға,
Сол жақ қолы қалтада
Балта ісіне кірісті,
Шаруасына тырысты.
Тер төгіп бір қасықтай,
Отын жарды асықпай.
Шарбақты да жөндеді,
Тегістеді,
Теңдеді.
Жастық түсті ойына,
Қуат бітті бойына!

## КІРПІ

– Көрініп тұр
Талабың.
Қалай
Түскі тамағың?

– Білмейсің бе
Бұл әнді?
Жеймін тышқан,
Жыланды.

– Аңсың
Басын имеген,
Жүрмейсің бе
Күймемен?

– Ұрпағымды
Шұбыртып,
Жүрем жаяу
Қыдыртып!

– Үйренгелі
Қай заман!
Тұрам ылғи
Найзадан.

Қауіпті жау, –
Қатты ұйқы.
Қауіпті жау –
Тәтті ұйқы!

## БАУЫРЫМДА ТЫНЫМ ЖОҚ

Бауырымда тыным жоқ,
Аузында да тыным жоқ.
Неге? Неге? Неліктен?
Деп ертемен желіккен.
Келеді оның білгісі:
Неге жақсы бұл кісі?
Неге ұрысып серілер,
Неге ұлиды бөрілер?
Неге бұлақ былдырлап,
Су ағады сылдырлап?
Аспанда бұлт нағып жүр?
Қыран кімді бағып жүр?
Мазалаған халықты
Інімнен мен жалықтым.
Мынаны еске тоқысын:
Оттай бермей,
Оқысын!

## ЖЕТПЕЙ ҚОЙДЫ САУСАҒЫМ

Көкешім маған
Ең шеткі
Сыныпты өзі көрсетті:
Оқушыдан арта ма,
Толыпты іші партаға.
Есебі жоқ – көп саны –
Жетпей қойды саусағым!

## ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

Қозы-лақтар маңырап,
Жататұғын жамырап,
Білесің бе, қай мезгіл?

Күн сарғайтып көгінді,
Оратын кез егінді,
Білесің бе, қай мезгіл?

Жап-жалаңаш қырқалар –
Кетеді ұшып тырналар,
Білесің бе, қай мезгіл?

Ағарып жер қап-қара,
Ұлып тұрар ақ боран,
Білесің бе, қай мезгіл?

*Асен Расцветников*

## БАУ-БАҚША ДЕП ОСЫНЫ АЙТ

Бау-бақшаға
Келе ғой,
Көңіліңді
Бөле ғой:

Пияздары
Қабақтай,
Қабақтары
Табақтай!

Бүлдіргені
Жаңғақтай,

Жаңғақтары
Қаңбақтай!

Құлпынайы
Сәбіздей,
Сәбіздері
Өгіздей!

Қиярлары
Қауындай,
Қауындары
Тауындай!..

Бау-бақша деп осыны айт!

## ҚЫЗЫҚ БАЛА СЛАВКО

Қызық бала Славко –
Жүргені бір ұшқанмен.
Ерттеп мініп мысықты,
Жер жыртады тышқанмен!

Қызық бала Славко –
Қызығы оның бар тағы:
Тебенменен шөп шауып,
Тілмен бидай тартады.

Қызық бала Славко –
Бой дегенің үш елі.
Табақ қылып жүзікті,
Оймақпен шай ішеді.

## ӘЖЕЙ БОТҚА ПІСІРДІ

Буйен маймен, шынында,
Бір қап бұршақ шығындап,
Әжей ботқа пісірді,
Әлекке өзін түсірді.

Тасып-тасып ботқасы,
Түтіндейді от басы.
Ойнамаса өлді де –
Төкті мысық келді де!

Солар үшін пісіп пе,
Тойды мысық, күшік те!
Қарғап-сілеп аспанды
Әжей өзі аш қалды!

## АТАМ МЕНІҢ ТАРЫ ЕКТІ

Қыста жеуге керекті
Атам дөңге тары екті.
Аха-ха,
Охо-хо,
Ехе-хе,
Атам дөңге тары екті.

Тары шықпай бірақ та,
Қауын өсті қыратқа.
Аха-ха,
Охо-хо,
Ехе-хе,
Қауын өсті қыратқа!

Қалам демей мазаққа,
Қуанды атам ғажапқа.
Аха-ха,
Охо-хо,
Ехе-хе,
Қуанды атам ғажапқа!

Жамбасына сыз өтіп,
Жатады оны күзетіп.
Аха-ха,
Охо-хо,
Ехе-хе,
Жатады атам күзетіп.

Әрлі-берлі жүз өтіп,
Көз ілмейді күзетіп.
Аха-ха,
Охо-хо,
Ехе-хе,
Көз ілмейді күзетіп!

## ЦЕНКО ЕККЕН КАПУСТА

Ценко терін төккен де,
Капуста еккен көктемде...
Салп-салп етіп құлағы,
Жеп қойды оны лағы...

Сөйтіп лақ көріне
Азық болды бөріге.
Ал қасқырды шаршаған
Атып алды аңшы ағам!

## РАДА СУҒА БАРАДЫ

Кім жұмыскер,
Кім іскер?
Сыңғырлады күмістер.

Даңғырлады бақырлар –
Түбі жұқа пақырлар.
Тастақ жолды тегістер
Тық-тық етті кебістер.

Сірә, пысық Рада
Су алуға барады, ә?!

## АЛЖАПҚЫШЫН ЖУДЫ ДАНКА

Қуйып-қуйып суды Данка,
Хой-хоро-хой,
Алжапқышын жуды Данка,
Хой-хоро-хой.

Жайып қойып жүрді күтіп,
Хой-хоро-хой.
Бірақ оны кетті ұмытып,
Хой-хоро-хой!

Ұмытқан соң жанашыры,
Хой-хоро-хой.
Кетті ақыры жел ұшырып,
Хой-хоро-хой!

## БАУРАЙЫНДА БІР ТАУДЫҢ ШЕТЕН ӨСКЕН

Баурайында бір таудың шетен өскен,
Сол шетеннің түбінде бір бесік бар.

Сол шетеннің түбінде бір бесік бар,
Сол бесікте бақырып жатыр Петко.

Сол бесікте бақырып жатыр Петко,
Жылағаны жетеді жер түбіне.

Жылағаны жетеді жер түбіне,
Жетіп келді бөрілер жалмаңдаған.

Жетіп келіп бөрілер жалмаңдаған,
Жылауық Петконы алып кете барды.

Жылауық Петконы алып кете барды,
Жылап жұрттың мазасын алмасын деп.

## ТҰР, ДАМЯНКА, ТЕЗІРЕК

Күннің көзі әлдилеп көктемеде,
Қалғып кетті Дамянка көк төбеде.

Көктің жүзін қап-қара бұлт басыпты,
Тұр, Дамянка, үйіне жұрт асықты.

Тұр тезірек, бұлт төніп келіп қалды,
Бір нөсердің болары анықталды.

Қамады жел бұлтынды қойдай түріп,
Үйіңе жет малмандай болмай тұрып!

## ШОПАН

Шопан бала, керіспей,
Шыға қойғын өріске.
Қабырғаңмен кеңес те,
Шыға қойғын дөңеске.

Ақ қозылар қаптап көп,
Жатыр жайлау аппақ боп.
Қара қойдан – қап-қара –
Дөңес үсті қап-қара.

## СИЯМДЫ ІШІП САРЫҚТЫ

Қара шыбын құтырды:
Сиямды ішіп бітірді.
Қайтіп енді жазайын?!
Тартқыз, қарға, сазайын!

## ЖОЛҒА ШЫҚТЫ РАДКА

Қыдыру бар ойда,
Дойла, дойла, дойла.
Тамашаға тойма,
Дойла, дойла, дойла.

Бар киімі бойда,
Дойла, дойла, дойла.
Баратындай тойға,
Дойла, дойла, дойла.

Самал желмен ойна,
Дойла, дойла, дойла.
Ойлы ойынды қойма,
Дойла, дойла, дойла!

## КЕШКІ ТАМАҚ

Жұмыс істеп бақшада,
Келді әкеміз ақшамда.

Күлше берді бірінші,
Берді сосын ірімшік.

Тойып алдық соған біз,
Енді ұйқыны соғамыз.

## ЫҒАЙЛАР МЕН СЫҒАЙЛАР

Сливеннен Варна жақты бетке алып,
Кетті дейсің өңшең мықты аттанып.
Осалы жоқ – бәрі сайдың тасындай,
Жарқ-жұрқ етіп көктен түскен жасындай.

Біреуінің иығында арасы,
Балтасы да бара жатыр жарасып.

Сыпырғыш бар біреуінің қолында,
Жайпайды олар жолыққанды жолында.

Балта болса балталап-ақ тастайды,
Ара болса жаңқалап-ақ тастайды.
Ал сыпырғыш сыпырып-ақ тастайды,
Жалқаулықтан Ценкоға енді бас қайғы.

Бұршақ былқып піспейді ғой, ойласаң.
Жиі-жиі былғап-былғап қоймасаң.
Бүлдіршін де өспейді тез, ойласаң,
Әлсін-әлсін тербеп-тербеп қоймасаң!

## БӨДЕНЕ

Жатып алып көдеде
Сыбырлайды бөдене.
Ұққаным сол
Сыбырдан
Бір ғана сөз:
«Жыбырған?!»[1]

Жалғыз қалдың қиянда,
Балапаның ұяңда.
Қамығасың,
Жыбырған.
Сағынасың:
«Жыбырған».

Бауыр басып көдеңе,
Қапа болма, бөдене.
Дала кезіп қыдырған,

Келеді өзі
Жыбырған!

---

[1] *Жыбырған* – Бөденемен мағыналас сөз.

## ДУАНА ШАЯН

Ағын суда бар анау
Ақымақ шаян дуана.
Жалқау, маубас, керенау,
Ұйқтайтұғын қуана.

Осы шаян дəруіш
Жас бақаға көлдегі:
– Кірімді жу, киім піш,
Əрі аспазшы бол! – деді.

Жауап берді көлбақа:
– Бір ұйқымды мың бөліп.
Сендей кəрі ақымаққа
Жүре алмаспын күң болып!

## ҚЫЗЫЛ ТАЛДЫҢ БҰТАҒЫ

Көңілге сап, көр екшеп,
Біздің елдің халқы нар.
Қайталанбас ерекше
Ғажайып бір салты бар.

Жырлайтұғын түсініп,
Жаңа жылдың құт əнін,
Құттықтаймыз ұсынып
Қызыл талдың бұтағын.

Құтты болсын айтамыз,
Күліп қойып миықтан.
Бұтағымен қызылдың
Түртіп сені иықтан.

## ДОЛЫ БОРАН

Боран ұлып тұр тіпті,
Гу-гу-гу.
Әжем кешті-ау күртікті,
Гу-гу-гу.

Қалды атам да күртіктеп,
Гу-гу-гу.
Мұз қатыпты кірпікке,
Гу-гу-гу.

Атам, әжем жүгіріп,
Гу-гу-гу.
Таба алмай жүр бір-бірін,
Гу-гу-гу!

## ЖЕЛ

Шаң көтеріп ауылда,
Айналды жел дауылға.
Лилиянканың көзіне
Шаң түсірді тезінен.

Бұлт көшті де дүркіреп,
Жаңбыр жауды сіркіреп.
Жуды жауын өзін де,
Лилиянканың көзін де!

## АШУЛЫ ГЕНЧО

Көрсең Генчо кетікті:
Сұп-сұр болып кетіпті.
Қызыл бердік, күрсінбе,
Қып-қызыл боп жүрсін деп.

## ТОРҒАЙДЫҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫ

Көрмек болды бозторғай тұрмыс құрып,
Үйленгенде той жасау үрдіс-ғұрып.
Құмыр бұлбұл өн салды тамылжытып,
Естіді жұрт өнердің балын жұтып.

Қиястығы шымшықтың асып кетті –
Құйрығын бір шымшықтың басып кетті.
Қуанғанда миында болмайды-ау түк,
Билеп берді қалыңдық құйындатып.

Бір ақсұңқар
Оқыстан келіп қалды.
Өткір көзі
Бәрін де көріп қалды.

Аңсағандай осынау құсты көптен,
Найзағайдай жарқылдап түсті көктен.
Ақсұңқар-ай,
Үркітіп жасқадың ба?
Тоз-тоз болды қонақтар қас қағымда.

Құмыр бұлбұл тығылды бір түбірге,
Шымшықтың да сонымен жұрты бірге.
Сақтағанмен балапан, балаларды,
Күйеу торғай қансырап қала барды...

## ОЙНА, МЕНІҢ ВОЛЫНКАМ![1]

Мен тұрамын
Таң атып,
Түн бояуын бұзғанда.
Жайып маған қанатын
Жүгіреді қызғалдақ.
Елжіреп бір егіліп,
Ал, волынка, бір тынба!
Саяқ қалмай бөлініп,
Сен де, Гинка, кел, тыңда!

---

[1] Волынка – болгарлардың ұлттық музыкалық аспабы.

## *Венгрия*

*Аттила Иожеф*

### ШОШҚА БАҒУШЫ

Құйрықтарын ширатқан
Шошқа бағам бұйратта.
Тұмсығында шығыршық,
Тұрмайды олар жыбыршып.

Бірі соның мегежін
Торайлайды келер жыл.
Шалшықтағы келбетін
Қарайды ол өндетіп.

Және де бір қабан бар
Жан-жағына алаңдар.
Ол үңгісе жылатар,
Сарайыңды құлатар.

Сыбызғым бар және де,
Асады ол көдеге.
Оған кезек тимейді,
Тисе – тоғай билейді.

Шыбыртқымды сілтесем,
Көшіп келер бұлт өсем.
Шарт еткізіп қалғанда
Болады ел малмандай!

## ТЫШҚАНДАР

Самал өбіп құшқанда
Жүгірген де,
Ұшқан да
Егін,
Қоңыз,
Құсың да
Айналады тышқанға!

Ініміз бен ағамыз,
Тіпті бала-шағамыз
Қол ұстасып билесек,
Жердің шаңын қағамыз!

Қайда бірақ ұғыныс?
Шаршатады шұғыл іс.
Ішік жабар иыққа
Әзәзіл мен Ібіліс.

Тіршілік бұл дауасыз,
Есіңізден танасыз.
Графтарға – кең сарай,
Ал мұжықтар – панасыз!

## ЖЫР

Толқынның күңгірт үстінде оңай
Ағады шалғын,
Ағады тоғай.
Гөй-гөй,
Ағады шалғын,
Ағады тоғай!

Тимейді картоп,
Сүймейді ожау.
Илейді тірлік,
Билейді ажал.

Гөй-гөй,
Илейді тірлік,
Билейді ажал!
Тыржидың неге тікенді санап!
Тамаша киім, жоримын саған.

Гөй-гөй,
Тамаша киім,
жоримын саған.

Жаназа-қайғы – жауымыз біздің.
Бір ғана туыс – табымыз біздің.
Гөй-гөй,
Бір ғана туыс –
табымыз біздің.

## ҚЫС

Лапылдаса Альпі алауы жұлынып,
Қанша сорлы қалар еді жылынып!

Ескі-құсқы, көнелерді қабаттап,
Лақтырса ғой алып келіп сол отқа!

Тәуір болса, болады оны ойлауға.
Беру керек балаларға ойнауға.

Алау көкке өрең-өрең тимесе,
Ағайындар қол ұстасып билесе.

Түн таппайсыз аппақ қырау баспаған.
Қырау тұрған терезедей баспанаң.

Неге қажет ұлып тұрған баспана!
Өртеу керек, жылу керек басқаға!

Алау керек – мән беріңдер сөзіме!
Еритіндей тас жүректің өзі де!

## КҮЗ

Жапырағы теректің
Енді кімге керекті?
Жапыракта бар қайғы,
Ол бүгінде сарғайды.

Кеп қалғандай тілсіз қыс,
Секеңдейді үнсіз құс.
Тоярына тойғандай,
Торға қамап қойғандай.

Күз біздерге –
Ұққаным –
Қарағандай сұқтанып.
Қайғы-мұнын халықтың
Күз қабылдап алыпты.

Ей, бақташы,
Бақташы!
Жүректерді сақташы!
Сыбызғының қорлығы –
Өксігіндей сорлының!

*Эдит Маркуш*

## ҚАРҒА БАЛАСЫН ҚАЛАЙ ШОМЫЛДЫРАДЫ?

Шомылдырып еді анасы,
Ойбайға басты баласы.
Қарға
Сабынды көпіртіп,
Жуды баласын өкіртіп.

Туғаннан қара қарғамыз.
Бір дорба сабын арнаңыз!
Болғанмен ана арманы,
Ағарта алмайды қарғаны!

## КӨЛДЕ

Көресің нені барғанда?
Аққулар аппақ қардан да.
Ырғалып баяу қамыстар,
Инелік ұшып алыстар.

Самалдың шаршап болғаны,
Тып-тыныш сондай көл маңы.
Тұмсығын тығып қойнына
Қалғуын аққу қойды ма?

Көреді аққу түс қандай?
Шомылып нұрға ұшқандай.
Зәнбақ-шам түнде сөне ме?
Қонады гүлге көбелек.

Көк бояу түнде басымдау.
Ұйқы да қалың осындай.
Ай-ару көктен төнеді,
Ертегі жүзіп келеді...

# Вьетнам

*Фам Хо*

## ТІЛСІЗ ДОСТАР

### ЖАСЫРЫНБАҚ

Көз жүгіртіп айнала
Байқап қалдым қызықты:
Жасырынбақ ойнаған
Күшік пенен мысықты,
Көріп жатқан ішікті
Алды мысық шырығып.
Ұстап берді күшікті
Сыймай қалған құйрығы.

– Арсаңдаған досым-ау,
Ақымақтықтан қашайық!
Тығылғаның осы ма,
Құйрығың тұр шошайып!

Күшік айтты:
– Жек көрем,
Қыр соңымнан қалмасаң.
Менде кінә жоқ дер ем,
Құйрығымда болмаса!

## АКТЕР КӨЖЕК

Қояннан шыққан өжетті
Білмейтін бала кім еді?!
Киноға түскен көжекті
Барлығы жұрттың біледі.

Артист болды қалаулы.
Залда жұрттың мол кезі.
«Мен мұндамын!
Анау кім?»
Деп ұқпайды ол өзі.

## ЖАҢБЫР АСТЫНДАҒЫ ҮЙРЕКТЕР

Тірлік суға үйреткен
Көктем демей,
Күз демей.
Жаңбырға мәз үйректер
Тоған-моған іздемей.

Емес жауын ұлы апат
Аман-есен бас мұнда.
Үйректерге рахат
Жылы душтың астында!

## ҮЙРЕК ПЕН ҚАЗ

«Құлқымыз жоқ қағазға,
Қажет емес сабағың!
Оқымай да бұл қаздар
Асырайды тамағын?!»

«Шаруаң жоқ қой, шамасы,
Сауатты елмен,
Халықпен.
Төңкерулі, қарашы,
Қолыңдағы әліппең.

Айтарлықтай халыққа
Ақылыңыз аз екен...
Әліппесіз
Алысқа
Бара алмайсыз,
Қаз-еке!»

# ҮНСІЗ ДОСТАР

## ПОЧТА ЖӘШІГІ

Мен – жәшікпін ілулі
Өз міндетін атқарар.
Біледі сыр бүгуді
Ішімдегі хат-хабар.

Шеберліктің мәнісі –
Ұзақ сөзді мін көрер...
Амандасып үлгермей,
Ажырасып үлгерер.

Дос, жолдас та, жорам да
Емес маған өкпелі.
Сыр шашпаймын –
Содан ба? –
Достарым да көп менің!

## ШЕГЕ

Көп қой, шіркін, пайдасы,
Бұл шегеден көп көмек.
Ілу үшін айнасын
Керек менің әпкеме.

Сол айнаның қасында
Тұру қажет бір сурет.
Сол жігітті басында
Әкелді екен кім сүйреп!

Талай істе төзімін
Темір телпек сынайды.
Шегелерге
Шегенің
Шегелігі ұнайды!

## ҮТІК

Еттің нанын жайғандай
Жол төсейтін бар мықты.
Соған ұқсас майданда
Орындаймын жарлықты.

Мен жұмыстың ауырын
Тауып алам қалайда.
Күйіп тұрған сауырым
Қарып түсер,
Абайла!

Шаттық ойнап жүзінде
Мөнің ұқса жұрт істің,
Қалдырмаймын ізін де
Іркіс пенен қыртыстың!

## ҰЗЫН ОРЫНДЫҚ

Парктегі орындықпын мен ұзын,
Сыйғызамын бөбектердің тоғызын...
Ыссылаймын аптабында қаланың,
Ал жаңбырда менде жылап аламын.

Кейбіреуге шығатұғын төрдеймін,
Өз орнымды тастап кете бермеймін.
«Аяқ суыт, жүрдің қанша шақырым?» –
Деп халықты алғым келер шақырып.

## ПЛАЩ

Мен – плащпын,
Сияқты бір шатырың.
Саған қанша пана болдым,
Батырым?!
Сен құрғақсың,–
Аспан ашық болғандай, –
Болғаннан соң сен үшін мен...
Малмандай!

## ҚАБЫРҒА САҒАТ

Адамдай-ақ сауатты
Деді досым,
Тұстасым:
– Ұзын тілі сағаттың
Басып озар қысқасын!

– Асыра біл пайдаға,
Бұл шындыққа саналар:
Басып озар қайда да
Ұзын сирақ балалар!

## КҮНТІЗБЕГІ

Күндер күн астасып,
Соғады жыл жүрегі.
Желтоқсанмен қоштасып,
Қаңтар қайтып кіреді.

Біткен жерден басталар
Қызық кітап баяғы.
Ұқсайтындай басқаға
Жоқ ақыры,
Аяғы!

## МҰҢСЫЗ ДОСТАР

* * *

Кім болса да тұрғыны,
Шарбақ болар әр бақта.
Жүріп-жүріп,
Бір күні
Тірелерсіз шарбаққа.

Сонда мынау көрінер
Көзіңізге қырағы:
«Секеңдеген серілер
Осы жерде тұрады!»

* * *

Торғай анау, байқаңыз,
Секірмей ол жүре ме?!
Ал анау бір бақаңыз
Секеңдейді жүрелеп!

Табылады іс күнде де
Іскерлікпен қарсы алсақ.
Рояльдың үстінде
Ойнақтайды он саусақ!

* * *

Қаламайды қосыңды,
Тамағы емес – өсімдік.

Төбесімен тұрып ап
Секеңдеген не сұмдық?!

Киім-кешек кимеген,
Төбесімен билеген...
Іс тігеді мәшінке
Міне, осындай инемен.

Түсер қағаз бетіне
Әріптерің әр қилы.
Тиіп кетсең
Шетінен
Шошаңдайды,
Қарғиды.

Тұрмайды олар қосылмай,
Бір-біріне ілесіп.
Мәшінке бар осындай
Не деуші еді?
Білесің!

* * *

Аяғы бар,
Қолы бар
Ойыншылар молығар.
«Пинг-понг» яки
Теннистің тас добы бар.

Қарасына боясын,
Сарысына боясын.
Баскетбол мен футболдың
Добын қайда қоясың?
Секіргенге тоясың!

Балалықтың дауылы
Бір белгісіз өтер ме?
Қарғымпаздар қауымы
Шақырған жоқ бекерге.

Күзді күнгі балшықтан
Кір-кір болар етіктер.
Жүгіріп кеп,
Шалшықтан
Кәне, қарғып өтіп көр.

Аспан тұнып көзіне,
Арман, қиял тел өскен.
Секірудің өзі де
Аздап ұшу емес пе?!

# КӘНЕ

## ӨРТ СӨНДІРГІШ

Жалын
Өрттің шашындай.
Күрең шоғы тозақтай...
Өрт сөндіргіш
Ол да сол:
Өзі қызыл,
Өзі оттай!

Жан шыдатпас қаһарлы
Жеткенше өрттің қасына,
Ойбай салып,
Шаһарды
Көтереді басына.

## ТІКҰШАҚ

Биіктікті жаулайды
Тікұшақтар сайыста.
Түймедақтан аумайды
Қалбағайлар қайысқан.

Оған әсер етпейді
Биік төбе,
Үстіртің.
Жүйрік жел де жетпейді
Қуғанменен ысқыртып.

## ҰШАҚ

Неғылған құс
Таулар төмен қалатын?
Ұша берер қақпай-ақ та
Қанатын.
Бұл – балық та
Сияқты аспан дария.
Жеген асын жерге қояр қария.

Қарашы оны,
Қарашы оның түріне,
Поезд, авто...
Ұқсамайды біріне.
Ол төбеңнен ұшып өткен шақ қандай?!
Бір ақ жұлдыз тура жолмен аққандай!

Оған түк те істей алмас күн үстем.
Ол ғажап құс сауыт киген күмістен.
Ақша бұлтты шүберектей бүктеген,
Біраздан соң айналады ол нүктеге.

Нүкте дейміз,
Биіктікпен қауышып,

Бара жатар тұтас бір үй –
Зал ұшып.
Осы залдың ортасында отырып
Ұшқанмын мен,
Емес мұным өтірік!

## ҰЙҚЫ АШАР

Ұйқышыл жалқауды аяп па?
Ол сені қоймайды оятпай:
От басып алғандай
Бажылдап,
Шыңғырып,
Шырқырап
Таң атпай.

Ойбайды салмайды ол текке
Тұр-тұрлап еркеге,
Тентекке...
Біреуді қуады бақшаға,
Біреуді қуады мектепке.

Қазықта айналар қос тілі
Сен оның көрмейсің бостығын.
Безбүйрек емес ол,
Сағаттың
Бұл саған жасаған достығы.

## АҢҚАУ АРА

Бал арасы,
Өнегесі аз бал ара
Гүлдің ішін жүрді дейсің аралап.
Адасты ма,
Қалбалақтап пақырың
Бір пәтерге кіріп кетті ақырын.
Содан кейін қарап жатпай,
Үңілмей,
Қонды барып алаулаған бір гүлге.
Бал арасы тәжірибесіз аңғал-ды,
Әлгі гүлден шырын таппай,
Таң қалды.
Деді сосын қонып гүлдің төсіне:
– Шырының жоқ,
Шіренесің несіне?!
Деді райхан:
– Қайда алған өнегең?
Қағаз гүлмін!
Сенбейсің бе немене?

## ОТ ШАШҚАН ТҰЯҚТАР

Біреу білер,
Біреу білмес бағасын,
Судай жаңа еді аттың тағасы.
Тиген кезде сол тұяққа көк тастар,
Әлгі бесті сияктанды от басқан.
Жүрген жері ұстахана сияқты
Шоқ шашырап ұшып жатты тұяқтан.
– Әке! – деді бір құлыншақ –
Ертегі!
Тұяқтарың бара жатыр өртеніп!

# АҢҚЫЛДАҒАН АҚ КҮШІК

Күшік үшін еттен асқан жоқ тамақ.
Етті ғана мадақтаман,
Мақтаман.
Ағасынан бола тұра көп кіші,
Бір күндері әңгіме айтты ақ күшік:
– Бұзауды мен сондай жақсы көремін.
Өзі жемей, етін бізге береді!
Етін беріп, өзі түзде шөп жейді,
Кенеуі жоқ көк шөбінді көп жейді.
Суы да оның су емес-ау ішетін,
Шөп пен судан жүреді ылғи іші өтіп.
Мен бұзауды жақсы көрем сол үшін,
Өскен кезде берем оған қол ұшын!

# Гватемала

*Роберто Обрегон Моралис*

## ТАҢНЫҢ ҚАНАТЫ

Естіп жатып Отан жайлы өлеңді,
Қалай ғана
Ұйқым менің келеді?!

Жапырақтар бір тыныштық іздеген
Құшақтасты дымқылменен,
Сызбенен.
Осы міне күз деген.

Өтті бастан бақытты кез,
Ізгі арман.
Жапырақтан жұрдай болған күзгі орман.
Үнсіз қалды...
Күн келді де болжаулы,
Сол-сол екен
Әппақ болып қар жауды.

Дәу есіктен тесіп өтіп үйінді,
Сол есіктен таң сәулесі құйылды.

Қырандардай қанаттарын қағатын
Тау сыртынан келе жатты таң атып.
Көрінеді енді таңның қанаты!

*Мартин Картер*

## СЕНІҢ ДЕ ҚАТЫСЫҢ БАР

Бекерге сен
Мұңға батып жатырсың.
Бүгін – пақыр,
Ертең бірақ – батырсың.
Әлде ауру,
Шығарсың не дәрігер,
Қатысың бар барлығына,
Бәріне!

Күзетке аян
Кімдер келді,
Кім кетті.
Ал өрмекші
Тор тоқуға міндетті.

Баламыз ба?
Жаспыз ба әлде,
Кәріміз.
Әлем үшін
Жаутаңдаймыз...
Бәріміз.

# ЖҰДЫРЫҒЫҢА ҚАРАЙМЫН

Көмейімнен
Жатпаса егер үн шығып,
Жүргендігім емес менің тұншығып.
Аунақшимын,
Дөңбекшимін түсімде.
Менің әлі
Тынбай жатқан ісім көп.
Қызықпаймын,
Бос күндердің бәрі улы.
Тақпай жүрмін,
От-жалынға зәрумін.

Жалын менің өзегімді жалайды.
Кітаптардан оқып білдім
Талайды.
Қаншама адам
Қиял қуып бір беткей,
Аштан өлген
Суық үйде дірдектеп.
Өзгерткісі келер бәрін өмірдің.
Ал олардың
Тағдыры өзін кемірді.

Құлақ түріп
Енді сенің үніңе,
Қарап тұрып
Сенің сұсты түріңе,
Ойға шомып
Ақшамыңда,
Сөрінде
Өзгерткім-ақ келер менің
Бәрін де!

# *Германия*

*Бертольт Брехт*

## ТЕРЕЗЕ АЛДЫНДАҒЫ ӘҢГІМЕ

1

– Мен кішкене торғаймын,
Бір үзім нан – бар қайғым.
Жазда «Қу – деп, – құзғынды!
Бермеңдер деп тізгінді!»
Көп айтқанмын сіздерге.
Көмек керек біздерге.
– Бердің талай қол ұшын,
Кел, төрге шық сол үшін

2

– Тоқылдақпын кішкене,
Тамшы су да ішпеген.
Зиянкестер ұрпағын
Жаздай құдым.
Ескергін!
– Рас, бердің қол ұшын,
Жоғары шық сол үшін!

3

– Мысық торғай дейтұғын
Тамағы жоқ жейтұғын
Бейшара құс мен болам.
Жазда жырлап,
Толғағам.
Сонда халық мыңдаған

Сүйсініп бір тыңдаған.
– Ән болатын әні шын,
Жоғары шық сол үшін!

## ӨРІК АҒАШЫ

Жемісі жоқ, жалаңаш,
Бойы аласа,
Не ағаш?
Қызықтырып халықты
Өзін қоршай салыпты.

Биігіне қалаған
Жету керек әлі оған.
Тұр қолайсыз іргеде,
Жарық керек,
Нұр керек!

Миуасыз,
Жеміссіз
Айта салу негізсіз.
Жапырағы көрікті –
Паспортындай өріктің.

## БАҚ СУАРУ

Суды сезсе, сілкінеді өсімдік.
Көтере алмас олар ыстық бесінді.
Суарғанда жеміс бағын,
Гүл бағын,
Басқа ағашқа сондай сараң болмағын!

Арам шөп пе?
Оны да сен ұмытпа!
Несібесі бар олардың,
Үміт бар.
Суар бәрін,

Болса егер де лажың,
Тақырға да су сепкенің ләзім!

## ЖУЫНҒЫСЫ КЕЛМЕГЕН БАЛА ТУРАЛЫ ЖЫР

Білуші едім ерке өскен баланы,
Өмір бойы жумаған бір құлағын.
Бұл әшейін өлең деме,
Жыр деме,
Құлағынан өсіп шықты бірдеңе!

Ақылдасып жексенбінің кешінде
Ағайындар келді қиын шешімге.
Келе-келе,
Ойлай-ойлай
Есептеп,
Аулаға оны отырғыздық көшет деп.

Енді қазір бәріміз таң қаламыз.
Өрік болды отырғызған баламыз.
Піскен кезде –
Таң қалмаңыз Сіз оған –
Қанша кило сатып алдық біз одан!

## ТҮТІН

Көл бойында көк орманнан үй көрдім.
Өмірдің де бір сабағын игердім.
Сол бір үйдің үзілмейді түтіні,
Аспан оны сіңіреді жұтынып.

Ал сол түтін болмай қойса бірер күн,
Ойлай-ойлай бір сұраққа тірелдім,
Бүкіл тірлік тоқтағандай елімде
Құлазиды көк орман да,
Көлің де!

## ТЕМІР

Бүгін түнде түс көрдім.
Жаны шықты іскердің.
Күшін көрсең дауылдың:
Шайқағандай тауыңды!
Аз уақытта бір қысқа
Зақым келді құрлысқа!
Темір баған қайысты,
Темір шатыр майысты.
Болды бәрі үйінді,
Ағаштар тек иілді!

*Хайнц Калау*

## МЕНДЕГІ БІР ӨНЕР

Шатыршы болған бабамыз.
Еліктеп соған бағамыз.
Егер үй салсаң,
Батырым,
Шатырын берем қатырып!
Қасиетімді біле бер,
Үйренгем тағы бір өнер:
Лақтырсаң маған балғанды,
Түсірмей қағып алғам-ды...
Ал өзім кейде шақ тұрам,
Тұмсықтан көздеп лақтырам.
Жалтармай...
Қағып алмаса,
Шеберлігі оның далбаса!

## БІТПЕЙТІН ПАРЫЗ

Қидыру керек шашыңды.
Жууың керек басыңды!
Жатпасын қоқыс кешегі,
Тазалау керек көшені!
Жаттауың керек тақпақты.
Оқыту керек ақымақты!
Жаңбыр да көптен жаумапты,
Әлпештеу керек бау-бақты!

## ЕРТЕГІ

Бұл сөздің өсте бар мөні,
Балықтың ұшу арманы!
Бұл сөздің өсте бар мөні,
Ал жүзу – құстың арманы.
Түсімде жүзіп құс біткен
Балықтар ұшып түстіктен.
Жыл құсындай боп келеді,
Бөрінің де бар себебі
Жетеді жастай қарманған,
Жетілер адам арманнан!

*Аша Дэви*

## ҚАЛҒИ ҒОЙ

Ай аспанда,
Алыста
Алыс өлі таныс таң.
О, жалған-ай!
Жалған-ай!
Сүтін төгіп алған Ай.
Сол сүттен мен берейін,

Сосын қалғып көрейік!
Көзіңді бір сал Айға,
Қалғыған жөн қалайда!

## КӨГІЛДІР ҚҰС КӨГЕРШІН

Көгілдір құс,
Көгілдір құс.
Қол құсындай көпшіл құс.
Мен құстардың досымын.
Бір ұшайық қосылып.
Жемге толы көмейі
Көгілдір құс,
Сенейін.
Балапанын көрсетпей
Кетті ол ұшып бір сәтте!

## ШАЛЬВАН

Шальван желге шулайды,
Жел орынсыз тулайды.
Шаль шөлісін шешеді,
Жапырақ боп көшеді.
Шәйі жібек сусиды,
Ала жаздай күн сүйді.
«Келем қайтып,
Келемін!»
Деп қайталар өлеңін.
Қашан келер әй-өй күн?
Шальванды мен аяймын!

## ЖАҢБЫР

Жаңбыр сондай күшті ме?
Лимондар үстіне
Плащ киді сап-сары,

Одан сайын жақсарып.
Жайлап қана ақырын
Ашты құрма шатырын.
Ал бамбукке тимегін,
Сол мінезі үйдегі:
Баса алмай тұр күйігін.
«Кеппейді енді киімі!»
Есітпеді,
Есітті.
Қағып әйнек,
Есікті,
Әр үйге бір сұранып,
Жауын жауып тұр әлі.

## МЫСЫҚ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Тышқан аулап ақырын
Күн көретін пақырың.
Қалағанын істеді,
Пырылдауға үста еді.

Болды кімді қатырмақ,
Бір күндері ет ұрлап,
Күн күркіреп,
Шатырлап,
Қалғып кеткен шатырда.

Залым әйел – үй иесі,
Жеп қойғандай түйесін,
Жаңбырдан соң қақ тұрған
Айға қарай лақтырған.

Жұлдыз қанша самсаған,
Ас болмайды ол саған.
Көр енді сол
Қайдағы
Тіршілікті Айдағы!

Тышқан аулап ақырын,
Енді Айда жүр пақырың.
Жемесе де түйесін,
Ұмытпайды иесін!

## САБАҚ ОҚЫП ХАНША

Жапырақтар сыбдырлайды,
Шулайды
Орман мұңы –
Қай кезде де ну қайғы.
Бұтақтардан
Сырғып түсіп жал-құмға,
Одан әрі отырады толқынға.
Толқыныңды өзі тіпті
Ел сенген
Көтерілген,
Қайтып шөккен,
Теңселген.
Жағалауда сабақ оқып
Ханша отыр,
Іргесінде жатыр оның
Қолшатыр.
– Осы оқуды ойлап тапқан кім екен!
Ит боп енді мен отырмын,
Мінекей!
Дәл қасымда
Тотысы отыр Ханшаның.
Мұндай сөзді естігелі
Қанша күн!
Ал оқудың
Бітетұғын жоқ түрі.
Жапырақтар
Желге төсін соқтырып,
Жыбырлайды,
Сыбырлайды,
Шулайды.
Орман мұңы
Қай кезде де ну-қайғы!

## АДАМНЫҢ КӨЗІ

Адамның көзі көреді десем,
Тулама! –
Кристалл судан
Кристалл таза су ғана!
Микроскоп соның
Лайын қоса көреді.

Кристалл судан
Кристалл таза су ғана.
Көреді десем табиғи жанар
Тулама!
Микроскоп соның
Лайын қоса көреді.
Ақиқат үшін
Осы ғой, міне, керегі!

## ҰЙҚЫЛЫ ЖЫР

Ұйқы үйіне түріледі құлақтар,
Бірдеңе деп былдырлайды бұлақтар.
Түсініксіз бірдеңелер ап келіп,
Жағалауға сіңіп жатыр ақ көбік.
Кешкі шапақ бірте-бірте сұйылып,
Кетті ұйқыға шалғын басы иіліп.
Ғажап құстар табиғатқа бас иді.
Түнімен ғажап түстер тасиды.

## САРАҢ

Әдемі құс мезгілсіз жем сұрама,
Келген адам келмейді ғой су ала.
Анарымды жеп болған соң оралсаң,
Сонда саған шыныменен қуанам!

# Греция

*Петрос Антеос*

## ҚҰСТАР СҰРАҚ ҚОЯДЫ

1

– Бүкіл тірлік –
Бас қатыру,
Сенделу.
Айтшы, жылан,
Қайдан келген сендегі у?!

– Ұшып жүрген
Сені бірден көргенде
Ә дегенше
Пайда болар
У менде!

2

– Әй, өрмекші,
Тірі жанға сенбеген.
Айтшы маған
Тоқисың тор
Сен неден?

– Дұшпандықпен,
Қастандықпен түн өткен.
Тор тоқимын
Қараңғыдан,
Түнектен!

3

– Ұшамыз біз
Көп нәрседен құр қалып.
Дұрыс шешім таба алмаймыз,
Зыр қағып!
Кездерде біз
Бір шаруаға кіріскен
Қай шешімді
Айтар едің дұрыс деп?

– Дайын шешім
Дұрыс шешім болмайды.
Оған сенген
Қай кезде де оңбайды!

– Не істеу керек ауада?
– Іздеу керек! – деді адам.

## ҚОЯН

Қалш-қалш етсең әрбір шыққан дыбысқа,
Сенен асқан қорқақ болмас ұлыста!
Көрген кезде келер менің жылағым:
Елеңдеуден өсіп кетті құлағың!

Егерде сен туған болсаң қоян боп,
Ештеңе де бітірмейсің ноян боп!
Көтере алмай
Тіршіліктің сынағын,
Өскен сайын
Өсе бермек құлағың!

# Дания

*Халефдан Расмуссен*

## БАСПАЛДАҚ

Бас-баспа-баспалдақ,
Ас-аспа-аспанда!
Танауы бар торайдың,
Әуені бар торғайдың.

Сыңғыр-сыңғыр қоңырау,
Сылдыр-сылдыр омырау.
Ат беремін қант берсең,
Ант беремін – ант берсең!

Шаршамайды ағаш ат,
Шаршатады тамаша!
Ағаш ат па керегі?
Кеме дұрыс дер едім!

## МЕНІҢ ДОБЫМ

Менің добым қызық доп,
Қызық және бұзық доп.
Доп емес ол бағынар,
Еркелігі тағы бар.

Зыр-зыр қағып татрда,
Шығып кетер шатырға.
Әдеті бар
Тепкенде
Биік ұшар көктен де!

## КІМ БОЛМАҚСЫҢ ӨСКЕНДЕ?

– Кім болмақсың өскенде?
Төбең көкті тескенде?!
Жауап берші сұраққа:
Бақташы ма?
Мұрап па?
Асауларды ұстаған
Жылқышы ма?
Ұста ма?
Көмірші ме?
Үйші ме?
Диірменші ме,
Биші ме?
Теңізші ме?
Жолшы ма?
Мамандықтар мол шығар!
– Сезінбейтін уақытты,
Сондай-сондай бақытты,
Күшігімдей көңілді
Болсам деймін өмірлік!

## ҚҰРТ

Құрт дегенің басқа,
Қол-аяқсыз қасқа!
Тақырда да, таста
Қозғалатын таспа.
Басы оның құйрық та,
Құйрығы оның бас па?!
Берген бұйрық – бос бұйрық,
Бір басы жоқ,
Қос құйрық!

## ҒАЙЫПТАН КЕЛГЕН

Ғайыптан келгеннің бүйені
Түгімен жұтты түйені.
Қияннан келгенді кім күтті?
Башмақты бауымен қылғытты!
Осындағының бүйені
Жұта алмас еді түйені!
Жұта алмас еді бауды да,
Естімес едік дауды да!

## ҚАР

Алла-Тағаланың
Бұйрығы ма,
Қара мысықтың
Құйрығы ма,
Қар қонғанын
Қарашы!
Жата қалды
Жарасып!
Профессор –
Ғалым басы
Жалпақ па?
Екінші
Қонды
Қара қалпаққа!
Сол жауған қар
Жауды, жауды...
Ал енді
Басты түгел
Ақ үлпа қар
Әлемді.
Көрер еді
Айналаға қараған.
Пайда болды
Содан кейін

Қар Адам.
Пайда болды тап осылай
Жат кісі.
Қасында оның мияулады
Ақ мысық.

## БАШМАҚ ЖОҒАЛДЫ

Обал, обал, обал-ды!
Бір башмағым жоғалды!
Сапарлас ең,
Бір едің,
Досым ғой деп жүр едім.
Бекер менен қашпағың,
Орал, орал, башмағым!
Сенің қалған сыңарың,
Алыс жолды сынарың
Сені күтіп сарғайды,
Енді ешқайда бармайды!
Кідірмей кел! Тез орал!
Шығайық бір серуенге!
Сыңарың шын шерменде.
Соның қамын ойлағын,
Шойнаңдатып коймағын!

# Жапония

*Китахара Хакусю*

## АЙЛЫ ТҮНДЕ

Дың.
Дың.
Дың.
– Ашыңыздар есікті!
– Қазір. Қазір. Есіттік.
Кім бұл өзі? –
Пайымды:
– Жапырағы қайыңның!

Дүңк.
Дүңк.
Дүңк.
– Ашыңыздар есікті!
– Қазір. Қазір. Есіттік!
Кім бұл өзі? –
Елігіп:
– Мен теңіздің желімін!

Дің.
Дің.
Дің.
– Ашыңыздар есікті!
– Қазір. Қазір. Есіттік!
Кім бұл өзі?
Ақырын:

– Ай жарығы.
Пақырың!

## ҚЫРМЫЗЫ ҚҰС

– Қырмызысың, қырмызы,
Неге солай? – деп едім.
– Қызыл жеміс жегенім!

– Сүттей ақсың, аппақсың,
Неге солай? – деп едім.
– Аппақ жеміс жеп едім!

– Көгілдір құс, көкшілсің,
Неге солай? – деп едім.
– Көкшіл жеміс жеп едім!

*Сайдзе Ясо*

## ҚАНАР ҚҰСЫ

Қанар құсы тордағы
Өзін өзі зорлады.
– Тұрсаң егер сертіңе,
Жіберейік еркіңе!
– Одан түк те шықпайды,
Мұңымды жұрт ұқпайды!

– Қызықпасаң алысқа,
Жіберейік қамысқа.
– Одан да түк шықпайды,
Мұңымды ешкім ұқпайды!

– Үркітейін таңменен,
Жаңа сабақ ал менен!
– Түк шықпайды одан да,
Үйрендік қой боданға!

Піл сүйегін қашаңыз,
Содан қайық жасаңыз.
Жібек желмен керіңіз,
Күміс ескек беріңіз!

Көк теңізге шығайын,
Ай нұрымен ығайын.
Сонда елдің әуені
Еске түсер, әуелі...

*Ито Масао*

## БІР ҚАП ӘН

Құс біткеннің дыбыс, үнін, әуенін
Қызыл қапқа салып-салып әуелі

Жинап-теріп гүл сыбырын алқапта,
Содан кейін салар едім көк қапқа.

Қос қаптың да аузын кеште ашар ем,
Сол арқылы бір тамаша жасар ем.

Міне, сонда неше түрлі, сан қилы үн
Мерекесі болар еді ән-күйдің!

*Дзюн Таками*

## ТУК! ТУК-ТУК!

Тук!
Тук!
Тук!
Кеудемді өстіп қақты талай дәрігер.
Қақты қанша, болды қанша әбігер.
Тук!
Тук!
Тук!
Кеудем соның бәріне адал үн қатты.
Мен білмейтін құпиясын тыңдатты.
Тук!
Тук!
Тук!
Кей кездерде қақсам деймін мен де шын
Сырын бүгіп жүргендердің кеудесін.

## ЖҮЗІМНІҢ ДӘНІ

Жүзімнің ішіндегі түйіріндей
Бір мұң жатыр менің де бүйірімде.

Күн қалады артында, ай қалады.
Қышқыл жүзім шарапқа айналады.

Сол секілді мен іштей сенімдімін.
Шаттығым бір болар деп менің де мұң!

## ӘЙНЕК

Әйнек – мөлдір,
Мөлдірлік ол қасиет.
Жұмыс емес,
Еңбек қой деп бас иер.

Қасиеттің айналуын ұлы іске
Тамаша деп есептеймін,
Жұмыскер!

## СУЫҚ

Суық – қызық,
Құбылғанды сүйеді.
Бүйрегіңе,
Кейде өкпеңе тиеді.
Ал мұң болса,
Жүрегіңе киелі
Тура барып тиеді.

## БИІК КЕРЕК БӘРІНЕ

Жасыңа да,
Кәріңе –
Биік керек бәріңе.
Төмен түсіп
Бір еппен
Үңілу жоқ жүрекке!

## ЖҮРЕГІМДЕ БӨЛМЕ БАР

Жүрегімде бөлме бар жабық тұрған.
Бір адамды кіргізбей қамықтырған.
Ашу керек сияқты сол бөлмені,
Түсінетін жан болса егер мені!
Жоқ, ашпаймын.
Қайттым мен кенет ойдан.
Ол бөлмеге өзімді
Қамап қойғам!

## БҰТАҚТАРДЫҢ ДІРІЛІ

Ол жел емес –
Жіті қарап тұрыңдар. –
Биік терек басында бір
Діріл бар.
Жапырақтың арасында жоқ құстар.
Адам ұғып болмайтұғын көп тұстар.
Торғай емес,
Бұтақтарға қонды нұр.
Менің ылғи мазамды алар
Сол құрғыр!

*Сумако Фукао*

## ТАМЫЗ КҮНІ

Жол бойында
Телеграф сымында
Не болмаса,
Әйнектерде жымыңдап
Тамыз күні ән салады көңілді,
Ән салады өз-өзінен ыңылдап.

Қайда да гүл
Тұрған желге ырғалып.
Көк шалғынның дір-дір етіп тұрғаны.
Қайда барсаң,
Ер адамдар шөп шауып,
Шатырларын жөндеп жатқан бір халық.

Тоған біткен шабақтардың жатағы.
Қарлығаштар көк мұнарға батады.
Тамыз күні
Қос білегін сыбанып
Ертелі-кеш жұрт қимылдап жатады.

## КҮЗДІҢ БАСЫ

Таң алдында торғай жылу іздейді.
Күз болса да
Жаздан күдер үзбейді.
Осы кезде терезелер терлейді,
Буалдыр көз
Тым әріден көрмейді.
Алыс жүрсе,
Ойламайды кім үйді?
Естеліктен адам жаны жылиды.

Мүмкін емес
Досыңды ойлап уағында,
Мүмкін емес Отаныңды сағынбау!

## СӘН

Гүлді жібек,
Қызыл барқыт –
Керемет!
Атлас та
Қыз балаға
Керек ед.
Түсте, кеште
Таң алдында –
Сәріде
Жас қыздарға жарасады
Бәрі де!
Әсіресе
Еңбек етер иіліп,
Жарасады
Оған еңбек киімі!

## КӨКТЕМ. ҚИЫРШЫҚ МҰЗ

Өзен үнсіз жатқанмен,
Терең ойға батқанмен
Көктемге өзі аз қалған,
Мұз астында ол қозғалған.
Мұзды бұзсаң,
Ақ балық
Тұр аспанға атқалы.
Көктем желі –
Таныс дем.
Сыр шертеді қамыспен.

## МҰҒАЛІМ

Сен – мұғалім,
Қандай жақсы кісі едің!
Күннің нұры іздеп,
Саған түседі.
Сен ойлайсың ертелі-кеш
Ұлы істі.
Ұлы істердің бәрі саған жұғысты.

Көмейіңнен домалайды
Сөз-жеміс.
Есіміңе байланысты өнген іс.
Сені – шәкірт,
Сен шәкіртті білесің.
Алдың – есік
Болашаққа кіретін.

Төңірегің толған бала,
Толған гүл.
Бәрімізге әркез бақыт
Болған бұл.
Бұрын-соңды көрмедік деп мұндайды,
Терезеден
Торғайлар да тыңдайды!

# Ирак

*Әль Баят*

## КӨКТЕМ ЖӘНЕ БАЛАЛАР

Жетімдердің көздерінде
Мөлдір тамшы аунайды.
Осы кезде
Өлгендердің
Көздерінен аумайды.
Осындай бір көктем келді,
Біздің Бағдад неткен сорлы!
Неткен мұңлы жер еді!
Көз жасы мен қызыл қаннан
Шарап жасап береді.
Күннің өзін тұтқынға алып,
Айдап оны кетеді.
Елдің зары,
Жоқтау жыры
Сүйегіңнен өтеді.
Көктем өзі
Қызғалдақсыз,
Көбелексіз өткен бе?
Әткеншексіз келген көктем
Сәби үшін көктем бе?!
Күннің көзі қызыл күрең,
Көктен жүзіп өткенде,
Бұл көктемді
Балалар да
Айта алмайды көктем деп!
Көктем әлі оралған жоқ,
Көктем әлі жырақта.

Сұрықсыз көз маңдайдағы
Ұқсамайды шыраққа!
Өлгендерді
Бұрынғыдай
Жерлемейді дұрыстап.
Көздің жасы кеуіп қалған
Ұясы да – қуыста.
Қайғыру да, мұңаю да
Оралмасқа кеткен бе?
Күн көзі де,
Ел көзі де
Бұл кездері көкпеңбек!
Көгермеді биыл міне
Біздің сепкен егін де.
Көктемеді, көктемеді,
Соның өзі тегін бе?!
Нағыз көктем келеді әлі,
Қалады әлі тұрақтап.
Гүл де өседі,
Өседі егін,
Жайқалады құрақ та!

## АДАМҒА АДАМ – БАУЫР

Аз емеспіз,
Көп дер ек біз.
Қатар өскен көктерекпіз.
Бір тұтасқан тамырымыз,
Бір ұштасқан тағдырымыз.
Қилы өзенбіз,
Достасамыз.
Бір мұхитта бас қосамыз.
Бас қосқанда қауымбыз біз,
Құм емеспіз,
Дауылмыз біз.
Қиратамыз тас қамалды,
Білмейміз біз басқа амалды.
Келіңіздер,

Қарсы аламыз.
Қосылып бір,
Ән саламыз.
Қала қандай!
Дала қандай!
Ыстық бізге алақандай!
Ыстық жүрек лүпілі де,
Солай тағдыр үкімі де!
Түсінерлік бар санамыз.
Келіңіздер,
Қарсы аламыз!
Бауырлассақ,
Жаман болмас.
Адамға адам –
Ұғыңыздар –
Әрі бауыр,
Әрі жолдас!

# Иран

*Иредж-Мырза*

## МЕКТЕП

Біз бәріміз, біз бәріміз – біліңіз –
Бір Иранның – бір мектептің ұлымыз.

Ел мен өрдің тұтастығы бекінді,
Тән мен жанның тұтастығы секілді.

Жер жүзіне кеткен тарап атағы
Ұрпағымыз шарапатты атаның.

Біз дайынбыз... Тек керек пе, қажет пе?
Бұл тірлікте туған жерге не жеткен?!

Сүю деген – сену деген емес пе?!
Сол сенімнен қайта алмаймыз егесте.

Қалай сүю керектігін ұқтырып,
Отан үшін өле аламыз тік тұрып!

Қайырамыз орта жолдан кеселді,
Намысы үшін, тынышы үшін осы Елдің!

## ЖАМАН БАЛА

Аббас – Күли-ханымыздың баласы,
Жанға тыным берген емес таласып.

Али Мардан-хан болады есімі,
Одан асқан бір бұзық жоқ осы күн.

Антұрғанның инеден де тілі өткір.
Айқасты да, шайқасты да тілеп тұр.

Ұстазын да беттен алып бір сөтке,
Айналаға әдепсіздік көрсеткен.

Тілін қалай, қолын қалай тиясың?
Талқандайды ол құстың жылы ұясын!

Мұның бәрі аз болғандай,
Қомағай
Одан артық жей алмайды он ағай!

Ата-анасы, мұғалімі, малайы
Одан ығыр болған әбден талайың!

Пысқырмайды менің де бұл сөзіме.
Түспегенің дұрыс өсте көзіне!

## ҚОЖАЙЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ МАЛАЙЫ

Мыс па? Жез бе? Немесе қалайы ма?
Лақтырды бай бір бақыр малайына.

«Керегі жоқ, – деді құл – балағат іс,
Берерінді бердің бе? Сабаңа түс!

Сендей байдың дәулеті асқан бағы
Қожасың бір құдаймен аспандағы.

Істеп беріп ісіңді, қиыныңды,
Қабылдадым мен сенің тиыныңды.

Қара жерді аударып мен күрекпен,
Алақанымды алдырғам,
Көлдіреткем.

Көлдіреткем, таба алмай жүрекке ем.
Жер аударсаң, ауырып жүрекпенен,
Бірге құлап жатар ем күрекпенен!

Дәнін септім талайдың,
Басқа ұрғандай
Өлетұғын шығармын бос қырманда!

Байлығыңды есептеп қиқаңдама!
Қанша маржан тер төкті диқан-баба?!

Арман! Арман! Сол бізді жетеледі.
Не болса да еңбекпен өтеледі.

Айыбы, көнісі жоқ жарлының да.
Тартып алса біреулер барлығын да!

## ҮШІНШІ ҰРЫ

Бір есекті екі ұрыға бақтырмақ,
Қожайынның өзі сөйтіп тек тұрмақ.
Бір есекке таласқанда екі ұры,
Әлгі есекті
Үшінші ұры кетті ұрлап!

# *Ирландия*

*Люсеберт*

## БАЛЫҚШЫ

Жүзіп жүріп құстар бұлтты құшады.
Ал балықтар су астында ұшады.
Арасында балықшылар қалғиды.
Кейде толқын көк аспанға жетеді,
Кейде бұлттар суға батып кетеді.
Арасында балықшылар қалғиды.

# Исландия

*Иоун Ур Вер*

## КӨЗІ АҒЫП ТҮСКЕН АТ

Көріп қалды кейбіреулер шерменде
Хиросима қасіретін көргендер.
Көрді олар аттың күн боп іскенін,
Құйқасының сыдырылып түскенін.
Көрді олар
Құйрық-жалсыз қалғанын,
Көрді нені
Құдай басқа салғанын.
Көрді олар көздің ағып түскенін.
Көрді аттың қайнамай-ақ піскенін!
Ештеңе де оған бөгет болмады.
Ағып өтті,
Ажал да ерттей алмады!

## ЕРТЕ ТҰРАМЫН

Таң алдында оңаша
Жалығады түн мен күн.
Бұл мезгілде тамаша
Ерте тұру міндетім.

Қарар болсаң байыптап,
Жақындайды алысың.
Көкжиекпен қайықтай
Кетпейді бір қабысып.

Іздер болсаң жасқанба,
Жағалаудан мені ізде.
Балапанын қасқалдақ
Алып шығар теңізге.

Қайықтарға қаңсыған
Смолаңыз дәнекер.
Құс ішінде самсаған
Жүрмейді ғой ел бекер.

Үлкендігі өгіздей
Бар балықтың көкжалы.
Қайтқаннан соң теңізден
Қайтқаның жөн олжалы!

Ептеп күн де қысқарған
Қалай тыныш жата алмақ...
Көп кешікпей
Құдай да
Оңтүстікке бет алмақ!

# *Испания*

***Федерико Гарсия Лорка***

## ҚЫЗЫЛ ІҢІР

(Пейзаж)

Көңілді еді тамаша,
Кішкентайлар қамықты.
Терезеден қараса,
Ымырт түсіп қалыпты.

Шыныменен осында
Таяды ма кәрі қыс?
Ағаштардың басында
Толып кеткен сары құс.

Үйдің қызыл шатырын
Алаулап күн қарады.
Қырмызы іңір ақырын
Күңгірттеніп барады.

## ЕРКЕ ЖЫР

– Әлдиледің, өсірдің, мәпеледің.
Күміс болғым келеді, апа, менің!
– Айналған соң күміске, оңбас адам.
Өте салқын болады онда саған!

– Әлдиледің, өсірдің, мәпеледің,
Толқын болғым келеді, апа, менің!

– Жылуың жоқ туысқа онда, балам,
Теріс айналар ағайын қаумалаған!

– Дегенменен, апа бір тыңдасаңшы:
Жастанатын жастыққа тіге салшы!
– Ұнады ма дәу жастық дивандағы?
Қазір, қазір келейін инемді алып!

## ТОЛҒАН АЙ

Мөлдір аспан қарады,
Толған Ай жүзіп барады.
Өзеннің нәзік көбігін
Ақырын ғана жарады.

Самал жел желпіп ереді,
Жаныңа шабыт береді.
Жердегі бұта
Суретін
Көктегі Айдан көреді.

## КӨҢІЛІ ЖҮДЕУ КЕСІРТКЕ

Кесіртке жанын сөгеді,
Жұбайы жасын төгеді.

Көзінің жасы ағады,
Алжапқышына тамады.

Әрине, оған обал-ды,
Сақинасы оның жоғалды.

Жастықтың қымбат белгісі –
Келмейді тіптен сеңгісі.

Нұр шығып жатыр тастан да,
Қаптап жүр құстар аспанда.

Күн өзі бүгін
Сүйікті
Жібек көйлегін киіпті.

Жылайтындай-ақ бар енді,
Кесірткесі де көрі енді!

Көңілің жадау кезінде
Бұлт пайда болар көзінде.

Беріліп мұңға бейбақтар,
Жылайды олар бейуақта!

# Италия

*Джанни Родари*

## ДЖЕЛСОМИНОНЫҢ НАҚЫЛДАРЫ

Ұнамады ма қарағай,
Өте шық оған қарамай.

Ауылды қойып, аулақта
Жындыға жылан аулатпа!

Қосылмаса егіз бас
Егіз ақыл туғызбас.

Тұтатқан адам жасыңды,
Жатпайды ойлап басыңды.

Шынымды айтып, дос, саған,
Ай бере қалсаң – бас салам!

Көретін адам күнде ойын
Көңілді жүрер жыл бойы!

## ДЖЕЛСОМИНО ЖЫРЛАРЫ

Емес мұным жорамал.
Бір қалтада – орамал,
Екіншіде – бойтұмар,
Не үшін деген ой туар.
Үшіншіде – шиланы.

Сонда шығар жиғаны!
Илан, мейлің, иланба:
Түк тиын жоқ шиланда!

## АҒЫЛШЫН ЖЫРЛАРЫ

### Бірінші жыр

– Қайда жүрсіз, Мысық мырза айлалы?
– Болып қайттым әйел патша мейманы!
– Неге сонша түсіп кеткен еңсеңіз?
– Құйрығы жоқ тышқан көрдім, сенсеңіз!

### Екінші жыр

Мініп шыққан қайық қылып тақтайды
Саламандық үш докторды мақтайды.
Су түбіне кетпегенде,
Жыл жүзіп
Бір айналып шығады екен жер жүзін!

Сарагостың үш докторы желөкпе.
Теңізші боп орналасқан елекке.
Су түбінен алып шықсақ оларды,
Әңгімеге қарық боп ел қалар-ды!

### Үшінші жыр

Қария адам
Көретін бір жылына,
Бармақ болып Канадаға.
Ұлына,
Шыққан екен
Түбі тесік дорба алып,
Қос жұмыртқа,
Бір шұжықты зорға алып!..

## ДЖОВАННИНО – ЖАҢҒАЛАҚ

Джованнино – жаңғалақ,
Джованнино – аңғал-ақ.
Кешін, түсін, сәрін де
Жоғалтады ол бәрін де:
Жоғалтады көлігін,
Көңілдегі желігін,
Қасындағы танысын,
Көмейдегі дауысын,
Ойнап-күлер сауығын,
Төбеті мен зауығын,
Өзгелердің мүлкін де
Өз үйінің кілтін де ...
Бірақ, бірақ бұл кісі
Жоғалтпайды күлкісін!

## ЖҮЗ ӨТІРІК

Екі-үш қораз келеді
Керден басып.
Екі-үш тауық келеді
Жарбаңдасып.
Өздеріне бұл жүріс
Жараса ма?
Әндетпекші аулада
Бара сала.
Не бар, не жоқ, білмеймін
Жемсауында.
Күдігім жоқ
Дәмді дән аңсауында.
Қала жаққа бұрылса,
Ал егерде,
Ұшырайды алаяқ
Пәлелерге.
Таң қаламыз ол жерде
Біз отырып,
Бір ақиқат бола алмас,
Жүз өтірік!

## КІМНІҢ АЙЫ?

– Киевтегі Ай таңбасындай тұяқтың
Көрікті екен Римдегі Ай сияқты!
– Қай қала да әдемі Айды қалайды,
Өз көзіңмен көру керек сол Айды.
Киевтегі Ай сеніп жүрген мың кісі
Ай емес, жай шығар Айдың сіңлісі... –
Күлімсіреп қарады да бұған Ай,
Жауап берді,
Жауап берді шыдамай:
– Мен Сіздерге қалпақпын ба немене!
Шешкен бойда іліп қояр шегеге?!
Біреуіңнен кем көрмеймін біріңді,
Барлығыңа бірдей құям нұрымды.
Парижың ба, Шанхайың ба, Каир ма?
Менің үшін жоқ ешқандай айырма.
Қай қалада, қай арада тұр мейліің,
Кубаға да, Туниске де бірдеймін!

## ЭШЕЛОН

Солдат деген өлең-жырға бай халық,
Бара жатыр өздеріңді қайда алып?!
Ұзақ жолда, кездеріңде жол қазған
Қандай өлең айтасыңдар, сарбаздар?!

«О машинист, әр күнінде аптаның
Машинаңды арғымақтай баптағын.
Бүкіл сарбаз соғысудан жалықты,
Балаларын үйге жеткіз халықтың!»

Дәл осылай өлең айтқан жігіттер
Болашақтан, бейбіт күннен үміткер.
«Қырық кісі – сегіз ат» деп жазып ап,
Бара жатыр паровозың азынап...

## КӨК ЖАЛҚАУ

Дүйсенбіде
Көзімді аштым.
Сейсенбіде
Аузымды аштым.
Сәрсенбіде
Қалжырадым.
Бейсенбіде
Маужырадым.
Жұма күні.
Қалды жұмыс.
Тұрды алдымда
Дәмді «жұмыс».
Сенбі күні.
Қайда барам?!
Бәрі-бәрі
Қалды қараң.
Жексенбіде меңгірдім-ау,
А-а-й, ұйқымды қандырдым-ау!

## ҚАРДАН СОҒЫЛҒАН ҚАРАҚШЫ

Қардан соққан
қарақшы азап шегіпті,
Бірте-бірте, бірте-бірте шөгіпті.

Бастан кешкен талай-талай үсікті
Күн жылына мұрны ағып түсіпті.

Алтын сәуле аямай-ақ қамшылап,
Қос құлағы таусылыпты тамшылап.

Болған екен – бола қойсын солай-ақ,
Өз орнында көрінбейді сол аяқ.

Аямапты шуақ та өзін, жел де өзін,
Құстар шұқып жеп қойыпты оң көзін.

Көз дейміз-ау, көз емес ол – қарақат,
Қарақаттың орнында енді жарақат.

Шынын айтам, айтпаймын ғой мен текке,
Улап-шулап келе жатқан мектептен7

Балалардың ішіндегі тентегі
Қағып алған басы менен телпегін!

## ЕГЕР ДЕ...

Айтып жүрем әр күнде бұл өлеңді,
Қалай екен, өзің тыңда ал енді:
Өзен біткен кейін қарай ақса егер,
Үпілмәлік кез келгенге жақса егер,
Тұманнан да халық шалбар тіксе егер,
Барлық кран май, кілегей төксе егер,
Құрғақта да балық жүзіп жүрсе егер,
Апта түгел жексенбіден тұрса егер,
Нан,
Бауырсақ,
Тоқаш,
Батон,
Күлше егер,
Бүлдірген де барлық жерде өссе егер,
Маған арнап, шынында да, бір шебер
Мыс-мырыштан нән ескерткіш құйса егер,
«Ұмыттыңдар маған нағыз керегін, –
Ең алдымен қаруды құрт!» дер едім.

## ЕСКІ-ҚҰСҚЫ ЖИНАУШЫ

– «Құмар» едің ескі-құсқы, көнеге,
Ей, қария, қабыңдағы немене?
– Әкелемін бәтеңкені тақасыз,
Жалғыз жеңді бешпенті де жағасыз;
Скрипканың ішектерін, қарғыны,

Тұмсығы жоқ шәугімдердің барлығын,
Тот басқан бір құмандарды түбі жоқ,
Қақпағы жоқ, құлағы жоқ – түгі жоқ;
Өкіметі, халқы да жоқ бағынған,
Портфелі жоқ министрім тағы бар;
Соғыс деп мың қақсап еді күніне,
Салдым оны қапшығымның түбіне.

## КҮҢ

Қожайыны күніне
Мың ұрсады күңіне.
– Өтектемей қыртысын,
Көйлек жатыр тыртысып.
Жуылмапты еденің,
Мана саған не дедім?!
Сүртілмепті табағың,
Қашан піспек тамағың?

Қожайынның қазымыр
Айтатыны бағзы бір:
Тұз салмапсың соусқа,
Ақылыңнан ауыспа!
Жинамапсың төсекті,
Суармапсың есекті!
Мысықты да күтпепсің,
Мүсіндерді сүртпепсің,
Аула ішіне сіңбірдің,
Екі шыны сындырдың ...–
Ұнатпайды бір ісін
Күңнің күні құрысын!

## ҮЙ ҚАЛАУШЫ ҚАРИЯ

Қай жерде де, қайда да,
Мына күрек, сүйменмен
Жарлыға да, байға да
Үй тұрғызып келем мен.
Кез келгенге: төре ме,
Сандалбай ма кергіген,
Қабат-қабат керемет,
Үйлер салып бергем мен.
Сонда да айтсам сіздерге,
Менен асқан қасқа жоқ,
Әлі күнге біздерде
Жер кепеден басқа жоқ.
Тұрмыз кемпір екеуміз,
Лыпа да жоқ, ас та жоқ,
Үй салуға жаңғыртып,
Ағаш та жоқ, тас та жоқ.
Гранит пен мәрмәрің
Менің ескі танысым.
Дачаның да едәуір
Білемін мен мәнісін.
Мендегі, дос, хал осы,
Иықтан іс түспейді.
Айтыңдаршы, ал осы
Мен үшін кім істейді?

## КӘСІПКЕРДІҢ ТҮР-ТҮСІ

Кәсіпкердің ісі не
Білесіңдер түсінен.

Көрсеңіздер наубайды
Аққаладан аумайды.

Аппақ оның шашы да,
Аппақ кірпік, қасы да.

Мықты адам ол болаттай,
Оянады таң атпай.

Тас көмірдің жанында
Отыншы жүр қамында.

Қызыл ала, көк ала
Бояушыға, қара, ана.

Нілмен түсін ашқандай
Кіршіксіз, көк аспандай,

Киім киер көкпеңбек
Жұмысшы еңбек еткен көп.

Заводтағы бар ағай
Бет-қолдары қара май

Болып жүре береді,
Іс – оларға керегі.

Ал күнде мен көремін,
Қолдарын бай, төренің.

Кір, күйеге тимейді,
Еңбекті олар сүймейді.

Ақ болғанмен түстері,
Қара олардың істері!

## ИІСІНЕ ҚАРАП, ИЕСІН ТАНЫ

Кей кәсіпті
Адамдар
Көрмей жатып ұғады,
Нан сататын дүкеннен
Қамыр иісі шығады.
Шеберхана маңайы
Тура тоғай алқабы:
Бұрқырайды иісі
Дымқыл тақтай,
Жаңқаның.
Скипидар саситын
Сыршы, сенің кезегің.
Әйнекшіні
Әйнектің
Желімінен сеземін.
Бензин тамған бешпентті
Шофер кимей
Кім киді?
Жұмысшының бойынан
Солярка иісі мүңкиді.
Жаңғақ иісі тиіпті
Кондитерге еншіге.
Сүйкімді иіс, дәрі иісі
Бұйырыпты емшіге.
Ал далада шалғынның –
Шөптің иісі әр қилы.
Соқа ұстаған шаруадан
Жердің иісі аңқиды.
Балықшыдан
Теңіз бен
Балық иісі қалмайды.
Түк бітірмес адамның
Түк иісі болмайды.
Ертелі-кеш қаңғырар
Есіл-дерті ойында,
Қызығатын иіс жоқ
Жалқаулардың бойында!

## ЫҢЫЛДАП

Болар-болмас естілетін үнменен
Тіптен баяу оқылады бұл өлең.

Қала ішінде әрлі-берлі сенделіп,
Түні бойы жүрген жанды кім делік?

Ыза болып әлдеқандай бір іске
Ұйқысынан айырылған принц пе?

Перiште ме балаларды сүйетін
Бермек болған лоторея билетін?

Сорлы ма әлде өткізе алмай бір түнін,
Тісі ауырып, ілмей жүрген кірпігін?

Жоқ, күзетші ол, ептеп басып аяғын,
Тастамайтын қолдан жуан таяғын.

Ұйқтасын деп өзге адамдар кезімен,
Көрер таңды атқызады көзімен.

## КӨШЕ ТАЗАЛАУШЫ

Таныссың ба, бала, менің ісіммен,
Көшелерді сыпыратын кісі мен.

Қаңылтырды, банкілерді тот басқан,
Жыртық аяқ киімдерді баттасқан.

Қалған-құтқан нәрселерді жуғымсыз
Сыпырғышым сыпырады тынымсыз.

Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті,
Қораптарды, түймелерді, тиекті.

Шиқылдаған екі аяқты арбамен
Апарам да аударамын орға мен.

Сыпырам деп қоқыстарын баршаның,
Міне, ақыры, картайғанда шаршадым.

Өзімді де енді жаман-жұрқамен
Бір сыпырып тастай ма деп корқамын.

## ХАТ ТАСУШЫ

Хат тасушы баланың
Көре сала қарасын
Айқайладық: – Қарағым,
Қайда ызғытып барасың?

– Сонау тұрған соңғы үйге, –
Деп ол сырын ақтарды, –
Сондағы бір жеңгейге
Апаратын хат бар-ды.

– Айтшы бізге бірдеңе,
Не жазыпты хатында?
– Түсті балаң түрмеге
Күтпе! – депті, – жақында.

Жазып едім борменен
Қабырғаға «Теңдік» деп,
Болар деп ем көрмеген,
Полицейлер жетіп кеп.

Болмаса да қатасы
Алып кетті конвоймен.
Жатпадым мен шатасып,
Не бітірем ондаймен.

Сөздерім де, жолым да
Бәрі әдемі біткені,
Бар болғырды, соңында
Ұмытпасам нүктені!

Өкінемін соныма
Білінбейді біткен ой.
Өзің барып соңына
Баттитып бір нүкте қой!

## ӘРБІР ЖАНҒА ДЕМАЛЫС БОЛА БЕРМЕС

Жексенбі жайлы бұл өлең
Көңілсіздеу, білем мен.
Басса да жұмыс еңсені,
Жоқ, бар жанға жексенбі.
Жұмысшы, шахтер – бөрінің –
Сыпырушы көрінің,
Барлық күні наншының
Жексенбісіз, нан, шыным.
Аш-арықтар күлмейді,
Жексенбіңді білмейді.
Қырсызға күнде жексенбі,
Құлдарға күнде дүйсенбі.

## ӨРТ СӨНДІРУШІ

Сеніңіздер сөзіме,
Қызыл жалын, от деген.
Өрт сөндіргіш өзіме
Мойын ұсынбай кетпеген.

Оны ырқыма көндірем,
Ә дегенше сөндірем.

Өшіреміз қалайда,
Келеді өртке әліміз.
Соғыс өртін алайда
Сөндірмедік әлі біз.

Тұтанса бұл өрт жалын,
Қамтыр тағы жер шарың.

Халқымызды соғыстан
Қорғау үшін лайық.
Теңдік сүйгіш туысқан,
Өрт сөндіргіш болайық!

## БАЛЫҚШЫ

– Теңізден қол үзбейсің,
Балықшы, не іздейсің?
– Ілінер деп бірдеңе,
Қармақ салам күнде мен!

Оралса ғой ауыма
Пар бәтеңке бауымен.
Ұлым аяқ киімсіз,
Алу қиын тиынсыз.

Бәтеңкені – бізге арман,
Көрдік кеше базардан.
Аяғына шап-шағын,
Тек жоқтығы ақшаның!

Бәтеңке үшін аттанып,
Ұстау керек көп балық.
Қырықаяққа қызығам –
Ол бір көйлек қызыма.

## СЕНБІ КҮНГІ КЕШ

Ақ конвертте бір жұмалық жалақы,
Дейді әкей: – Бұл не затқа жарапты!

– Барлығына берешекпіз, – дейді ана, –
Нан мен күріш қымбаттады тағы да.

– Еңбектеніп көр! – дейді әкей мұңайып, -
Мұнымен кете алмаспыз тыңайып.

– Сірә, ертең бармассыңдар киноға,
Соры қайнаған балаларым! – дейді ана.

– Бұл аптада болмас алтыбақан да, –
Дейді әкей, – оңай соқпас маған да!

Міне, осының барлығына жауапты
Конверттегі бір жұмалық жалақы.

## ҚАЛА ТРАМВАЙЫ

Жатқанымда шырт ұйқыдан тұра алмай,
Мені ертемен оятады трамвай.

Жұмысшылар май-май жұмыс киіммен
Бірінші боп шығады ерте үйінен.

Бай, мырзалар содан соңғы кезекте
Үңіледі трамвайда газетке.

Ал үшінші трамвайға ұрынба –
Өңшең бала таласады орынға.

Вагонда олар тыныштық деп жатпайды,
Септеу, жіктеу, көбейтуді жаттайды.

## ДӘНЕКЕРШІ

Балқытатын пайдалы қорғасын мен қалайы
Жігіт жайлы көңілді өлеңім бұл, халайық,
Ожауларға сырқатты, мескейлерге мүгедек
Ерінбей ол істейді дәрі-дәрмек күнде де.

Қазандардың докторы, дәрігері табаның,
Сап-сау болып шығады ол емдеген табағың.
Шәугімдердің қарайды тұмсығын да, түбін де,
Ол тазартқан құмандай жарқырамас күнің де.

Тас көшеге салынған оның ауруханасы,
Күміс күннің астында өзінің баспанасы.

## МОДЕНДІК БАЛА

– Модендік бала, кеше көңілді едің,
Көшеде бүгін неге көрінбедің?

– Білмеймін, маңдайға осы жазылған ба,
Бояды әкемізді қызыл қанға!

Бүгінгі көргендерім ұмытылмайды,
Жендеттер түбі бізден құтылмайды.

Отряд
Адамдарды қия басқан
Атқылап,
Шапқылады аямастан.

Білесің, кім өлгенін цехтан өзің,
Жалаулы станокты көрсе көзің.

## МҰРЖА ТАЗАЛАУШЫ

Мұржаларды тазалайтын ағалар
Қашан таза боп жүреді, балалар?
Мұржаларды тазалайтын ағалар
Мейрамдарда ғана аппақ бола алар.

Сыпырғышын байлап жіппен иыққа
Өрмелейді олар төбе-қиыққа.
Тазалайды сосын тұрып мұржаны,
Құлап кетсе – күнкөрістің құрбаны.

Мұржаларды тазалаған кездегі
Сыпырғыштан қара олардың өздері.
Қара олардың бет-аузы, үстері,
Жарқырайды тек көздері, тістері.

## ЖҮК КӨТЕРГІШ КРАНДА ОТЫРҒАН АДАМ

Бұл өлең бір дегеннен
Жоғарылар төменнен.
Шахтер жасап көр үйді,
Жердің астын үңгиді.
Жер қазушы ор қазып,
Бітірем деп, кетті азып,
Ал диқандар жер жыртып,
Арам шөпті жүр құртып.
Бағананың басында
Монтер, жан жоқ қасында.
Үй жабушы төбеден
Көз тастайды төменге.
Жоғарырақ онан да
Жүк көтерген кран бар.
Отырған жан кранда
Түк тындырмас тұманда.
Шуақты күн – айнала
Ұқсайды көк айнаға.
Бізден жақын ол айға,
Қорықпайды алайда.

## ҚАЙРАҚШЫ

Педальды басып аяғы
Дөңгелек зыр айналды.
Жаяу жүрді ол бірақ
Дөңгелекті арқалап.

## ЖАЗДЫҢ ЫСТЫҚ АЙЫ МЕН ҚАЛА БАЛАЛАРЫ ЖАЙЫНДА ӨЛЕҢ

Тамаша ғой балаға
Жазда кетіп қаладан,

Оттай ыстық кезеңде
Түскен теңіз, өзенге!
Жақсы емес пе бұдан да,
Ертең ерте тұрғанда,
Тастан тасқа соғылған
Тау суына шомылған!
Ата-ананның егер де
Халі болмай төлерге,
Жұмсап пұлын көр-жерге
Жібермесе бір жерге.
Ішінде сол қаланың
Күйіп-пісіп қалғаның,
Өзен суын ұмытқаның,
Сасық ауа жұтқаның.
Ал мені жұрт ойласа,
Президент сайласа,
Барлық жерді көрер ем,
Былай бұйрық берер ем:

1

Жаз күндері қалада
Қалмасын бір бала да!

2

Жүдеулер де, семіз де,
Барсын түгел теңізге!

3

Берілсін бұл қауымға,
Асқар Альпі тауың да!
Қорытынды:
Ойнап-күлсін қапысыз,
Болсын бәрі ақысыз.
Десе біреу: «Бұл неге –
Қамалады түрмеге?»

## «ЖЫЛАУ» ДЕГЕН СӨЗ

Бақытты болып халық бір кездері,
Ұмытар жас дегенді нұр көздері,
Кездейсоқ түсіп қалған қолдарына,
Үңіліп көне кітап жолдарына,
Балалар, мүмкін, талай таңданысар,
«Жылау» деген сөзді ұқпай, дағдарысар.
– Синьора, не деген сөз «жылау» деген?
Сияқты толып кетер сұрау деген.
Сол кезде мұғалима қырау басты
Жымимай, езу тартпай тұра алмас-ты.
Астынан көз әйнектің күле қарап,
Сауалшыл балаларға берер жауап.
Жаудырып тағы соған ұқсас сұрақ,
Балалар жөн жауапты ұқпас бірақ.
Сене алмай, синьораға қайтып келер,
Көздерін пиязбенен сүртіп көрер.
Осылай таң қалысып, олар тосын,
Көзінен жас аққанша күлер сосын.
Синьора, данышпандық қойған сұрақ,
Бақытты балалардың басын құрап,
Апарар ескіліктің өз үйіне –
Апарар көз жасының музейіне.
Көңілсіз болар музей жырақтағы,
Балаға бәрібір ғой бірақ-тағы.
Өйткені кешегі жас, кешегі мұң
Жеңіл боп көрінеді неше бүгін.
Баяғы қанды жасы даналардың
Бүгінде күлдіреді балаларды.
– Келдік қой бұл музейді араларға,
Көрелік! – дер мұғалім балаларға. –
Түбінде ұлы тоңып босағаның,
Жылаған сонда мынау жасы ананың.
Ал мынау жұмыссыздың жасы төккен,
Жасы ғой ауру жанның мынау кепкен.
Ақтар мен қаралардың көз жасында
Айырма ешқандай да болмаса да,
Сабаған «қарасың» деп мырза күшті,

Баланың жасы мынау қара түсті.
Ұстаздың бөлер сөзін шәкірттері:
 – Таяққа қалай төзбек ет пен тері?
– Апыр-ай, ауырмай ма?
– Жылады ма?
Үндемей қалды қатып құлады да!

* * *

Ассыз-сусыз бұралған
Жетімектің анасыз,
Қайда барса қуылған
Қайыршының панасыз
Төккен жасын, балалар
Тыңдар өстіп таң қалып.
Жанға, ертеңді шамалар,
Ертегі емес – бұл анық,
– Жолындағы бақыттың
Кедергіні сұлаған
Ағызды, – дер сол ұстаз, –
Теңіз болып тулаған!

## ВЕНЕЦИЯ

Жүрем десең жүре тұр,
Тұрам десең бірге тұр.
Су үстінде бір көпір,
Су астында бір көпір.

Көк аспанын жоқтамай,
Бұлттар суда аунайды.
Судағы Ай мен көктегі Ай
Бір-бірінен аумайды.

# Куба

*Элиссо Диего*

## ТЫНЫШТЫҚ

Қара нөсер құйып тұр-ау,
Құйып тұр.
Әуеніне сол нөсердің ұйып бір
Кәрі мысық жүз жыл бойы мүлгіген
Дәл бір ғасыр қалғығанын білді ме?!

Жүз жыл бойы үзілмеген бұл жаңбыр,
Жүз жылғы ұйқы, кәрі мысық, олжаң бұл.
Ұзақ ұйқы, ұзақ нөсер егіздей
Селге айналып,
Құйып жатыр теңізге!

## ҚЫЗЫЛ ҚАМЗОЛ

Көксемегін,
Көксегін,
Басқа досың жоқ сенің.
Неге керек сексенің,
Болмаған соң көп сенім!
Кете берсін, кетсе кім
Досты ғана көксегін!
Ол – белгілі ақ мысық
Сияқты бір бақ құсың,
Қызыл камзол ақ мысық!

## КАРТА ОЙЫНЫ

Ұтылғаны – жарты аймақ,
Ұтқаны да – жарты аймақ.
Үш сері отыр карта ойнап,
Ұтылғаны – нар тайлақ,
Ұтқаны да – нар тайлақ!
Ғұмыр бойы карта ойнап,
Сол үш сеньор қартаймақ!

## ОҢАША ҚАЛҒАН БАЛА

Жабық аспан түндігі,
Танып болмақ кімді кім?!
Қорқытатын баланы
Ең қауіпті түн бүгін.

Өзің туған жұртыңда,
Батыр бала, тың тыңда!
Арасында бұтаның,
Ұрылар үй сыртында!

Олар қазір жорықта,
Сен бекерге қорықпа!

## ТҮНГІ БАҚ!

Үй жанында шағын бақ,
Күндіз нұрға малынбақ.
Күн батқан соң
Қауіпті
Нуға айналар қалыңдап!

Қарап жібер әйнектен,
Көрінбейді Ай көктен.
Қорыққанда
Бұталар
Тартқылайды көйлектен.

Сен айтып көр құрдасқа,
Сен айтып көр сырласқа
Жарықтағы шағын бақ
Түнде барсаң – бір басқа!

## ҰЯТ

Қорада өскен,
Бауда өскен
Үй тышқаны баукеспе
Мені көріп зып берді,
Зып бергенін құп көрді.
Арты қуыс ұрының,
Сол ұрының бірі бұл!

## ЖАСЫРЫНБАҚ

Жасырынбақ заңдарын алдың ұғып,
Алдың ұғып,
Дыбыстар қалды бүгып.
Ғайып болды Ай, Жұлдыз аспандағы,
Қайда олардың шығатын баспалдағы?!
Өзің қалдың,
Жел қалды...
Басқа қайда?
Бұл ойынға қажеті – асқан айла!

# Қытай

*Ай Цин*

## ТАСКӨМІРМЕН ТІЛДЕСУ

– Сен қайдансың, таскөмір?
– Менің елім – басқа өңір!
Өмір сүрген мың ғасыр –
Менің үшін – жыл басы!

– Нешедесің, таскөмір?
– Мендік өмір – басқа өмір?
Таудан да мен көрімін,
Барлық кеннен өрімін!

– Қай заманда тыншыдың?
– Бұл ақиқат, бұл шыным:
Бір Құдірет тербетіп,
Қозғалғанда жер беті!

– Сүйексіз ғой қаусаған!
– Танытайын мен саған:
Құсың күйсін самғаған,
От қойып көр сен маған!

## АҒАШТАР

Бір-бірінен қаша ма?
Бөлек өскен қос ағаш.
Жел жалғыздық қақында
Мұң шағады жақынға.

Беймәлімдеу кееңге
Жер астында,
Тереңге
Тамырлары ұштасып
Жатады ылғи, қысқасы!

## ҮМІТ

Қиялға көрік,
Түсіңмен серік,
Серігі жанның,
Сұлбасы түннің,
Жел болып сыңар,
Ұстатпас мұнар.
Кетпейді қашып,
Дегенмен қашық.
Көктегі құсың,
Көретін түсің,
Көбелек әсем,
Ұстаймын десең,
Ұстата салмас,
Ақ сәуле – алмас
Сен қашсаң безіп,
Қуады өзі...
Үмітің осы –
Өмірлік досың.

## ӨЛІП-ӨШІП ЖАҚСЫ КӨРЕМ БҰЛ ЖЕРДІ

Қара дауыл жайпап өткен жер жайлы,
Өзендері өксіп жылар өр жайлы,
Ертелі-кеш тыншымайтын жел жайлы,
Ормандары қалғып-мүлгір ел жайлы
Жағын жаппай жырлайтұғын
Құспын мен.
Сондай халге,
Көріп тұрсың,
Түстім мен.
Мәңгі-бақи қақсай бермес ол құс та.
Үні өшетін күн де келер байғұсқа!
Ағыл-тегіл мұң болады әуені,
Өліп-өшіп жақсы көрем, жер, сені!

# *Македония*

*Глигор Поповский*

## ЕСІМДЕР

Өзінің орта,
Тобында
Тихонның бәрі момын ба?
Миланның бәрі сүйкімді
Бұзады болмай ұйқынды.
Цвета бәрі гүлдесе,
Солуды мүлдем білмесе.
Звонко бәрі көңілді
Өткізер болса өмірді.
Таза жүрек,
Бауыр да,
Здравко, ауырма!
Искраң мен Вераң да
Жүрсе аман-сау араңда,
Баласы бар,
Кәрі бар,
Басқалар бар,
Бәрі бар
Аман болса егер ел,
Басқа бақыт не керек?!

## САУСАҚТАР

Бірге туған саусақтар,
Бөлек-бөлек қаусап қал!
Бірақ тұтас тұрғанда
Айнал қамал –
Қорғанға!
Жау тисе егер еліме,
Кіндік кескен жеріме
Жұдырық боп тас түйін
Қарсы алады қасқиып!
Себебі жоқ тайсақтар
Серке мінез саусақтар.
Ойын десе өртенер
Өнерпаздар,
Еркелер.
Керек кездеісмерлер
Жалықпайды іскерлер.
Қазам десе қазатын,
Жазам десе жазатын,
Ағаш кесіп,
Тас қашап,
Еңбек етер басқаша
Бұларісмер саусақтар,
Бұлар іскер саусақтар!

# Мали

*Гауссу Диавара*

## ЖУНГЛИ ЖЫРЛАЙДЫ

Адамдар қоя тұрып былайғы,
Кейде тіпті
жунгли де жылайды.
Өкіреді... Келмейді гой өлгісі,
Ол біздерге оқ тигеннің белгісі.

Үрей менен қорқыныш бар қамыста.
Аңның даусы,
Бақа даусы таныс па?
Жаңғырады тиген дауыс жартасқа,
Мынау дауыс бала даусы адасқан!

Бүкіл әлем толып тұр ма дыбысқа?
Адам болып,
Айуан болып тыныста.
Ұқсамайды бұл дыбысқа алдамшы
Алданба,
Ызыңдаған,
Гуілдеген жел даусы!

Тағлан әлде егеп жатқан инесін,
Инесі оның тірі жанға тимесін!
Не бір жебе қиратdébатын қамалды
Қалғып жатқан арыстанға қадалды.

Естен танып құлады ма бақсы бір,
Бірін-бірі жұтып жатыр сақ сыбыр.

Бір мезетте тартып алып кезекті,
Дәл қасыңнан үрейіңнің өзі өтті.

Не болмаса тайпалардың қайдағы
Ойда жоқта басталды ма майданы?!
Мүйіз тұмсық жарып салып пілінді,
Мүмкін, мүмкін, жунгли шын бүлінді!

Қақтығысып мүйіздер мен мүйіздер,
Қауқарсыздар паналайтын үй іздер.
Айтылатын кезде жалғыз бесік жыр
Бүкіл маймыл жунглиде босып жүр.

Адамдарды қоя тұршы былайғы.
Міне, осылай
Жунгли де жылайды.
Бүкіл жебе зулағандай жарысып,
жунглидің шулайды жас, көрісі!

## КӨЗ

Ит ішінде жатқандай бір ит өліп,
Ит көзіне қасірет пен мұң толы.
Адамның да көзі толы сол мұңға,
Сол мұңменен
Сен де адам болдың ба?!

Көзің толы қасірет пен қайғыға.
Қоймаушы едің еш нәрсеге қайғыра.
Қожайынның бүкіл мұңы өзіңе
Ауысқан ба,
Ауысқан ба көзіңе?!

# Мозамбика

*Жозе Кравейринья*

## ЕР АДАМДАР ЖЫЛАМАЙДЫ ЕШҚАШАН

Мен де сенгем
Ер адамдар емендей
Өмірбақи жыламайды дегенге.

Өзімді де есептегем ермін деп,
Бір кісідей көресіні көрдім деп.

Кинолардың ерлеріне еліктеп,
Жасықтарды жек көруші ем,
«Өлік» деп.

Бірақ тағдыр мені-дағы түсады.
Кей күндері өксік әбден қысады.

Қысады кеп бар құсасы жер-көктің,
Ең жаманы – жылағаны еркектің!

## ӨРКЕНИЕТ

Пайғамбар тумай тұрғанда
Бір-бірін шалып құрбанға
Тұрғызды адам
Арайлы
Ғибадатхана – сарайды!
Жақсылық таппай қайдан да,

Қырылды иттей майданда.
Неменен бітпек түбінде,
Жасайды қару бүгінде?!

## ҚАЙСАРЛЫҚ

Тағдыр деген тәрізді ғой жол үсті,
Құмырсқамен тасқапасты бөлістім.
Ортақ болды төсек-орын,
Ыдыс та.
Ортақ болды Құдай берген ырыс та!
Мен азаппен өткіздім әр жетіні,
Таптамады оны ешкімнің етігі.
Олар бізді қорлап бақты шошқаша,
Бірақ біздер иілмедік ешқашан!

## МҮСІРКЕУ

Барған жоқпын,
Көрген жоқпын телмеңдеп.
«Зәңгі!» дедің,
Шын қорлағың келгенде.
Дүниеде сендей-сендей кесір көп.
Бәріңе де
Қараймын мен
Мүсіркеп!

# Моңғолия

Жанбын Дашдондос

## КӨК БӨРІ ЖӘНЕ КІШКЕНЕ СУЫР

Суырлардың кішігі
Ит тілінде – күшігі:
– О, Көк Бөрі,
Көк Бөрі,
Кәне, маған жет бері!

Әкел маған Қара Өгіз,
Мүмкін болса,
Пар өгіз!
– Неліктен тек Қара Өгіз?
Жарамай ма дара өгіз?

– Өгіз тезек тасиды.
Қасқыр басын қасиды.
– Қыс дегенің тез өтті,
Керегі не тезектің?!

– Тезек отын бағалы,
Тезекті мен жағамын!
– Жақсы! Жақсы! Жағасың.
Қандай пайда табасың?

– Ішінде мен осы айдың
Ғажап желім жасаймын!
– Ойым онға бөлінді,
Қайтесің ол желімді?

– Ішінде мен осы айдың
Мықты садақ жасаймын!
– Керегі не қарудың?
– Қаруға мен зәрумін!
Қасқырларды атамын,
Құртып тыныш жатамын! –
Тұра қашты ол соны айтып,
Көк Бөріні шомайтып.

Қашқан суыр бірақ та
Ұшып түсті бір аттап.
Сол-сол екен жылады,
Көздің жасын бұлады.

Жылатуын жылатты,
Бөрі алайда жұбатты:
– Көрген жоқпын жуырда
Жылай ма екен суыр да?!

Суыр сонда үн қатты,
Шықты даусы тым қатты:
– Ал қасқырлар күле ме?
Күлгенін жұрт біле ме?! –

Суыр солай састырды,
Күлкі қысты қасқырды.
Паналап өр түбірді,
Бөрі күлді суырдың.

Күлкі сондай жұқпалы,
Бірі де енді бұқпады.
Ішегін ұстап ілкіде
Құлады олар күлкіден!

## ӘКЕМ

Әкем ұзын
Әкесінен өңгенің.
Шын мақтаныш,
Шын биігім ол менің.
Бұл жағынан күдіктенбе,
Саспағын!
Бәрі төмен,
Бәрі аласа басқаның!

Мен әкемнің иығына
Мінгенде
Жоғарлайды,
Аспандайды кім мендей?
Отар, табын,
Түйе қандай,
Ат қандай?
Бәрі соның
Алақанда жатқандай!

Бір күні мен сұрақ қойдым қосымша:
– Биік болып керегі не
Осынша?
Өте алмайсың
Кіші-гірім тесіктен.
Еңкейесің
Биік деген есіктен.

– Сен де биік,
Болсам егер мен биік,
Есейесің
Шапанымды сен киіп.
Биік болдым,
Сені биік болсын деп.
Жер түбінен
Болашақты көрсін деп!

## ЖЕР

Дөңгеленген түйме деме,
Ойшылым.
Бұл – кәдімгі киіз үйі қойшының.
Інжу болса,
Омырауға тақпай ма?
Анау қойлар өрістегі,
Ақ қойлар.

Бұл неғылған гүлді әлем деп,
Күй кештің.
Кілем емес,
Орамалы ол бикештің.
Жазға салым жазық қандай безенді?
Арқан емес,
Иірімі ол өзеннің.

Қыбыр-қыбыр
Құжынаған қырат-қыр.
Шыбын емес,
Қоңыз емес – трактор.
Айдау жолды алашадай бүктеңіз,
Біздің ұшақ –
Көктегі анау нүктеңіз!

## МЫСЫҚ ПЕН ТЫШҚАН

Жапырақ боп ұшқандай
Тіптен титтей
Тышқанбай!

Салдым әйбәт парақка,
Өзі де әйбәт,
Қарап қал!
Керегі не пысықтың?
Шақырмадым мысықты.

Осы кезде
Тырмысып,

Үйге кірді бір мысық.
Өзін көріп дұшпанның
Өңі қашты Тышқанның!

Қорықпадым,
Саспадым.
Тез-тез тығып тастадым.

Қанат бітіп ұшқандай
Ғайып болды Тышқанбай.
Сақ болғанмен тумысы,
Түк сезбеді қу мысық!

## АПАМ

Гүлді орамал басында
Апам менің қасымда.
Алып альбом бір бетін,
Салдым сұлу суретін.

Қос етегі бүрмелі,
Жұмыс жасап жүргені.
Көрем десең,
Түзге шық.
Кеткен жоқпыз біз көшіп.

Мал қораның жолында
Шелегі бар қолында
Ойнап өтті жел-құйын,
Бейнеледім сол күйін.

Бұзбайды елдің дәстүрін,
Апамда бар қос бұрым.
Бұрымын да салдым мен,
Іштей мәз боп қалдым мен.

Сурет салып өткізем,
Демалысты ендігі.
Қалай салып жеткізем
Жомарттығын,
Кеңдігін?!

# *Норвегия*

*Ингер Хагеруп*

## ПЕТРУШКА

Петрушка көк бұрым,
Көгересің көп бұрын.
Ақ карда да күресін
Жалаңаяқ жүресің.

Жалаң аяқ досым-ай,
Жүресің сен үйде де.
Барасың ба осылай
Жалаң аяқ...
Биге де!

## ҚОНАҚҚА ШАҚЫРЫЛҒАН ҚОҢЫЗ

– Күйіп-пісіп, неліктен
Қиналасың аһ ұрып?
– Ескі досым қонаққа
Кеткен еді шақырып!

– Арық айтып, семіз шық,
Айтсаң еді есімін!
– Аты Кнут, теңізші,
Әйгілі жан осы күн...

– Қонақтыққа барарда
Кім осылай ойланбақ?

– Ойланбайсың қалайша
Ұлан-асыр той болмақ!

– Бірінші рет осылай
Қиналғанды көргенім...
– Қиналмайын қалайша,
Жүз бір балам бар менің!
Қызығасың, бірақ та
Қайтіп үйде қалмайсың?
Жүзі түгіл,
Біреуін
Ертіп жүре алмайсың!

## ТЕҢІЗ ТҮБІНДЕ

Кеме теңіз түбінде
Қирап жатыр бүгінде.
Сол кемені қызықтап,
Биязы ма, бұзық па,
Су астының тұрғыны
Бас қосады бір күні.

Батырлығын баяндар
Қайшы қолды шаяндар,
Сауыт киген серілер,
Неше түрлі перілер,
Бір-біріне тор құрар
Неше түрлі сорлылар.

Теңіз – елі шырмаудың,
Шын мектебі сынаудың.
Күндіз-түні тербелер,
Қирар сонда кемелер.
Жатқан түпте, тереңде
Бір бақалшық көрем мен.

Теңіз мың жыл сақтаған,
Тірі пенде таппаған

Бұл бақалшық ішінде
Қыз бар маржан пішінде.
Ол бір ғажап ертегі,
Ертең соны шертемін!

## ТОЗҒАНАҚ

Жап-жасыл боп жазғы алап,
Бізді көзге ілмеді.
Тұтанғандай
Тозғанақ
Таң алдында гүлдеді.

Өнері ме көрсеткен,
Түсінбедік,
О несі?
Көбіктеніп бір сәтке
Шыға келді төбесі!

Құрдасы ғой, досы ғой,
Бір-бірінен озады,
Жетпегендей осы бой,
Күнге мойын созады.

Қимайды Күн даласын,
Күміс шылбыр сүйретіп.
Қасында тұр ағасы
Бұйра шашын сиретіп.

Бұл уақыттың шарты бар,
Басқа жаққа бастамас.
Басы – жалын, арты – қар
Ақырында – қасқа бас!

## ҒАЖАП

Күні бойы ұйықтап,
Еріп Үкі бұзыққа
Өмір сүру қисық та,
Соншалықты қызық па?

Әлденеге асығып,
Алагеуім уақытта
Аяғыңнан асылып
Күндіз ұйықтау бақыт па?!

Шыбын-шіркей тұқымы
Осында кеп өлерде...
Күндіз-түні шұқынып,
Тор тоқу да өнер ме?!

Қанша мәрте сау шықты,
Арамдығын асырып?!
Осынша мол талшықты
Келген қайда жасырып?!

*Турбьерн Эгнер*

## ТҮЛКІ АУЛАУ

Жирен оттай,
Қызыл шоқтай тұтанып,
Жатқан шығар түбінде ол
Бұтаның.
Мылжыңдама.
Ақырын жүр,
Ақырын!
Қамсыз жатқан кезінде оны
Тұтамын!

Аяғыңды басқан сайын
Абайла!
Керек оны ұстау үшін
Көп айла!
Шығарма сен, дыбысыңды,
Үніңді.
Алдау оны
Түсе қоймас оңайға!

Ақыл керек,
Керек емес жүйрігің.
Орында дөл
Үлкендердің бұйрығын!
Ақырын бас аяғыңды,
Ақырын...
Абайсызда басып кетпе
Құйрығын!

## ЛОФОНТЕН АРАЛДАРЫНДА БАЛЫҚ АУЛАУ

«Элинор» атты кемеде
Кішкене ғана немеде
Теңізші болды жас бала,
Шаруа жоқ деме басқа да.
Жағадан біраз жырақта
Жүреміз бір ай,
Бір апта.
Қатты жел кейде сорымыз,
Бірақ та дайын тұрымыз.
Толқынға қарсы жүземіз,
Торменен балық сүземіз.
– Мереке және береке!
Бұл жерде балық бар екен!
Жігіттер іске жұмылсын,
Жауапкершілікті ұғынсын!
Естіген бойда осыны
Кетеміз іштей қосылып.

Бәріміз білек түрініп,
Кемеміз шұғыл бұрылып,
Сүйреткен торға қараймыз,
Жинап алуға жараймыз.
Көп болса болды балығы,
Көрмеген жанбыз жалығып!
Тексеріп көріп барлығын,
Береді басшы жарлығын.
– Үйренген бізге азыңа,
Мына жер нағыз қазына!
«Ал, кәне, дейді тартыңдар!
Иыққа арқан артыңдар!»
Шағала біткен шулайды,
Тордағы балық тулайды.
Сауыры күнге жарқылдап,
Жатады сосын артында.
– Болды бір жомарт қолтаңба!
– Құдай біледі – он тонна!
Бұл енді бізге жетеді.
Азырақ асып кетеді.
Балаларға да қалады,
Қалағандарын алады!

## ЖАС ТЕҢІЗШІНІҢ ЖЫРЫ

Юханес менің есімім,
Ал кеме – менің бесігім.
Кемеден тіптен түспеймін,
Юнга болып істеймін.
Теңізде ылғи боламын,
Үйімде сирек қонамын.
Үлкеннің ісі – өнеге,
Жүк тиеп алып кемеге,
Кетеміз біздер ел кезіп,
Қызыға қарар жол да өзі.
Тұздаған балық – жүгіміз,
Бағалы нәрсе мұнымыз.
Тасимыз сосын бөрене,

Жонылған тақтай,
Сөрелер.
Көтерер кран сабаздар,
Күбіден үлкен қағаздар.
Кейбір аурулар сағынар
Балықтың майы тағы бар.
Көшпелі құмы ысырған
Тасимыз тауар Мысырға!
Ол жақта бұл күн күйіп тұр,
Айран боп ауа ұйып тұр.
Көйлек кимейді,
Сабылып
Жүреді сейсеп жамылып.
Бос қайтамыз ба немене?
Апелсин тиеп кемеге
Оралған кезде еліңе
Жылап көрісесің желіңе!
Кубаға кейде соғамыз,
Бостандық үшін ол – аңыз!
Балалар мылтық асынған
Өтеді сенің қасыңнан!
Қант құрағы онда өседі,
Ол саған аян деседі.
Қант құрағын біз аламыз,
Тәттіге құмар баламыз!
Болса да қашық арамыз,
Бразилияға да барамыз.
Канада бізді күтеді,
Бұл сапар қашан бітеді?!
Суданға соқпай болмайды,
Балалар сәлем жолдайды.
Көтеріп Норвег жалауын,
Шүйіріп кеме танауын,
Тағы да жолға шығамыз,
Жол машақатын ұғамыз.
Бір жерден астық аламыз,
Кофесін қапқа саламыз.
Жылы жүрсін деп баламыз,
Бір жердің жүнін аламыз.

Қызмет етіп кеменде,
Жеткізу керек соны елге.
Ой жіберемін өткенге,
Өткенге және кеткенге,
Ештеңе бірақ жетпейді
Туған жеріңе жеткенге!

## ТЫШҚАННЫҢ ӘЛДИІ

Әлди-әлди бөбегім!
Көп ішінде бөлегім.
Сен де қалғы, Тышқаным,
Күзетуге келемін!

Шыбын-шіркей үлгілі...
Бәрі ұйықтайды бұл күні.
Өз құйрығын жастанып,
Түлкі қу да мүлгіді!

*Мария Жанна Карон*

## БӘРІ ҰЙҚЫДА

Есік жабық,
Үй ыстық.
Тас қараңғы,
Тыныштық.

Шаңырақтың мықтысы
Сәби жатыр бүк түсіп.

Оянарға жоқ шама,
Жатыр ана шаршаған.

Есік жақта
Бөлектеу
Қатты ұйқыда төбет те.

Қолтығында тұмсығы
Тоты құс та тыншыды.

Күндіз біраз ырғалды,
Орындық та тұр қалғып.

Әні бітіп жүлделік,
Үнсіз қалды шілделік.

Қалғыған от-қоламта,
Болмайды жұрт оған таң.

Сағат қана жүріп тұр,
Жүрегі оның ұрып тұр.

Түнімен кеміріп,
Термит кетті семіріп.
Пайда болар ертесін
Қабырғада бір тесік.

Есік жабық,
Үй ыстық.
Тас қараңғы,
Тыныштық.

## ШІРКІН, ЖАҢБЫР ҒАЖАП ҚОЙ!

Күн күркірер
Жауында
Ғажап
Бақша-бауың да!

Су болса да иінім,
Құрғақ тұрсын киімім.

Апама бұл ұнайды,
Әйтпесе ол жылайды.

Екі қолда башмағым,
Шошып менен,
Қашпағын.

Жаңбыр киіп алғандай,
Тұла бойың малмандай!

Аузым тосып аспанға,
Жүгіремін,
Саспаңдар!

## БАЛТА ШАПҚАН БАҚ

Ел бұйрыққа бағынды,
Шауып жатыр бағымды.
Бум-бум!
Тиын жоқта қалтада,
Сөз өтпейді балтаға.
Бум-бум!

Енді айналып алаңға,
Құлап жатыр банандар.
Лимон да құлады,
Құлағанда сұлады.

Нәзік тәні жырылып,
Төкті құрма шырынын.

Ел бұйрыққа бағынды,
Шауып жатыр бағымды,
Бум-бум!
Тиын жоқта қалтада
Сөз өтпейді балтаға!
Бум-бум!

Балташылар жабылды,
Көлеңкелер шабылды!

Жеміс бағы шағынды,
Жұпар иіс шабылды.
Табағым да шабылды,
Тамағым да шабылды.
Тәрізді бір шабындық,
Бәрі-бәрі жабылды.

Енді жаңбыр жаумайды,
Аспан бұлтын саумайды.
Гүлің енді күл болмақ,
Күнің енді түн болмақ.
Орман енді құм болмақ,

Жапырақтар жым болмақ.
Бай адамдар қисаңдап,
Осы араға үй салмақ!

## ҚОЛТЫРАУЫН

Тасқа қойып құйрығын,
Күтіп төбет бұйрығын
Қолтырауын мүлгиді,
Білмейтіндер бұл күйді,
Қалады тез арандап,
Абайлаңдар, жарандар!

Қолтырауын – айдаһар,
Ондай арам қайда бар?!
Жап-жасыл боп сауыры,
Боп-боз болып бауыры
Сұлық жатқан бөрене,
Содан қауіп көре ме ел?!

Қыбыр етпей жатады,
Арам ойға батады.
Тентектерді,
Жалқауды,
Әсіресе аңқауды
Тап береді,
Қылғиды,
Сосын қайта мүлгиді!

## ТАМТАМ-ДАБЫЛ

Аспандағы таба нан,
Жерден қалай таба алам?
Дөңгелектің бірісің,
Айсың –
Елдің нұрысың.

Ойнап кештен тамтамды,
Қарсы аламыз өр таңды.
Жалпақ едің бағана,
Не боп қалды саған, Ай?
Садақтайсың көктегі,
Көне садақ көп пе еді?!
Кейде үнсіз тамтам да,
Көк тиын жоқ қалтанда...

Елің сенен өтінді,
Бүркеме сен бетіңді.
Бүгін сондай қараңғы,
Көрсет бізге қараңды.
Нұрыңды елден аяма,
Сорлыларды аяла!
Дүңкілдетіп тамтамды,
Қарсы алайық ақ таңды!

# Палестина

*Муин Бсису*

## ДАБЫЛ

Шатыр тігетін
Жер қалмады,
Қазылмаған
Көр қалмады.
Өнеге үйрететін
Үйірмең қалмады.
Бидай тартатын
Диірмен қалмады.
Көшпелі құм
Шағыл қалмады.
Жалғыз ғана
Дабыл қалды!

«Мұның өзі –
Дара мүлік.
Қалдырамын
Мұра ғылып!»
Мың қайтара
Салам еске,
Ұмытпассың,
Балаң өскен
Дабыл, дабыл
Қаға алмаса,
Жұрт көңілін
Таба алмаса,
Бүкіл елдің
Үні өшеді.

Көңілдердің
Күні өшеді.
Дабылды ел
Шыбықтады.
Шыбықтады,
Тынықпады.
Таяқшалар
Бітті сынып.
Бітті сынып,
Жатты сұлық.
Халық түгел
Шуылдады.
Алақандар
Дуылдады.
Бірте-бірте
Ақырындап,
Баспен ұрды
Ақырында.
Бастар сөйтіп
Пайдаға асты.
Оянған ел
Аймаласты.
Ісіп кетті
Маңдайлар да.
Рахмет
Ондайларға!
Қимылсыз Ел,
Қыбыр етті...
Дабыл қандай
Құдіретті!

# Панама

*Чангмарин*

## АЯЛДАУДЫ БІЛМЕЙТІН АЯҚТАР

Жолаушылар,
Жолаушылар – жолсерік!
Келесіздер талай жолды еңсеріп.
Етектерің тікендерге ілініп,
Табандарың шақпақ тасқа тілініп.
Сол тілінген тәндеріңді кір басып,
Келесіңдер бір үмітке жармасып.
Қысылған да,
Ысылған да батырлар.
Қалған артта шөл-шөлейт те,
Татырлар!
Мына менің сүйенерім – өздерің!
Кепкен ерін,
Жәудіреген көздерің!
Жеңіске де жеткізетін осы жол,
От пен судан өткізетін осы жол!

О, аяқтар!
Қанша жүрсе талмайтын.
Шалдығуды,
Шаршауды еске алмайтын.
О табандар!
Көрсеттіңдер ірілік,
Сезіп жердің лүпілі мен дірілін.

Біз келеміз тек тарихқа ілесіп.
Қара жердің қасіретін үлесіп.

Алға! Алға! Қорықпаңдар ажалдан!
Қайтпаймыз біз орта жолда,
Бұл жолдан!

## ЖАУЫРЫНЫМ ТҰРҒАН ҚАЙҒЫ-ҚАСІРЕТ

Қамшы менен таяқтардан бүгілген
Менің арқам не көрмеді күнінде?!
Тастан бетер үнділердің арқасы.
Мыңқ етпейді үгілсе де жартасың!

Қарашада болар жотам малмандай
Терге емес,
Суға малып алғандай!
Кедейліктің таба алмадым бір емін.
Жүгім ауыр,
Шатқаяқтап жүремін.
Жүк дегенім – аштық,
Жоқтық һәм үрей.
Басқа амал жоқ,
Бүктетіл де сүмірей!
Аз болғандай,
Жүк үстіне жүгім бар.
Қорықпаңдар,
Көздеріңді жұмыңдар!
Қысып алған гүлім де бар қолтықта.
Бір қолымда мәңгі досым мылтық бар.
Атар болсам,
Дәл тигізу – міндетім.
Дұшпанымды қуамын мен індетіп.
Ешқашан да мұны үнділер
Ұмытпа әр!
Бір жерге кеп ат байлайтын үміт бар!

# Польша

*Ян Бжехва*

## КӨКТЕМ НЕМЕН КЕЛЕДІ?

«Келіп қалды көктем!»
Деген хабар жеткен.
Балықшы айтты Шымшыққа:
– Келіп қалар күн шықса!
Керегі оған сәйгүлік,
Келе берер тай мініп.
Қарқ-қарқ күлді Шағала:
Көп мақтама,
Шамала!
Арба неден кем еді?
Сонымен келеді.
Деді Тышқан: – Немене?
Міне алмай ма кемеге?!
Қарға даусын көтерген:
– Келер, – деді, – мотормен!
Сөзді Кірпі бөледі:
– Тепкішекпен келеді.
Жылан айтты: – Желікпе!
Келеді ол великпен.
Біреу кесті пышақпен:
– Келеді ол ұшақпен!
– Жету қиын көкпен де!
Қайдағы ұшақ көктемде?!
– Дирижабль болса ғой!
– Оның іші толса ғой!
– Көктем болсам,
Үйге мен

Келер едім күймемен!
– Жаман емес қайық та!
– Бұйырмаңыз айыпқа!
Болмаса да қырандай,
Бар емес пе трамвай!
– Лимузинді ұмыттың!
– Фаэтоннан үмітті!
...Көктем! Көктем аяулы-ақ,
Жетті ақыры жаяулап!

## ҚЫЗҒАНАҚ

Момын еді әр уақта,
Иек артып шарбаққа,
Есімде жоқ
Қай күні –
Қызғанағың айныды.
Жаңа таңды қарсы алды:
– Бағбанмын! – деп жар салды.
Көк бақшаның жуасы,
Болдық соның куәсі.
Әй, Қызғанақ, Қызғанақ,
Естік тек біз ғана.
Шалқан-апай күйінді,
Қабағы да түйілді.
– Әй Қызғанақ! Қызғанақ!
Естік тек біз ғана.
Қияр-апай күйінді,
Ол да қатты түйілді:
– Әй Қызғанақ! Қызғанақ!
Естік тез біз ғана!
Пияз-апай күйінді:
– Құрт жеді ме миыңды?!
Әй, Қызғанақ! Қызғанақ!
Естік тек біз ғана! –
Бұл әңгіме ұзарды,
Ал Қызғанақ қызарды.
Қателігін ұғынды,

Қып-қызыл боп жығылды.
Міне, солай кенеттен
Шықты өлгі себептен.

## ӨТЕ ӘДЕПТІ КҮРКЕТАУЫҚ

Өте әдепті күркетауық,
Алдық оны ерте тауып.
Ерте ұқтық оның жайын
Отыз мәрте
Тәулік сайын.
– Ей, ағайын,
Көрсеңіздер!
Кімдер дерек берген сізге?
Өздеріңді төмен санап.
Мен сендерге берем сабақ!
Бұл жөнінде ғұламамын,
Жатыр мидан бұлақ ағып!
Әйелім де тәрбиелі,
Киімді де тар киеді.
Жай құсқа оны есептеме,
Кішіпейіл төсекте де.

Есек-мәстек,
Ұялма сен,
Бір биікке шығам десең,
Сабақ алғын менен келіп,
Кетесің тез кемелденіп!
Шошқа, сен де
Негіз мықты.
Қой, бірақ та доңыздықты!
Ғайып болмай ұшты-күйде,
Қонаққа кел
Біздің үйге!
Сенен өзі суынып ты ел.
Айтпақшы, сен
Жуынып кел!

Бірақ
Ақмақ бар ма қоғам?!
Бір тірі жан
Бармады оған.

Күркетауық ашуланды:
– Жинамасаң
Шашылғанды...
Алтын алмай,
Бақыр ұстар.
Шеттерінен нақұрыстар.
Өз пайдасын білмейтіндер,
Құлағына ілмейтіндер.
Мал боп туып,
Мал боп қалған,
Киломенен салмақталған.
Әдептілік әліппесін
Білмейді кім,
Әріптесім?!

## ҚҰМЫРСҚА

– Бізде қазір жоқ қызық,
Өгіз-аға топ бұзып,
Мына үлкен үстелді
Берсеңізші жеткізіп!

– Ана жұмыс біресе,
Мына жұмыс біресе,
Сол үстелді таситын
Таптырмай ма бір есек?!

«Бәрі дұрыс десек те,
Тура емес бұл есепке.
Ол мектепте
Бәрібір
Оқымайды есектер!
Жоқ!

Басқаша үйғарсын:
Есек емес,
Қой барсын!

Қой ойлады кешкүрым:
«Азғырайын ешкіні!»

Ешкі алдымен келісті:
– Тындырамын мен істі! –
Бірақ кенет бүзылды
Барбоска кеп сызылды:
– Айналайын Барбосым,
Жоқ басқаның арбасы.
Мектепте бар көп қызық,
Мына үстелді жеткізіп
Берсең еді
Досыңа
Жәрдем етсең несі бар?!

Барбос сүмдық ірі еді,
Келіскелі түр еді,
Көріп қалып Мысықты
Ықыласы түсіпті:
– Жеткізбейсің үшқанға,
Ауыр емес тышқаннан.
Мектепте бар көп қызық,
Мына үстелді жеткізіп
Берсең еді!..
Не қилы
Ғылымды ел оқиды
Балаңды бер,
Оқысын.
Оқысын да тоқысын!
Мысық ойға берілді,
Сосын үзақ керілді:
– Достарың бар,
Дүшпан бар,
Мына үстелді,
Тышқандар,

Жеткізіңдер мектепке!
Бұйырмаймын мен текке!
Сасқан Тышқан
Түздегі
Өрмекшіні іздеді.
Ал Өрмекші шынында
Тапсырды оны Шыбынға
Шыбын сорлы жоқ күші
Құмырсқаға жетті ұшып:
– Мектепте ғой көп қызық,
Соған үстел жеткізіп
Берсең еді сен бүгін,
Үміт сенсің ендігі!
Кіп-кішкене құмырсқа
Жаралған тек жұмысқа
Бас тартуға қысылды,
Істің мөнін түсінді.
Үстелді сол жеткізді,
Қол қойдырып өткізді.

## КОРОЛЬ ПИПИННІҢ САРАЙЫ

Көрсең Пипин сарайын.
Мен тағы да барайын.
Ол – сарайдың сарайы,
Көңіл – күннің арайы.
Ұнасын деп балаға,
Шақпақ қанттан қалаған.
Бірі жері жоқ құлаған,
Сыртын маймен сылаған.
Қақпалары қалаштан,
Дуалдары тоқаштан.
Терезесі шоколад,
Қойған бөрін оқалап.
Тамашала алдымен
Жеп қойма ауыз тоса қап!

# ТӨРТ АЯҚ ТУРАЛЫ

Оң жаққа ма?
Әлде былай
Солға ма?
Біз маймылдан
Озып едік
Сәл ғана!
Жалғыз тұмсық
Құйрығымен
Жер таяп,
Ә дегенше қуып жетті
Төрт аяқ!

Қараңғыда
Адамға тән адасу.
Адасады
Кейде адамның данасы.
Осы кезде
Құйрығымен жер таяп,
Жол көрсетіп
Тұрады алда
Төрт аяқ.
Қалың жыныс
Ормандарда,
Тоғайда
Жырткыштардан
Құтылуың оңай ма?!
Осы кезде
Құйрығымен
Жер таяп,
Жұбатады
Тұмсық пенен
Төрт аяқ.

Егер сенің
Сәл төмендеп
Айбының,
Пысы басса

Қасіреттің,
Қайғының,
Осы кезде
Құйрығымен
Жер таяп,
Демейді әлі
Қолтығыңнан
Төрт аяқ!

Көп нәрсенің
Керегі де жоқ оған.
Ет пен сүйек
Және өзің бол аман.
Отыр әне
Құйрығымен
Жер таяп.
Жолақ жейде
Жалғыз тұмсық,
Төрт аяқ.

## ТЕАТР

Ғажайып театр
Бум-бум!
Шуламай тұра тұр,
Бум-бум!
Бері шық,
Бұл қайсысың?
Мен – корольмін,
Сен – соның жұбайысың!

Сахна шетінде
Бум-бум!
Ал тағзым етіңдер,
Бум-бум!
Дабылды қатты
Ұрсын!

Ортада
Тақ тұрсын!

Көңілдер
Құлап тұр,
Бум-бум!
Шешімге
Құлақ тұр,
Бум-бум!
Алдымен сусын,
Шай келсін.
Осыған қоса
Варенье-тосап,
Май келсін!

*Людвик Ежи Керн*

## ҚОЛШАТЫР

Қолшатыр
Болды малмандай.
Суын
Сығып алғандай.
Сулы-сылпық
Келді іңір.
Ел жауыннан
Болды ығыр.
Бар киімді
Шыладық.
Келер тіпті
Жылағың.
Қолшатырды
Мұң басты.
«Мына жаңбыр
Тынбас-ты!»

Сатырлатты
Легенді.
Тесті тамшы
Төбемді.
Су-су қылған
Өңірді
Жеріп кеттім
Өмірден!
Сияқтымын
Мың құрақ.
Сүйектерім
Сырқырап.
Дымқыл кештен
Суынып,
Қақсайды кеп
Буыным.
Қабырғам да
Қайысты.
Омыртқам да
Майысты.
Етек-жеңі
Жалбырап
Кеткен аспан
Салбырап.
Мына бұлттың
Қыруар
Әлі жауар
Түрі бар.
Өзіме мен
Лайық
Бір қолшатыр
Алайын!

# ТҰМСЫҚ-ҚҰЙРЫҚ-ТӨРТАЯҚ

Пәленбай жыл
Көрместі біз көргенде,
Маймылыңды басып оза бергенде
Басқалардан ерте байқап,
Ерте аяп,
Қуып жетті Тұмсық-Құйрық-Төртаяқ.

Емес еді заман тыныш,
Жер тыныш.
Қалың жыныс,
Қауіп-қатер,
Қорқыныш.
Жатпағанда бірін-бірі жұрт аяп,
Жолдас болды Тұмсық-Құйрық-Төртаяқ.

Алдымыздан достық желі ескендей,
Жыртқыштардың өзінен де сескенбей,
– Қорықпаңдар! – деп біздерге
Ерте аяп,
Жәрдем берді Тұмсық-Құйрық-Төртаяқ.

Қайғы мен шер
Алған кезде алқымнан,
Сенім-үміт қашқан кезде халқымнан,
Күш-қуатың келген кезде ортая,
Сүйеу болды Тұмсық-Құйрық-Төртаяқ.

Сияқты ол әрі досың, құрдасың,
Бір үзім ет және ботқа бір қасық
Берсең болды
Бірге өзіңмен қартаймақ
Жылы Тұмсық-Құйрық және Төрт аяқ.

*Мария Конопницкая*

## БӨРІ ТУРАЛЫ БӨСПЕ ЖЫР

Ешқайда да бас бұрма,
Бір-екі-үш!
Жолығамыз қасқырға,
Бір-екі-үш!
Қасқыр бөрін құртады,
Дал-дұл қылып жыртады.
Бір-екі-үш!

Ұстаймыз біз қасқырды,
Бір-екі-үш!
Қара албасты басқырды,
Бір-екі-үш!
Әжептәуір аралық,
Біз тезірек баралық,
Бір-екі-үш!

Енді болды. Төзбейміз!
Бір-екі-үш!
Қақ маңдайдан көздейміз,
Бір-екі-үш!
Шығарып ол бүлікті,
Қырып болды түлікті.
Бір-екі-үш!

Өлтіруге келеміз,
Бір-екі-үш!
Теуіп-теуіп көмеміз,
Бір-екі-үш!
Қасқырсыз көк орманда,
Аңдар жетсін арманға,
Бір-екі-үш!

# ШЫБЖЫҢДАҒАН ШЫБЫНДАР

Шыбын біткен үйғарды,
Қоңыр-салқын үй қалды.
Шақырды да өрмекші,
Шыбын біткен жиналды.

Тап-таза боп киініп,
Қонақтарға сүйініп,
Алып келді алпауыт
Балға толы күбіні.

Ешкім бір тіл қатпай-ақ,
Әркімде бір саптыаяқ,
Өрмекшіні көрмей-ақ,
Бірін-бірі кетті аяп!

Кейбір сөздер жаттанды,
Сөзбен жауға аттанды.
«Кім-кімді де жаныштап
Тастаймыз!» деп мақтанды.
«Ойлаймын деп жұрт қамын,
Өрмекшінді құртқанмын!
Құрып қойған біз үшін
Ауларын да жыртқанмын!»
Үшіншісі ақырды,
Даяшыны шақырды.
Төртінші айтты:
«Өлтірем
Өрмекшіндей батырды!»
Беретінін бермекші,
Көретінін көрмекші.
Сілекейін ағызып
Күтіп отыр Өрмекші.
Мас болған жан оңа ма?
Құлап түсті домалап.
Балға батып шыбындар
Өліп жатты,
Домалап!

*Ванда Хотомская*

## ЖОҒАЛҒАН ДҮНИЕЛЕР БЮРОСЫ

Өз жоғын әркім жоқтасты,
Бюро жанында топтасты.
Гаражын ұмытқан пикап бір,
Бөксесін жиі сипап тұр.
Ұмытқан шофер педалін,
Жоғалтқан бір қарт медалін,
Роялын ұмытқан артист те,
Сабағын ұмытқан тал түсте
Оқушы және бір төбет,
Жоғалған иесі бір төбе!
Желкенін ұмытқан қайық бір
Сезеді өзін айыпты.
Жоғалтқан бала күшігін,
Жоғалтқан ана мысығын,
Сезесің тіптен сұрамай,
Жоғалтқан кілтін бір ағай.
Ұмытқан бүгін қолшатыр
Тәтейлер мұнда қанша тұр?!
Адамдар іздеу жолында
Оңында біреу, солында...
Дөңгелегінсіз бір арба,
Не демексің бұларға?
Оңында біреу, солында,
Талшын тұр жұрттың соңында.
– Қай жерде, көкем қалды нең?
Талшын кірсін де алдымен!
Содан соң кәрі, жас қалды.
Сұрақтар қою басталды.
Бала сұрады анадан,
Ана сұрады баладан.
Футболшы добын секірткен.
Сұрады ұмытқан шәкірттен.
Жармасты со бір маңайда
Мұртын жоғалтқан ағай да.
Талшыннан қайың сұрады:

– Қайда өзі сенің тұрағың?
Жер емес бұл жер армандар,
Бюрода қандай шаруаң бар?
Тұманды күні, жел күні
Ағаштың жайы белгілі:
Жапырақтарым кетті ұшып,
Тауып беретін жоқ кісі!

## АПТА

Бір ғажайып әрбір айдың аптасы,
Әр аптасы – жанұясы, отбасы.
**Дүйсенбі** оған бірінші боп кіреді,
Ал **сейсенбі** – дүйсенбінің тірегі.
Ең маңызды шаруаларын
Белсенді
**Сәрсенбіге** қалдырады сейсенбі.
Сәрсенбіге тапсырған соң сейсенбі,
Бәрін соның жүйелейді **Бейсенбі.**
**Жұма** келіп тексереді көп істі,
Болса жақсы соның бәрі жемісті!
Ал жұманың ізбасары **сенбі** бар,
Сенбі шіркін қай кезде де жөнді ұғар.
Мен басамын енді сенің өкшеңді.
Деп сенбіге ілеседі **жексенбі.**
Жексенбіге сенбі үнемі ұрсады,
«Күн емессің, сен кәдімгі бір сағым!»
Салақсың шын бола тұра ересек,
Бірге туған **дүйсенбіге** қара сен!
Қай кезде де бірінші боп жүреді,
Ал сейсенбі – дүйсенбінің тірегі.
Ең маңызды шаруаларын
Белсенді
Сәрсенбіге қалдырады **сейсенбі.**
**Сәрсенбіге** тапсырған соң сейсенбі,
Соның бәрін жүйелейді бейсенбі.
**Жұма** келіп тексереді көп істі,
Оның ісі жемісті де жеңісті.

Маған бәрін тапсырады кетерде,
Орындауға уақыт менде жетер ме?
Сорлы күнмін,
Ең бақытсыз **сенбімін**:
Сені күту – басты шаруам ендігі.
– Соған бола ренжіме, – дейді **жексенбі**, –
«Кіші інімін басып жүрген өкшеңді.
Маған оңай дейсің бе үйде омалу,
Бәрің үшін, бәрің үшін демалу!

## ЗЕБРА – ҚАЗЫМЫР

Зебра деген
Өзі бір
Кінәмшіл және қазымыр
Инеңізге де,
Жіпке де
Риза болмайды тіпте де!
Разы еместігі сол-ақ па,
Жанымен қарсы жолаққа!?
Ұйқышылға –
Не тұрыс? –
Тыныштық бар тым-тырыс.
Ештеңе жоқ тарығар,
Мұнда бәрі, бәрі бар!

Керегі не ал Сізге?
Қуат берер әлсізге
Көк теңіздің тұзы бар,
Асқар таудың құзы бар.
Қарағай ма? Қарағай!
Өте алмайсың қарамай!
Алаңы ма? Алаңы?
Сағындырмас қаланы!

Апелсин күн – сарқыты,
Сары жібек, барқыты.
Келтіреді күмән кім,

Түбіті бар тұманның.
Қыран құстың саңқылы,
Таудың таңғы салқыны,
Дельфиндердің асыры,
Мұндай жер жоқ, асылы!

Жапырақтың сыбдыры,
Тас бұлақтың сылдыры,
Күйген күннің аптабы,
Керегіңді тап-тағы!
Аларыңды ала бер!
Қалам десең қала бер!
Жаныңыз не тіледі?
Қалауыңыз біледі!
– Жолақ шұлықты сүймеймін,
Жолақ ішікті кимеймін!
Лыпасыз қалып жүрсек те
Жолақ киімді көрсетпе!
Зебрді кәне жаныңа ал.
Қайда барсаң да –
Танымал!
Дүкенге кіре жылайды.
Көргеннің бәрін сынайды.
Шолжаңның өзі баласы,
Бөйек болады анасы.
– Шапыраш болсын етігім,
Табыңдар соның тетігін!
Тор көзді болсын орамал,
Жолақ нәрсеге жоламан!

Аралап таныс көшесін,
Жалықты әке-шешесі.
Бастады көңіл бұзыла.
– Отыра тұр! – деді қызына.
Мінез көрсетіп не түрлі,
Сылқ етіп қызы отырды.
Ол орындықты
Әкесі
Сырлап кеткен-ді ертесін.

Өзгере қалды дүние:
Тор көзге енді кім ие?
Орындалды қиыны –
Торкөз киім киініп,
Шыға келді зебра қыз,
Тұрды күліп қоңыр күз!

*Юлиан Тувим*

## МІШІМ

– Мияу! – деді кіп-кішкене Мішім.
– Не боп қалды? Ауыра ма ішің?!
– Толар емес қарын деген құтым.
Ішер едім,
Бітіп қалды сүтім!

Күрсінді ол,
Сынғандай сәл сағы.
– Мішімім-ау, не боп қалды тағы?
– Түсімде мен сүт өзенін көрдім,
Ағып жатыр ортасымен төрдің!

Ұйқысырап,
Ашылады ауыз:
– О, апатай, тағы да бір тамыз! –
Сүттен басқа нені ойласын батыр,
Сірә, тағы бір түс көріп жатыр.

# ДЖЕК

Құптамайды, кейде Джек құптайды,
Айтқаныңды адамнан кем ұқпайды.
Біз отырмыз қазір, міне, сырласып,
Әңгіменің белгілі ұзын-ырғасы.

Отырмын мен түрлі жағдай ұсынып,
Тыңдайды ол өзіміздей түсініп.
– Джек! – деймін, ол ұқыпты тыңдайды –
Күшік болмай, мысық болған ыңғайлы.

Тышқан да көп, абырой да бар үйде! –
Джек оған селт еткен жоқ, әрине.
– Не болмаса, тор ішінде өкірген
Аю-ақ бол, тойып алып кекірген.

Кекірсең де мен өзіңді дос көрем! –
Джек бірақ тәрізді бір таскереқ.
– Ат бол әлде ұқсайтұғын құланға! –
Джек жауап бермей қойды бұған да.

– Не болмаса мынау жақын бұрышта
Шұжық сатар дүкен ашқан дұрыс па! –
Құлағы оның сәл дір етті мезетке.
– Барсаң соған қайтер еді күзетке?! –
Жатқан еді ол бір сөзімді елемей,
Езуінен тамып кетті сілекей!

# МАҚТАНШАҚ

Көрген талай қыспақты
Сарбаз екен тісқақты,
Бахвальский бір күні
Бір түрікті ұстапты.
«Қорқар үлкен, кішің де,
Бір өгіз бар күшінде.
Маған теңдес адам жоқ
Жау әскері ішінде!

Ат үстінде – ердемін,
Жеңе алады жерде кім?!
Патша өзі кеудеме
Қадау керек орденін!
Айтам ауыз толтырып:
Мықты болсаң, бол тірі!
Бір басыма аз емес
Төрт зеңбірек, бір түрік!
Менің атым таста тұр.
Ал, көнекей, бас қатыр:
Мына мендей тауып көр,
Бір баһадүр – қас батыр!
Дұшпанға да жан қайғы.
Түрлі тәсіл таңдайды.
Есімімді естісе,
Зәре-құты қалмайды!»
«Болды мынау құтты күн,
Қайда әлгі тұтқының?»
«Жатыр мені жібермей
Өзі ұсталған мықтының!»

## АҚЫМАҚ САШОК

Дөң басынан
Дорба асынған
Сашок түсті – құба-құп!
Дөң басынан,
Дорбасынан
Келе жатыр құм ағып.

Жүк азайды –
Мұң азайды,
Оны ұқпайтын бар ма адам?
Көрді қағып,
Ағып-ағып
Түк қалмапты дорбада!

Бұлт үйірген
Бір түйірден

Құмын жинап ақырын...
Бәрі осы ма?
Дорбасына
Салды тағы пақырың.

Дөң басынан
Дорба асынған
Сашок түсті – қуба-құп!
Дөң басынан
Дорбасынан
Келеді әлі құм ағып!

## ЯНЕК

Янекті мен керемет
Ақылды деп айта алман.
Бүлдіруге келгенде
Бірақ та ол майталман:

Қалай ұшу керегін
Үйретпек боп құсқа да,
Мысығымды тағалап
Бер дейтұғын ұстаға.

Сарымасаның төбесін
Балтаменен қаситын.
Үйге – қоқыс, күл-қүбір;
Орманға – отын таситын.

Жетіп жатыр мұндай іс
Айтар болсаң мысалға:
Жазда сонда тұрам деп,
Қыста мұздан үй салған.

Өшірем деп күнді үрлеп,
Күлкі болған баршаға...
Ұсынатын орындық
Жылқыларға шаршаған.

Алтын ақша ішінен
Бақыр тиын таңдамақ.
Янек деген, әрине,
Барып тұрған жаңғалақ!

## КҮРДЕЛІ ЕСЕП

Үш балапан өзара
Келіскелі көп болды.
Бірі қоңыр, бірі көк,
Үшіншісі жоқ болды.

Ә дегенше екеуі
Шыға келді алдынан.
Бірі қырдан, бірі ойдан,
Үшіншісі – шалғыннан.

Тағы шықты біреуі
Көрмедіңіз оны сіз.
Ән шырқайды шадыман,
Ал көршісі көңілсіз.

Біреуі айтты: – Ағайын,
Бекер-босқа шашылма.
Бесеу болдық қалайша,
Сегіз едік басында?!

– Ие, – деді біреуі, –
Санай-санай жалықтым. –
Бірінші едім басында,
Жетінші боп қалыппын.

Шықпай жатыр есебі,
Көне, көне, кел сана...
Құсханаға бет алды
Үй үйрегі болса да!

## ҒАЖАЙЫП

Оқыс шығар,
Оғаш шығар кімге де.
Жирен сары
Қар жауды бір
Шілдеде.
Аңызына,
Ертегіге жақсы үйір.
Көк аспанға
Ұшып шықты ақ сиыр.
Көбелектер
Тор тоқыды
Сорына:
Жасыл күнді
Түсірмек сол
Торына.
Құстар үрді,
Иттер ғажап ән салды,
Жалғаны жоқ,
Жұрттар соған тамсанды.
Ғажап екен
Көк шалғында
Көзің де:
Көзім жұмып
Көрдім бәрін өңімде!

## БІРІМІЗ ҮШІН БӘРІМІЗ

Тас қалаушы үй салып,
Алғыс алды бірінші.
Үй болмаса, мысалы,
Не істер еді тігінші?

Жұмыссыздық тиімсіз,
Басынды одан ала қаш.
Тас қалаушы
Киімсіз
Жүрер еді-ау жаланаш!

Етікші етік тігеді,
Наубайшының нанын жеп.
Наубай пешке күйеді,
Етікшінің қамын жеп.

Олай болса, бәріміз
Ел қажетін өтейік:
Жасымыз бен кәріміз
Жұмыла еңбек етейік!

## ЕҢ БІР МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ ЖАЙЫНДА БАЛАЛАРҒА ХАТ

Ақыл айтып хат жаздым,
Хатымды осы ала бар:
Жиі-жиі жуынып
Жүріңдер, ей, балалар!
Суыменен құдықтың,
Суыменен бұлақтың
Жуыныңдар,
Кетсін бір
Кірі болса құлақтың.
Беті-қолды ұмытпай
Жуыңдар дәм татарда,
Жуыныңдар тұра сап,
Жуыныңдар жатарда!
Қандырайын кеңеспен
Құлағыңның құрышын.
Су мен сабын қоймайды
Қолдың кір мен шырышын.
Жиі-жиі жуынып,
Қуантыңдар ананы.
Сүймейді шын суқаным
Салтақ-салтақ баланы!
Қолын да оның алмаймын,
Дәм татпаймын үйінен.
Өзім жиі жуынам...
Дұғай сәлем Тувимнен!

# КӨЗӘЙНЕК ҚАЙДА

– Валя әжейдің берекесін кім алды?
– О кісінің көзәйнегі жоғалды! –

Іздегені тез табылса жарады,
Жастығының астын сипап қарады.

Таппағасын түңілді ме, састы ма,
Төсектің де кіріп шықты астына.

Басын сұғып күбі менен шелекке,
Түсті мықтап Валя шешей әлекке.

Шығарып бір үйдің астан-кестеңін,
Отырды әжей қолына ұстап бөстегін.

Қара тер боп өзіне өзі ұрысты,
Дем алды да, қайта іздеуге кірісті.

Сыбап алып кәріліктің кеселін,
Қайта ақтарды жастығы мен төсегін.

Алқынғаны басылған соң шамалы,
Коймаға да кіріп шықты шам алып.

Бар еңбегі бекер болды, еш болды,
Сөйтіп жүріп ымырт түсті, кеш болды.

Көзәйнегі табылмады бірақ та,
Ұрлаған жан жете коймас мұратқа!

Енді қайтті? Бәрін қайта қарай ма?!
Қарсы алдында ілулі тұр шарайна.

О кәрілік, мұнша неге аңғал-ды!
Қарады да айнаға әжей, таң қалды:

Өстіп адам өзін-өзі алдай ма?
Көзәйнегі жүріпті ғой маңдайда!

Валя әжейдің сиқырлы екен айнасы,
Айнасының тиді сөйтіп пайдасы.

## ҚАРИЯЛАР

Құлшынамыз кәдімгі күншуаққа.
Елеңдейміз көңілді жыршы баққа.

Су себуден гүлдерге басталар күн,
Аймалаймыз баласын басқалардың.

Күнде жұлып бір бетін календарьдың,
Азайып-ақ барады-ау алаңдар күн!

## НАЙЗАҒАЙ

Ойнағаны жарқылдап,
Найзағайға жарасқан.
Қара судай сарқылдап,
Қайнайды көп қара аспан.

Шыдай алмай жасынға
Жаңбыр құйып өтеді.
Жанұшырған жасыл бақ
Күңіреніп кетеді.

## ШАЛҒЫН

Шалқар шалғын, көңілдің
Түріп тастап іргесін,
Сен деп, мен деп бөліну
Ойымызға кірмесін!

Гүлің мен боп, мен гүл боп,
Тамырымыз өлмесін.

Сөз атаулы, тегінде,
Арамызға кірмесін!

Екеуміз де Тувим боп,
Мақсатқа бір жетейік.
Не екеуіміз де шалғын боп,
Тұтасып бір кетейік!

## ҚҰС

Таңдайын қағып, тіл безеп,
Қызығын бұлбұл бастар ма!
Ән менен жырға елгезек,
Жан кіріп қалды жас талға.

Таң қалма, талға, батырым,
Селкілдеп тұр деп ол неге:
Ұшты да,
Ішегін қатырып
Күлдіріп кетті қу неме!

## ӘРІПТЕР

Не боп қалды?
Қозғап па едің
Тиіп пе ең?
Бүкіл әріп құлап түсті биіктен.

Таба алмайсың енді бүтін-толығын,
М жылайды шығарып ап тобығын.

Г-нің аздап майысыпты қалқаны,
Ж-ның әбден шықса керек талқаны.

Жалғағанмен киюының келмеуін:
Ю сорлы жоғалтыпты белбеуін.

У әрпіне жүрмейді енді бұйрығың:
Құлағанда қырқып апты құйрығын.

Ф дегенің шыға кепті ісініп,
Болмайды оны ешбір адам түсініп.

Омпысынан түскенде Р, мұнша арып,
Қатқыл еді, қалыпты ғой жұмсарып.

С осыған әжептәуір күйініп;
О-ға айналып кетіпті тез иіліп.

Есін жиған А да сондай ғаріп-ті,
Танымады біреуін де әріптің!

## КӨКӨНІС

Әкелді апам базардан
Барлығынан тазарған:
Бұрыш,
Бұршақ,
Картоп,
Қызылша,
Сәбіз ұзынша.

Ас қылатын мен асты,
Деп өзара таласты:
Бұрыш,
Бұршақ,
Қызылша,
Картоп,
Сәбіз ұзынша.

Пышақ – өткір құрал-ды,
Бірі қалмай туралды:
Бұрыш,
Бұршақ,
Қызылша,
Картоп,
Сәбіз ұзынша.

Қазанға кеп түсті де,
Қайнап-қайнап пісті де:
Бұрыш,
Бұршақ,
Қызылша,
Картоп,
Сәбіз ұзынша.

Айналды бір дәмді асқа,
Амалың жоқ нанбасқа!

## ПАРОВОЗ

Пыс-пыс дейді тымау тиіп қалғандай,
Май-май киім терден сығып алғандай.

Жалын атып алқынады,
Көрсеңші,
Көрмеген боп тұр-ау бірақ көсеуші.

Қалай шыдап,
Қалай төзді десеңші,
Көмірге оны
Тойдырыпты көсеуші.

Гүр-гүр етіп,
Жанады от,
Жанады.
Аппақ жалын
Ішін өртеп барады.

Міне, әкеліп вагондарды тіркеді,
Ал вагондар жүкке толып тұр, тегі.

Біреуінің ішінде елу торай бар.
Торғайға да,
Қабанға да қарай бар.

Үшіншіде шошқалар жоқ,
Жылқы бар.
Төртіншіде тағы солар жұлқынар.

Бесіншіде шошқа да жоқ,
Ат та жоқ.
Не тиеулі дүние жоқ,
Зат та жоқ.

Оның іші толулы екі семізге,
Күйсеп отыр,
Күйсеп отыр өгіздей...

Алтыншыға,
Шатастырмай бір санды,
Тиепті әкеп дәл он екі күйсандық.

Жетіншіде диван,
Диван көп онда.
Астау толы
Сегізінші вагонда.

Керік[1] пенен сусиыр[2] бар тоғызда.
Оныншыда зеңбірек бар...

Тамызда
Жолға шықты
Қырық вагон керуені.
Есімде жоқ,
Көп болатын көргенім.

Жиналып кеп
Бір жүз жиырма палуан,
Жеп-жеп алып
Тамағыңды алуан,
Итергенмен

[1] *Керік* – жираф.
[2] *Сусиыр* – бегемот

Азаматтар ең күшті,
Жылжыта алмас еді, шіркін, бұл көшті!

Пыс-пыс! – деді,
Уһ-уһ! – деді
Бір кезде.
Пыш-пыш! – деді,
Уф-уф! – деді
Бір кезде.

Сосын
Әлгі
Шойынқара батырың
Жайлап
Жылжып
Жүре берді ақырын.

Дегендей бір қалмайтын көш артында,
Вагон біткен басты, ақыры, қарқынға.

Рельстен шықпады да,
Аумады.
Тепкен доптай,
Атқан оқтай заулады.

Көктеп өтті
Көк тоғайлы даламды,
Көктеп өтті
Кейде тақыр аланды.
Көктеп өтті
Асқар-асқар тауларды,
Көктеп өтті
Піскен бақша-бауларды.

Көктеп өтті
Белес-белес жал, қырды,
Көктеп өтті
Көк дауылды,
Жаңбырды.

Заулайды кеп,
Заулайды кеп
Ұшқандай!
Бұл керуенді екпіндеткен күш қандай?!

Не істемейді,
Не істемейді
Сасқан бу?
Тозақ-оттан
Жан ұшырып қашқан бу?!

Қазанында бұрқ-сарқ етіп ақ бұлақ,
Қайнаған бу
Шығады бір атқылап.

Жолдағының бәрін қозғап,
Ысырып,
Биіктетіп,
Бірін төмен түсіріп,
Ызалы бу
Рычагты басады.
Рычагтан дөңгелектер сасады.

Тақы-түкі,
Тақы-түкі,
Тез өт! – деп,
Тоқтамайды дөңгелектер безектеп.

## СУАЙТ ГРИША ЖӘНЕ ОНЫҢ АПАЙЫ ТУРАЛЫ

– Жібердің бе жібер деген хатымды?
– Жібермесем, қарғыс атсын атымды!
– Айтқаныңның бәрі өтірік, о, тоба!
– Сізге өтірік айтқанда мен не табам?!
– Илануға болмайды-ау бір ісіңе.
– Ренжитін сөз айтасыз кісіге!

– Ит болатын болды-ау көкең хат тосып.
– Жаныма шын күдігіңіз батты осы.
Леонға жазылған бір хат екен,
Конверт деген әп-әдемі зат екен.
Сізден мұндай ауыр сөзді кім күтті?
Көк жәшікке хатыңызды сүңгіттім.
Фамилия,
Адрес бар сыртында,
Маркасы бар,
Айтқанымды бір тыңда!
Хатыңызды салған кезде
Қасымда
Сіз білетін Зоя тұрды, расында.
Үстіндегі киімінің түсі көк
Салды ашық хат әскери бір кісі кеп.
Бой деген де бар-ақ екен өзінде,
Жүреледі хатын салған кезінде.
Өтті сиыр осы сәтте мөңіреп,
Өтті қыздар,
Азан-қазан төңірек.
Аузым менің барған емес жалғанға,
Міне, осылай болған мен хат салғанда... –
Ұясынан шықты көзі апайдың:
– Суайт демей сені қалай атаймын!
Өтірікші екенсің бір қақсаған,
Қашан бердім салып кел деп хат саған!

## ҰМЫТШАҚ ПІЛ

Дүниенің жүгін түгел артатын,
Кім дегенде,
Жеті тонна тартатын,
Өмір бойы жеңіліп бір көрмеген
Болыпты піл
Тұмсықбаев Зор деген.

Зор десең зор –
Дәл қойылған бұл аты:

Тұмсығымен бір ұрғанда-ақ
Құлатып
Түсіретін.
Лайықты бұл атқа...
Суми еді,
Ұмытшақ еді бірақ та.

Шақырып бір досын кешкі тамаққа,
Өзі кетіп қалатын-ды қонаққа.
– Ау, қожайын, қайдасың? – деп,
Досының
Қағып-қағып кететін жұрт есігін.

Шақырса өзін, –
Ұмытшақ деген бар аты, –
Ләйліп-ләйліп,
Басқа үйге бір баратын.

Балаларын есі кете сүйетін
Есі кетіп, су ми болып жүретін.
Дегісі бір келген кезде:
«Ұл-қызым»,
Шатыстырып
Дейтін ылғи:
«Піл-бұзық!»
Дегісі бір келген кезде:
«Былай тұр!»
Шатыстырып
Дейтін ылғи:
«Жылай тұр!»

«Жаңғалақтық болатын бір затында,
Ұмытып кейде қалатын өз атын да!
Ұмытып қалып
Тұмсықбаев дегенді,
Танысқанда
– Былшықбаев! – деген-ді.

Жарының да ұмытып қалып есімін,
Жүретінді шығарды ол осы күн.
– Ой, есуас!

Кеткен миы сұйылып!
Емдел! – деді әйелі әбден күйініп.
Ем дегенді ұқпайтын ол ғаріп-ті,
Дәрігер деп адвокатқа барыпты.
Өзін-өзі тұмсығымен қамшылап,
Барыпты ол орманшыға,
Аңшыға.

– Есімдегім әлі есімде емес пе?
Түсіруім керек менің нені еске?! –
Депті есуас барған жерде бөріне,
Алжығандай сорлы неме көрі ме?!

Жолыққанша ол, ақыры, бір ұстаға,
Күліпті жұрт,
Қылыпты жұрт күстана.
Айтпағанда шаруасын піл шамалап,
Жібергісі кеп тұрды ұста тағалап.

Ақылды ұста жаны ашыған піліңе,
Тыңдап болып,
Қарапты оның тіліне.
Балғасымен ұрып көріп маңдайын,
Аузын ашып,
Қағыпты ұста таңдайын.

Құлағыңа су жіберіп бір бақыр,
Тұмсығыңа түйін түйем,
Тұр, батыр! –
Депті де ұста,
Істепті әлгі айтқанын,
Көрсең пілдің мәз боп үйге қайтқанын.

Ұясынан шықты көзі жардың да,
 – Не боп қалды?
Дәрігерге бардың ба?
Не ақыл айтты?
Қарады ма құлықты?
– Не дегені есімде жоқ,
Ұмыттым!

# Румыния

*Тудор Аргези*

## ОРАҚ

Құлап түсіп көктегі Ай,
Жатты егінді жапырып.
Орақшы ағай
Оп-оңай
Саптап алды қатырып.

Оруға орақ беттеді
Мол егінді теңіздей.
Орақ пен Ай көктегі
Бірге туған егіздей.

Егін жерге сыймайды,
Орақ бірақ таймайды.
Баудай түскен бидайды
Ляна қыз байлайды.

Қусырылып аймағың
Орып жатыр тоқтамай.
Орақ-айға ойдағы
Ырза шығар көктегі Ай.

## СОҚА

Бұл соқаны кім өзі тапқан ойлап?
Жүре берді құлпырып әбден аймақ.
Құнарсыздың не пайда кеңдігінен?
Сала берді құлпырып енді міне!

Кімнің қолы соқаның құлағында?
Тұла бойың толады жылы ағынға.
Бұл нағылған еңбеккер өжет еді!
Күнделікті наныңа не жетеді!

Ызғарыңнан қорықпай,
Тұмаулардан
Кімнің қолы ертемен тың аударған?
Жер қыртысын қопарып білекпенен,
Үмітпенен ұмтылды, тілекпенен!

Күнде осылай таң баяу бозарады.
Өзі жыртып, өзі егіп, өзі орады.
Қуанышқа айналып қасіретің,
Осы еңбек қой адамды өсіретін!

## МИЦУРАҒА АРНАЛҒАН БЕСІК ЖЫРЫ

О, Жаратқан, танып көр!
Айналаңды анық көр.
Титтей менің қызыма
Титімдей үй салып бер!

Дұрыстап бер бергенсің!
Айта алмасын көрген сын.
Терезесі алдында
Титтей қайың тербелсін!

Әрлі-берлі өткендер
Көзін сүзіп көктемде...
Құрбақаға құрбы ғып,
Көбелек бер көкпеңбек!

Ол керемет талапкер,
Бояу менен парақ бер.
Үйін салып болған соң,
Оған өзің қарап көр!
Төрт терезе, екі есік,
Тұрмақ сонда әкесі!...

## Сербо-Хорватия

*Иован Иованоч-Змай*

### АР-НАМЫС

Намыс сенің халқыңда
Сатылмайды алтынға.
Арды Өмір деп бағалар,
Аса қымбат оған Ар.
Сатар едік қамсызға,
Ар болмайды арсызда!

### НЕГЕ?

Тұрған кезде жауып қар
Үйрек-қаз бен тауықтар
Неге мұзда бір елі
Жалаңаяқ жүреді?

Өйткені оның бірі де,
Өмір бақи тіріде
Шұлық тоқып көрмеген,
Желкесі жар бермеген!

### ҚАҺАРМАН НИКА

Мөз болуға барамыз,
Қаһарманға қараңыз:
Басында ауыр телпегі,
Оң қолында келтегі.

Әскеріңді кернейлі
Шыбын құрлы көрмейді!
Азынайды
Тамаша
Астындағы ағаш ат!
Тиетіндей ол жауға,
Қабағынан қар жауған.
...»Тыш-қан!» десең ақырын
Қашқалы тұр пақырың!

## АПАМ ҮЙДЕ ЖОҚ КҮНІ

Балалармыз бірнеше
Қазір менің бөлмемде.
Талып қалып жүрмесе,
Апам қайтып келгенде.

Дүниеміз – шошынба! –
Шашылудай шашылды.
Халықаралық
Осында
Сауда орыны ашылды.

Былығудай былықты,
Әттең, үйдің тарлығы!
Шкафтағы мүліктің
Шығардық біз барлығын.

Тыңдар емес тасылып,
«Қой, қойыңдар!» десек те.
Ит пен мысық қосылып,
Шығып алған төсекке!

Астан-кестен бөлмемде
Не түседі назарға?
Болар апам келгендей
Үйіне емес –
Базарға!

## КӨК ЖАЛҚАУ

– Сабасаңыз сабаңыз,
Кірмеймін мен есепке! –
Деді дағы Савваңыз
Құлай кетті төсекке!

Жаны сүйген ісінде
Онымен тістеспе.
Бір бақшаны
Түсінде
Суарғаны түсті еске!

Кететін жан егесе
Ақылыңды тыңдай ма?
Жалқаулығы он есе
Ұстайды оның мұндайда.

Тұла бойы құрыстап,
Таң қалдырып баршаны:
– Түсімдегі жұмыстан –
Дейді – әбден шаршадым!

## ҚОРЛЫҚ-АЙ!

Тек ішіп-жеп көзіммен,
Түк қалмайды төзімнен!
Әрқайсысы батпандай
Піскен алма көп қандай!
Бірақ бәрі биікте,
Өлер болдым күйіктен!

Әлек салып ауылға
Тұрмайды екен дауыл да!
Түсер еді ауылда
Бүкіл алма сауылдап,
Қасірет пе, қайғы ма,
Жетер емес бой мына!

Көз жеткенге бой жетпей,
Болдым сорлы көжектей!

## МАТАҒА НЕ БОЛҒАН?

Шыны ма бұл, ойыны ма?
Байлап өзін бір жіпке,
Қарғы киіп мойнына
Кірді Мата үйшікке!

Ағаға, не інігe
Мән бермеді біріне.
Матаның бұл шынымен
Еркелеген түрі ме?

Шықпаған соң атағы,
Таң қалдырмақ елді не?
Әлде біздің Матаның
Ит болғысы келді ме?

Қайтып оны ұғады
Жатқан күшік іргеде?
«Төбет» әлі шығады
Қашқан кезде бүргеден!

*Иван Цекович*

## МАҚТАНШАҚ ТОЛҚЫН

Ақ толқын ақ жал пішінде
Бұлқынған бұла күшінде
«Жіберем шайып, жағалай,
Қас қағым уақыт ішінде!» –

Деп бөскен кезде
Күн шықты
Мәселе содан ушықты.
Ақыры құмды құшақтап,
Мақтаншақ толқын тұншықты.

## НЕМЕН НЕ ҚҰШАҚТАСАДЫ?

Жағалаумен құшақтасар теңіздер,
Егіздермен құшақтасар егіздер.

Асқар тау да бере алмайды кекжие,
Аспанменен құшақтасар көкжиек!

Жолдың ұшы құшақтасар ауылмен,
Жабағы бұлт құшақтасар дауылмен.

Қызыл қораз құшақтасып ақ таңмен,
Күннің нұрын қарсы алады мақтанмен.

Оқушылар құшақтасып дәптермен,
Бейбіт тірлік құшақтасар кептермен.

Жауаптармен құшақтасып сұрақтар,
Қараңғыны аймалайды шырақтар.

Жапырақтар құшақтасып желменен,
Аққу-қаздар аймаласар көлменен.

Аэропортпен амандасып ұшақтар,
Айқасады құшақтар мен құшақтар!

## ҚОШ БОЛА ТҰР, КӨК ТЕҢІЗ!

Теңіз сүйген қалада
Қалай жүрер желпінбей?

Жағадағы балалар
Теңіздегі дельфиндер.

Телегейің,
Теңізің
Татулықтың негізі.
– Жоқ түйір де өкпеміз,
Қош бола тұр, көк теңіз!

– Демалғаның олжа да!
Қош бол! – дейді құм жаға.
Су-су етіп мол құмдар,
– Қош бол! – дейді толқындар.

– Тағы да кел жағаға! –
Дейді шаңқан шағала.
– Қош бол! – дейді көк аспан
Көк теңізбен таласқан.

Күнге, суға, сағымға
Тез оралар сағынған.

## КІМГЕ НЕ ҚАЖЕТ?

Ештеңе жоқ тарығар,
Мұнда бәрі, бәрі бар.
Жететіндей бір айға
Екі бетке шырай бар!

## ТҮНГІ ӨЛЕҢ

Көзін жұмып әйнектер,
Ұя бағып ләйлектер,
Түс көреді аландар.
Қара күңгірт шатырлар,
Қораз, ерте шақырма!
Ештеңе жоқ аландар!

Көшкендей ме ғайыпқа?
Қалғып кеткен қайықтар.
Таңғы сәттер киелі.
Бастан кешіп бұл күйді,
Кәрі теңіз мүлгиді
Жартастарға сүйеніп.

Соноу шалғай ғарыштан
Жүрегіңді шанышқан
Үн келе ме құлаққа?
Қалғи алмай Ай ғана,
Айдың нұры аймалап,
Жатқандай ақ түсіп қар.
Жетер болса батылы,
Бас салардай атылып,
Елеңдейді мысықтар.

Көкке қожа жұлдыздар,
Жерге қожа ұл-қыздар.
Ұйқы-түбіт түтеді.
Тағы да артта қалды күн.
Қалғы, көкем, қалғығын.
Бақытты таң күтеді.

# Сирия

*Сүлеймен Әль-Иса*

## КӨКТЕМ КЕЛДІ

Қош айтысып өткенмен,
Жасады Күн жоралғы.
Көктем келді,
Көктеммен
Әнші құстар оралды.
Безендірген гүлменен
Бешпент киіп тұр қырат.
Көктем келді,
Күн менен
Жердің иісі бұрқырап.

Шөптің қою бояуы
Сіңіп қалар кебіске.
Шопан ерте оянып
Қой жаяды өріске.
Аймаласты гүлменен
Көңіл шіркін шұрқырап.
Көктем келді,
Күн менен
Жердің иісі бұрқырап.

Қаншаға бұл созылар?
Сайра құстар, күн ұзын.
Марқайыңдар, қозылар,
Еміп көктем уызын.
Тіл табыспақ күмменен

Толқындарда жоқ тұрақ.
Көктем келді,
Күн менен
Жердің иісі бұрқырап.

## СӘЛЕМ, ЖАҢБЫР

Сәлем, жаңбыр!
Сағынып,
Кім бар сені күтпеген?
Жататын жұрт табынып,
Сенсің байлық,
Құт деген.
Күтті сені
Таңдайы
Кебірсіген егістік.
Сен аспанның сыйысың
Жылдар үшін жемісті.
Малмандай қыл бауды да,
Малмандай қыл тауды да.
Өте шықты демейік,
Сәл сіркіреп жауды да.
Сені халық тосады,
Көңілі елдің босады.
Бітік егін
Қалсын бір
Көтере алмай масағын!

## КӨШЕТ МЕЙРАМЫ

Айналаны барлаңдар,
Әдейі уақыт арнаңдар.
Өзен бойы,
Жол бойы
Көрінбесін орманнан.
Өмір – таза көк айдын.

Сол айдыннан молайды,
Шипа болар жанына
Самалы да тоғайдың.

Осы мақсат,
Осы үміт.
Осы дәулет,
Осы құт.
Сыңғырлайды ауа да,
Мен де күлем қосылып.
Өспек қандай ну орман?
Орман емес, гүл арман!
Әуелеген әуенің
Жұпарымен суарған.

Түнде жұлдыз жағылар.
Аспан алқа тағынар.
Жүдеу өңді шөл дала
Жасыл шапан жамылар.
Бақсыз бақыт болар ма?
Бұл ондайға қонар ма?
Адам көркі – шүберек,
Жердің көркі – көк орман!

## ЖАЗ ЖЫРЫ

Күнге толы кememін.
Күлкі – туым,
Желегім.
Мен сендерге
Мектепке
Сабақ жоқта келемін.

Күннің нұры – шашағым,
Құшағымды ашамын.
Мен сендерді
Жұлдыздай
Әр түкпірге шашамын.

Сөби едің,
Есейдің.
Жігіт болдың десе игі.
Ай менен Күн,
Жел сыйлап,
Гүлден кілем төсеймін.
Нұрға шомған ақ таңда
Ойна да күл,
Шаттан да.
Жалқау болсаң бірақ та
Бермеймін мен тәтті алма!

Азған,
Тозған жер көрдік.
Бәрінен де сол қорлық.
О, балалар,
Бақтарға
Жасау керек қамқорлық!

## ЖАҒАЛАУДА

Алып теңіз
Келмейтін
Оралымға,
Икемге,
Жып-жылы бір хайуандай
Аяғыңа сүйкенген.

Сол жып-жылы жағада
Отырамын құмда ойнап.
Келешекте еліме
Салатын үй,
Жолды ойлап.

Қуанамын қол соғып,
Қуанатын тұстарда.
Еркіндікке не жетсін
Толқындардай,
Құстардай!

## ДОП ТУРАЛЫ ЖЫР

Жазда, тіпті қыста да
Ойнамайды бекер ұл.
Ертегінің құсындай
Аспанға, доп, көтеріл!

Балақайлар көп қуар
Көгалда да,
Бақта да.
Ұнатады допқұмар
Кіргеніңді қақпаға.

Болмас сенде тығырық,
Табылар бір шарасы.
Сенің бүкіл ғұмырың –
Жер мен көктің арасы.

Қай кезде де іргемде
Менің жұмыр ұшағым.
Ұшып келіп кіргенде,
Толып қалар құшағым.

Керегі жоқ таяқтың,
Тепкен кезде зырлап өт.
Аяқ пенен аяқтың
Арасында жырғап өт!

## СЫБЫЗҒЫ МЕН ҚОЗЫЛАР

Қарашы қырға шыққан қозыларды.
Көк шөптің өзі балғын,
Өзі нөрлі.
Шопанның еріндегі сыбызғысы
Босатар буыныңды сазы бар-ды.

Кәдімгі мұңдасындай,
Сырласындай

Сыбызғы сұңқылдайды қыр басында.
Қозылар шөпке де мәз,
Көкке де мәз
Ойнайды төтелердің сырғасындай.

Тіршілік қалт-құлт еткен
Нағыз бүгін.
Бәрібір қойға рауғаш,
Қымыздығың.
Қозының қырға шыққан,
Ойға түскен
Қалмайды қыр соңынан сыбызғы үні.

Аспанда алтын күннің өзі күлген
Ойнайды әдемі әуен сезіміңмен.
Безілдет сыбызғыңды, көне, шопан,
Өлкенің өңі кірер нәзік үннен.

## СЕКЕМШІЛ КӨЖЕК

Капуста ма?
Сәбіз бе?
Жүрген шығар дәм іздеп.
Көрген кезім көжекті
Қас қағымдай тез өтті.

Ұратындай қамшымды ап,
Дір-дір етіп, қалшылдап,
Қарғып өтіп көгалды,
Атқан оқтай жоғалды.

Бір-ақ уыс шүйкедей
Шүйке емес-ау жүйке де...
Бір қылт еткен дөңесте
Ұқсап кетті елеске.

– Жүрсең егер тойғалы,
Кел екеуміз ойналық! –
Демек едім мен оған,
Көжегің жоқ жолаған!

## КҮЗ

Жауып-жауып көлдетіп,
Тұрады күз желдетіп.
Осы желден мазасыз
Әжім-әжім көл беті.

Шашақтанып жиегі
Бұлт қабағын түйеді.
Жоқ шалшықсыз,
Балшықсыз
Жердің сынық сүйемі.

Жапырақтар қып-қызыл,
Қайғыратын жоқ күзің.
Дәптерің бар,
Кітап бар, –
Бәрін бізге өткізіп.

Айналаға қараңыз,
Бар ма күзге шараңыз?
Келеді де күз бізге,
Біз мектепке барамыз.

## БАЛАҚАЙЛАР, ТЫҢДАҢДАР!

Не дейтінін
Ұққанмын.
Былай деді
Шыққан күн:

– Нұр жаусын деп
Түндіктен,
Бүр жарсын деп
Гүл біткен,
Шық кепсін деп
Алапта,
Сен барсын деп

Сабаққа
Жылу берем,
Нұр берем,
Бәрін істеп
Үлгерем!

Болсын сөзі
Жария,
Былай деді
Дария:
– Асырасаң
Мұнша елді,
Суарыңдар
Құм,
Шөлді.
Мен сендерге
Су берем.
Сумен қоса
Ну берем.

Күн сөйледі
Сыңғырлап,
Су сөйледі
Сылдырлап.
Құйма құлақ
Боламыз.
Біз мектепке
Барамыз.

## ҚУЫРШАҒЫМ

Маха деген
Бар менің
Қуыршағым –
Ермегім.
Алғаныма жыл өткен,
Ақ көйлегі жібектен.
Ақша бұлттай үлпілдек.

Үшқалы тұр елпілдеп.
Қожайынмын,
Иемін.
Өзін сондай сүйемін.
Жуындырам,
Сүртемін,
Бүйірінен түртемін.
Қолаң шашын тараймын,
Сүзіліп кеп қараймын:
Қызыл ернің кезеріп,
Сен қарайсың безеріп.
Кім боласың түбінде,
Қойсаң еді күлімдеп.

## ЖАПАЛАҚ ҚАР

Жапалақ қар ақ қандай!
Жерді аңсап тапқандай.
Ақ мамығы аққудың
Айналаны жапқандай.

Аппақ мейрам болғандай,
Қалады кім толғанбай!
Ақ қар емес,
Аққу ән
Ақ параққа қонғандай.
Қарағай да,
Қайың да ақ.
Жатпайды жұрт уайымдап.
Ойнаймын мен,
Алған соң
Сабағымды дайындап.

## ОШАҚТЫҢ ОТЫ ӨШПЕСІН

Жылу мен жарық көшпегін!
Ошақтың оты өшпегін!

Жалынар бағбан: – Суықтан
Сақта деп бақты жуықта!

Жалынар жаңбыр: – Біз барда
Сақта деп гүлді ызғардан!
Жылу мен жарық көшпегін!
Ошақтың оты өшпегін!

Іздеген жылы алақан,
Тығылды маған балапан.

Білмесін суық өлімді,
Аяма жылу, лебіңді.

Қаймықпа енді суықтан,
Мен саған оны жуытпан.

Жылу мен жарық, көшпегін,
Ошақтың оты, өшпегін!

## ҰШАҚ

Аспанда, бұлтқа бөленген,
Зымыра, заула, көлеңде.
Тыныштық, бақыт әкел сен
Арабтар тұрған әлемге!

Шаруамды бүкіл түгендеп,
Барлығын енді білем деп,
Оқудан кейін өзіңді
Мінемін желмен жүгендеп.

Ұл болу керек қырағы,
Оған жоқ жердің жырағы.
Зымыра, заула,
Ертеңгі
Мінетін менің пырағым!

# Словакия

*Криста Бендова*

## КЛАСС БОЛДЫ...

Класс болды, кластың боры болды.
Бор болғаны өзінің соры болды.
Класс болды, кластың боры болды.
Таусылмайтын бір шама қоры болды.
Ұқсайтұғын теңіздің малтасына
Мушка алды да сүңгітті қалтасына.
Енді бірі жатқанды шалқасынан,
Грушка алып сүңгітті қалтасына.
Үшіншісін, бөлінген ортасынан,
Шанко алды да сүңгітті қалтасына.
Бүкіл класс ақыры борсыз қалды.
Бітпейтіндей қор еді, қорсыз қалды.
Қымқырғандар бұл жайды көрмеді ме?
Айналдырды борларын ермегіне...
Алды деуге осылар куәң бар ма?
Жазбайтынды жазды олар дуалдарға.
Бор болмаса, тақтада сән болмайды.
Жазбаған соң тақтаға мән болмайды.
Сақтамайды,
Сақтайды кім есінде
Бордың орны қайда өзі,
Білесің бе?

## ҚҰСҚА АЙНАЛСАМ

Құсқа айналсам, шіркін-ай!
Ұшар едім бір күні-ай!
Шіркей болсам, туысқан,
Тығылар ем қуысқа!

Балық болып көрем деп,
Шықпас едім тереңнен.
Тышқан болсам кешқұрым
Паналар ем пеш түбін.

Жапырағы қайыңның,
Шыбын-шіркей, не маса,..
Болуға мен дайынмын,
Тек оқушы болмасам!

Бір-біріне ұласқан
Қаншама азап көремін?
Бүгін қазір класта
Қалай жауап беремін?

Әр күн сайын өкініп,
Алатыным «Екілік».
Ұстай алмас бір құмай
Құсқа айналсам,
Шіркін-ай!

## САБАҚ ҮСТІНДЕ

Азат дала,
Азат қыр.
Оқу деген азап бір!
Оқулықтан бас алмай,
Шаманнан тыс аса алмай,
Басың мүлдем қаңғырып,
Дел-сал болып,
Меңгіріп.

Тыңдағансып өтірік,
Қалғып-мүлгіп отырып,
Ұйқы басып ақыры,
Құлап кетер пақырың!
Айт шыныңды,
Жасқанба!
Сенің де ойың –
Аспанда!

## ГАММАФОН

Үтір де жоқ,
Нүкте жоқ.
Мағына жоқ,
Түк те жоқ
Ашқан аузын жаба алмай,
Айтып шығар дем алмай.
Түсінбеген,
Жаттаған
Әрең-әрең тоқтаған
Шын білімнен құр алақан
Карел біздің граммафон!

## ҮНДЕУ

Король тыныш тұрмақ па,
Іші пысып бір уақта
Ми ашытып толғанды,
Ойлап, қалам қолға алды.
«Қыздың бәрі өтірік
Ынтасымен отырып
Сырын бізге айтады.
Анасына қайтады.
Сабақ деген немене?
Оқу кімге өнеге?
Лажсыздан жүрміз ғой,
Аңқау елмен бірміз ғой.

Қандай шуақ далада,
Мамыр келді қалаға.
Ашық күнді дəріптеп,
Қыдырайық паркте».
Апай оқып түсінді,
Қатты соған қысылдым.

## САТУЛЫ СƏЛЕМ

Мұғалімді көргенде
Томаш сəлем бергенде
Июдейін иеді,
Басы жерге тиеді.

Мұны ұстаздар күткен бе,
Оқу жылы біткенде
Томаш бермес сəлемін,
Сондағы оның дəлелі:

«Тыңда қызың, ұлың да,
Жаңа оқу жылында
Сабақ берер басқалар,
Сол басқалар басқарар!»

*Мирослав Валек*

## МАШАҚАТ

Қайда барсаң ақ боран,
Ақ боранда жат та оран.
Аппақ үйлер көшіп жүр,
Ақ көбікті кешіп жүр.
Қарағайлар қар басқан,

Ақ жынменен арбасқан.
Азынайды,
Сарнайды.
Әлденені қармайды.
Бұл боранның аяғы
Неге апарып саяды?
Бір әңгіме бір уақта
Шалынады құлаққа.
Арғы кеш те,
Бергі кеш
Қалғымайды Қар-бикеш.
Қолдан түбіт түтеді,
Қар-жігітін күтеді.

Жыласаң да ол, мейлі,
Келе алмайды,
Келмейді.
Бекер қолың бұлғама!
Айналған ол жылғаға.
Бітпей жатып қыс басы,
Еріп кеткен, қысқасы.
Жылап еді кетерде,
Күтеді оны бекерге.
Суға айналған жерін Сіз
Анықтап бір көріңіз.
Барасыз ба?
Жол қысқа,
Бір жылға бар сол тұста.

Есі кеткен бораннан
Адам өтсе араңнан
Байқамайды
Көрмейді,
Тек қолдарын сермейді.
Болатұғын зарлы кеш,
Қар-жігітін Қарбикеш
Кездестірді,
Жолықты.
Қуанышқа молықты.

Байқадың ба?
Білдің бе?
Сәл жымиып күлдім мен!

## ТҮЙЕ

Өтіп кеше бұл бетке,
Кірді түйе буфетке.
Оттай жанып шырағы,
Сатушыдан сұрады:
– Айналайын,
Қарағым,
Аңқам кеуіп барады!
Суың бар ма шамалы?
Бара жатыр шөл алып.
Жақсыға жат дандайсу.
Сатушы айтты:
– Қандай су?!
Қадалғандай бір сүңгі,
Түйе байғұс күрсінді:
– Ауырыңыз,
Шөлдеңіз! –
Қара сумен емдеңіз!
Дейтін едік өзілдеп,
Соны айтамын қазір де!
Сатушы оған:
– Жоқ! – деді, –
Қонақтарға шеттегі
Лимонад беремін,
Сол дұрысы,
Керегі!

Түйе тағы күрсінді,
Күрсінді де қымсынды:
– Менен, көке, үрікпе,
Он екі жыл циркте
Еңбек етіп келемін,
Бәріне де көнемін!

Құм деп ағаш ұнтағын,
Ұнтақпенен қымтады.
Үндеме, дос, үндеме.
Күндіз түгіл,
Түнде де
Күн тұрады шақшиып,
Мен тұрамын қақшиып!
Жүргендеймін елімде,
Қайнап тұрған шөлімде.
Біз – шөлдегі кемеміз,
Бірақ сусыз өлеміз!
Сатушы қыз мырза екен,
Оған және ырза екен:
– Жүрген жоқсыз елсізде,
Май берейін мен Сізге!
Тер төккенге осынша,
Сүт берейін қосымша!

Түйе тағы күрсінді,
Шын мәнінде қымсынды.
– Сүйкімді екен қарасың,
Су бер, көкем,
Қара су!
Өңештен бал өтпейді.
Суға ештеңе жетпейді!

*Франтишек Грубин*

## КӨКТЕМДЕ

Жаңбыр жауды, күн шықты,
Тағынды гүл мың шықты.
Секіргіштер секірді,
Лепіргіштер лепірді.

Ойнағыштар ойнады,
Тойлағыштар тойлады.
Көктем келді,
Жаз келді.
Бәрі-бәрі мәз болды.
Күн билесе көгінді,
Адамдар да көңілді.

## ҚОҢЫЗ

Нүкте, нүкте,
Қос үтір –
Бар болғаны осы түр.
Сен білетін баяғы
Бұл қоңыздың аяғы.
Оң жағында бір нүкте.
Сол жағында бір нүкте,
Егіз қанат бірлікте.

Күншуақты қаласаң,
Кел, қасыма қона сал.
Отыр біраз гүжілдеп.
Әлденеге кіжіндеп.
Алақаны баланың –
Ұшып-қонар алаңың.

Үрлемейді бекер ұл,
Аспанға тез көтеріл.
Түп-түзу һәм тіпті ұзын
Тікұшақ бол қып-қызыл.

## КӨКҚҰТАН ЖӘНЕ КӨЛБАҚА

– Қайда бақа? Қайда?
Бақа бізге пайда.
– Бақа, бақа, өлме,

Көкқұтан жүр,
Келме!

Өлетіндей аштан
Аузын керіп ашқан,
Түйір тамақ жемей,
Суға толған көмей.

Өлетіндей тегі
Шұрылдайды шегі.
Қайткенде де оған
Түк бермеді туған.

## ЖАЗ

Жидекке бай жер құтты.
Тау текені үркіттім.
Саялы жер бар әлі,
Безді бізден маралы.

## ӘТКЕНШЕК

Боженкаға алып берді әткеншек.
Өзі ойнады ол бар қызығы өткенше.
Әткеншекке отырады ол таң атпай,
Біреуімізді маңайына жолатпай.
Достарым көп, жоқ олардың өкпесі,
Боженкада әткеншек бар,
Жоқ досы!

## ӨЗЕН ЖАҒАСЫНДА

Өзеннің де өзін тыныш қоймайды,
Білесің бе, балық қалай ойнайды?

Айналаға нұр шашқанын ұнатып,
Ойнайды олар бір-біріне күн атып.

Жойқын жайын бір сілтесе құйрығын.
Өзен оның түсінеді бұйрығын.

Сол-сол екен, күннің өзі қашады,
Айналаны қараңғылық басады.

## БАҚБАҚ

Шалғын толы бақбақ,
Неткен әлем аппақ!
Үрлеп еді Витек
Кетті аспанды қаптап.

Шынында да, қар ма?
Күдігіңіз бар ма?
Тозғанаққа толды
Суы жоқ бос арна.

Туған дала бүтін
Барып тұрған құтың.
Паровоз боп Витек
Ұшырды аппақ түтін!

## АЙ

– Ұтылғандай бәйгеде
Көңілсізсің, Ай, неге?
– Жұлдыздарды ысырып,
Алдым бірін түсіріп.

– Жұлдыз ізсіз кетер ме?
Қайғырасың бекерге.
Жұлдызыңды аңсаған
Тауып берем мен саған.

## ТАҢ АТПАЙ ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

– Қайда кеттің, қарап тұрмын таң қалып,
Ұстарадай лыпылдаған шалғы алып?

– Ерте тұрып жолдастыққа ал күнді.
Шық бар кезде шапсам деймін шалғынды.

– Құрғақ шөптен көңіліңіз қалды ма?
Шықтың қанша қажеті бар шалғыға?

– Шық бар кезде шалғы жақсы жүреді,
Дымқыл шөптің іргесін тез түреді.

Шауып қалам шық жоғалып кеткенше,
Шалғы жауы – аптап пенен кепкен шөп.

## ТОҒАНДА

– Тепик, қайда барасың,
Кел табайық жарасым.
– Тоғаныңды мақтама.
Айтқан маған ақ табан:
Көп түспеймін,
Болады:
Кірім кетіп қалады!

## БАТПЫРАУЫҚ

Батпырауық ең кіші
Ұшақтардан кем күші.
Кем болмаса қуаты,
Кетер едім мен де ұшып.

Ақша бұлттан асқанда,
Батпырауық, жасқанба!
Әжуа ғып қаздарды,
Әндетер ек аспанда:

– Көрдік, қаздар, көлдерді.
Көрдік, қаздар, шөлдерді.
Түстеріңе кірмейді
Мұндай биік сендердің!

## ТАҒЫ ДА КҮЗ КЕЛДІ

Дөңдер асқан, тау асқан
Аспанға бұлт таласқан.
Қарындасқа қалғаны –
Бір көйлектік көк аспан.

Таулар асқан, бел асқан
Бұлттар, бұлттар,
Таласпа!
Қалдырыңдар мамама
Бір көйлектік көк аспан!

## ЖАПЫРАҚ ЖАУЫН

Бұтақтардан сөгіліп,
Жапырақтар төгіліп,
Ұшып жатыр жүз мыңдап.
Қайтер екен біздің бақ?
Қыста үстіне жапқаны
Болады үлпа ақ мамық.
Өзгермейтін дәм-тұзы
Тек Күн ғана алқызыл.

## ҚҰРСАУ

Қызығады көліктер,
Құс та соған еліктер.
Қуған кезде жетесің,
Басып озып кетесің.

Өзіңді өзің сынайсың,
Таудан түссең –
Құлайсың.

## ДИІРМЕН НЕ ДЕП ЖЫРЛАЙДЫ?

Шаруаларға сый дайын,
Тасиды олар бидайын.
Ұн ғып оны тартамын,
Жырға толы әр таңым:
«Жүзім салған, бал салған,
Жеген бала таңданған,
Пісірген жан мақтанған,
Айнал, ақ ұн, ақ нанға!

## ҚАРҒА

Пан етікші дәу еді,
Қарғаларға жау еді.
Қарғаларды тоғайған
Құмақ болып тоғайдан
Айқай салды: – Жұртымнан
Көздеріңді құртыңдар!

– До-рра-ақ! – деді Бас Қарға,
Қарғаларға басқарма.
Қара бұлт сауыт киінді,
Қара бұлт боп түйілді
Сосын барып шүйілді...

О-о-ойй, ырзамыз,
Ырзамыз:
Жіберді ғой мырзаңыз!

## ҚОЗЫҚҰЙРЫҚ

Бұл мүләйім сәбиді
Мен әуелден танимын.
Білмейтін той, думанды
Бір түкпірде туған-ды.

Бауыры бар ондаған,
Одан сәл кем болмаған,
Бірақ іздеп таппайсың,
Тоғайды құр таптайсың.

Қамынды ол жемейді.
«Біз мұндамыз!» демейді.
Сыздап қарын,
Көк етің,
Бос қайтады себетің!

## ҚЫС

Ақша қардан кім безді?
Қар жауып тұр,
Алақай!
Анау тұрған күмбезді
Ала келші, балақай!

Емендейін бұл кезде
Тамыр тартқан қыратта
Әкелер ем күмбезді,
Әлім жетпес бірақ та!

## МҰЗАЙДЫНДА

Жаңа жыл қарсаңында
Қызықты қарсы алыңдар.
Мұз бен қар арбасады,
Көк мұзды қар басады.

Айнала опыр-топыр,
Жел қардан шөлі тоқыр.
Айдын боп жерде жатқан
Көк аспан... мұңға батқан.

## ЫМЫРТ

– Жүземін де,
Ұшамын да,
Бәріне де сайгермін де.
Бірақ, бірақ өмірінде
Бір мәрте, қаз, Ай көрдің бе?!

– Қай кезде мен Ай көремін?
Күн батқаннан бүгып жатам.
Қауырсынның арасына
Тұмсығымды-тығып жатам!

## МҰЗТАУ

Қарда қанша бар сызық?
Танауымыз қар сүзіп.
Біз емес қой бір ғана
Түскен таудан сырғанап.
Әкем сәтін оздырған,
Мұзға құйрық тоздырған.
Атам атын оздырған,
Мұзға қарнын тоздырған.
Ал әжелер, жамағат,
Тозған жерді жамаған.

## ҚАЗДАР

Қаздар, қаздар, маңғаздар,
Көл қорыған сарбаздар.
Ақ қауырсын, ақ мамық

Беттерінен қақпалық.
Қаздар, қаздар, маңғаздар,
Көл қорыған сарбаздар.

Қанаттарын қағады,
Күн көрінбей қалады.
Жумаса да – анығы –
Қардай аппақ мамығы.
Олай болса, осы мен
Жуынамын несіне?

Қаздар, қаздар, маңғаздар,
Көл қорыған сарбаздар.
Ақ қауырсын, ақ мамық,
Беттеріңнен қақпалық.
Қаздар, қаздар, маңғаздар,
Көл қорыған сарбаздар.

## ҚАРЛЫҒАШТАР

Қарлығаштар кезекпенен,
Кезекпенен
Безектеген.
Көк жіппенен,
Қара жіппен,
Көп жіппенен,
Дара жіппен
Өрнектеген, кестелеген
Безендірген, дестелеген,
Анда қара, мында қара,
Енді аспанға түнде қара!

## ЖАТЫР АНАМ КІР ЖУЫП

Кір толып тұр легенде,
Отыр Итка елеңдеп:

Құлап кетіп жылғаға,
Көйлегін ол былғаған,

Бекер мәз боп жүр екен,
Бар көйлегі кір екен.

Соның бәрі легенде,
Отыр Итка елеңдеп.

## ДАСТАРҚАН ҮСТІНДЕ

Дастарқанда бүгінгі
Көп қалыпты үгінді...

Торғай оны торыды,
Жақсылыққа жорыды.

Көзі түсіп сәбізге,
Кірді қоян дәлізге.

Гриша да қызып жүр,
Балға көзін сүзіп жүр.

Анамыздың жарлығы:
Үйге кірді барлығы.

Қоян алды сәбізді,
Гриша бал тамызды.

Торғай танып ырысты,
Үгіндіге кірісті.

## НАУРЫЗ

Қол тоңады қамалда[1]
Тоңғанменен амалда.

[1] Қ а м а л – наурыз айын қазақтар қамал деп те айтады.

Мен жалаңаш денеммен
Жүгіремін дегенмен.

Ау, жапырақ бір түйір,
Шықсаң еді қылтиып.
Өтті-кетті бір апта,
Өспей жатыр бірақ та.

Қырда ерте кетіп қар,
Табанды шөп қытықтар.
Бәтеңке, сен тұра тұр,
Мойынынды бұра тұр,

Келер, шіркін, аунағың,
Жалаңаяқ заулағың!

## МИЯУБИКЕ

Мияубике... Бір істі
Тындыруға кірісті.

Білетіндей кәсіпті,
Бірден қамыр ашытты.

Бұрышы жоқ ішінде
Балық асты мішімге.

Дей алмаймын шатасты,
Қонақтарға ет асты.

Қайтем демей көпірді,
Күшікті де шақырды.

Тамақ жемей әкілің,
Шыдап көрді екі күн.

Мияубике қорқа ма?
Күйген қазан ортада...

## БАҒБАННЫҢ АПТАЛЫҒЫ

Дүйсенбіде көреді,
Әкем жұмыс береді.

Сейсенбі ол бір төбе,
Оянамын ертемен.

Сәрсенбіде керекті
Қайраймын мен күректі.

Бізге лайық бар ма заң?
Бейсенбіде жер қазам.

Жұма күні бітемін,
Жексенбіні күтемін.

Саусақ бәрін санады,
Сенбі ортада қалады,

Жексенбіге кім шыдар?
Демалғаным жөн шығар!

## САҒАТ

Жүріп кетті поезд алты ноль-нольде.
Қандай дәлел айтар екен енді елге?
Ян одан дәл бір сағат кешікті.
Кешіккен соң,
Ол былай деп шешіпті.

«Жоқ, болмайды! Ішігімді сатамын.
Мысығымды, күшігімді сатамын.
Керек болса, диванымды сатамын.
Ол жетпесе, жиғанымды сатамын.

Содан кейін алтын сағат аламын.
Ол сағатпен қалай жолдан қаламын?!»

Айтты болды:
Алды сағат бір қызық,
Алған бойда көрді, әрине, жүргізіп.

Сөйтіп Ян мәселені шешіпті.
Бірақ сағат бір күннен соң шошытты:
Кеше ғана бір сағатқа кешіксе,
Енді бүгін екі сағат кешікті!

## ЖАҢБЫР

Тырс-тырс,
Тырс-тырс.
Сол жауғаның дұрыс, дұрыс.
Тырс-тырс,
Тырс-тырс.
Қосылады ырысқа ырыс.

Дегенменен, есік ашпан
Көрінгенше ашық аспан.
Дәл осылай десек те біз,
Тәтті ұйқыда,
Төсектеміз.

## САҢЫРАУҚҰЛАҚТАР

– Кімді күтесің емен түбінде?
– Кеше күткенмін,
Күтем бүгін де!
Жаңбыр өткен соң тиіс шығуға.
Саңырауқұлақтар шебер бұғуға.
Өскен-өскенін алып кеткен ем,
Себет толтырып үйге жеткен ем.
Қаулап шығатын жақсы, нашары
Мені көрді де қалды қасарып!..

## СЕН КІМНІҢ ДОБЫСЫҢ?

– Сен кімнің добысың?
– Бәріңе ортақпын!
– Сен кімнің жолысың?
– Бәріңе ортақпын!
Кәдімгі көліндей түсетін,
Кәдімгі суындай ішетін,
Ауадай бәріміз жұтатын
Жақсыдай әулие тұтатын
Бәріңе ортақпын!

## ШӨЖЕ МЕН ЕГІН

Егін ішін аралап,
Егістікті саралап
Жүрген шөже адасты,
Көк сұлыға жанасты.

– Білмейді екем даламды,
Қалай табам анамды?
– Арпа менен еңселі,
Жолға салар ол сені.

– Көре алмаймын –
Бой қысқа,
Біздің ауыл қай тұста?
Білмейді екем даламды,
Қалай табам анамды?

– Бидай менен еңселі,
Жолға салар ол сені,–
Деді Арпа жұрттағы,
Едірейіп мұрттары.

– Мәртебелі апамыз,
Биік сіздің сапаңыз.

Білмейді екем даламды,
Қалай табам анамды?

Осы араның түлегі
Қара бидай біледі.
– Қара бидай орылған,
Жан таппайсың орнынан.

Жауып жатқан даланы
Қара бидай сабаны.
Деді оған: – Налыма,
Келдің үйің жанына.

Анау тұрған қараңыз
Сонда жолдас-жораңыз.
Әне, әне, қарашы,
Дөн шоқып жүр анашың!

## КӨЗ ЖАСЫ

Бұлай берсін көздің жасын бұлаған.
Ал мен өзім бұдан былай жыламан.
Көздің жасы керек дейсің кімге өзі,
Көз жасынан көрінбейді күн көзі.

## *Словения*

*Тоне Павчек*

### ҚАРАҢҒЫЛЫҚ

Не дегенің қараңғылық ұясы,
Қараңғыға қай пендені қиясың?
Кейбір жәнтік, Тышқанұлы атанып,
Тастүнекте өмір сүріп жатады.

Ал Көртышқан
Туа соқыр жарықтық
Не екенін де білмей өтер жарықтың!
Қараңғыдан қорықпайды ешқашан,
Түнегінде жата алады бір апта!

Жүрек соғып,
Шыңылдайтын құлақтар,
Су астында түннен бетер түнек бар.
Сол тереңге тасбақалар батады,
Батады да,
Қорықпай-ақ жатады.

Дәу қалада жоғалады күн қашан?
Жарқырайды күндіз – күнің
Түнде – шам!
Сонда тұрып –
Ал жер нағыз орталық,
Бес жасар ұл қараңғыдан қорқады!

# БҰРЫС ЕРТЕГІЛЕР

Ұйқы алдына кеп ана
Ұйқысы жоқ балаға
«Ұйықта!» дейді ұлына,
Ұлдың ойы – далада.
Бар ертегі мүдделі
«Ұйықтаңдар!» деп бітеді.
Ал балалар анадан
Басқа ертегі күтеді.
Ойнап-күліп,
Тер төгіп
Мәз болатын еркелік
Көз ілмейді түнімен,
Қайда кеткен ертегі?!
Ал мен өзім жақында
Бір ханзада қақында
Ойлап таптым ертегі,
Көз ілмей бір жатыңдар,
Ол үйленбек болады,
Төңірегін шолады.
Қала-дала жиналып,
Сарайына толады.
Бүкіл халық алаңда,
Күбі-күбі бал онда!
«Жат!» дейтұғын ешкім жоқ,
Ештеңе жоқ алаңдар.
Сонда барлық ағалар,
Сонда барлық аналар.
Торт дегенді күрекпен
Ойып жеді балалар!
Сен өзгенің көзіндей,
Өзгелер де өзіндей.
Бүкіл халық тойлады
Таң атқанша көз ілмей!

# КІМГЕ КЕЛГЕН ХАТ

Адам айтса сенгісіз,
Кім жазғаны белгісіз.
Кімге келген хат өзі,
Анықтаңыз енді Сіз!

Ұқтырып көр жұртыңа,
Ашып оқу бір күнә.
«Ең әдемі балаға!»–
Деп жазылған сыртына.

«Ең әдемі кім?» дедік,
Ешкім оған күлмеді.
Ең әдемі баланың
Кім екенін білмедік.

Жақсы істейтін жұмысты,
Бағалайтын туысты
Хат тасушы Әділге
Тапсырдық біз бұл істі.

Шаруа қалды, үй қалды,
Салды ортаға жиғанды.
Нағыз әділ Әділ де,
Бірақ қатты қиналды.

Тура жолдан ауып көр,
Пәле-жала жауып көр!
Жақсы бала қаптаған
Ең тәуірін тауып көр!

Керістіріп баршаны,
Қақтық жолдың бар шаңын.
Ең жақсы ұлды таба алмай,
Хат тасушы шаршады.

# ҰЛУ

– Бүгін ұлу көрдіңдер ме, балалар?
– Көрдік! Көрдік! Онда қандай пәле бар?
– Бұл басқа ұлу... Сендер көре қоймаған.
Оңған емес бұл ұлумен ойнаған!
Сақалы жоқ демесеңіз,
Ешкі бас,
Мүйізінің ұзындығы – қос құлаш!
Сенбесеңдер, өздеріңіз өлшеңіз.
Жолығасыз Люблянға келсеңіз!
Таныс оған біразының мекенің,
Біледі ол кімнің қандай екенін!
Үйде жыртық оқулығың бар ма еді,
Ұлуға оны көрсетуге бермегін!
Егер болса,
Көзіне оның көрінбе!
Жоғал!
Жоғал!
Тезірек қаш,
Ерінбе!
Көріп қалса ол оқулықты ол жыртық,
Онда қайтып көре алмайды ел-жұртың!
Масқара ғып ағайынға,
Қоғамға
Оқулықпен қоса сүзер ол онда!
Сызылмаған,
Жыртылмаған беттері
Таза болсын,
Бүтін болсын дәптерің!
Бізден бірден аулақ салып іргесін,
Енді қайтып іздеп келіп жүрмесін!

# Түркия

*Фазыл Хюсню Дагларджа*

## ЕСІГІ АШЫҚ

Өмірден шошымашы,
Шошымашы.
Бұл үйдің қай кезде де есігі ашық.
Кіреді оған бала-шағалар да,
Кіреді аналар да,
Даналар да.
Кіреді тиіндер де,
Түйелер де,
Кіреді, керек десең, қалалар да!

## КҮН МЕН ТҮН

Арай болар арай да
Боянған соң.
Таң атады,
Балалар оянған соң.

Біз қалғимыз,
Ұйқыны сезінген соң.
Күн батады,
Балалар көз ілген соң.

## КЕШ ПЕН ТАҢ

Менің зөрем ұшады –
Тіл қатпаңдар –
Терезелер жабылса,
Күн батқанда.

Қуанамын,
Тұрады жел еркелеп,
Терезеден жол көрсем
Мен ертемен.

## МЕНІҢ МАМАЛАРЫМ

Гүл де – менің мамам,
Түн де – менің мамам,
Күн де – менің мамам.
Көк те – менің мамам,
Көп те – менің мамам
Доп та – менің мамам.
Содан қолым тимей қойды,
Мамам!
Содан да бір сүймей қойды,
Балаң!

## ТАҒЫ ДА КҮН МЕН ТҮН

Бір бала
Бір балаға қуып жетсе –
Оянамын.

Бір бала
Бір балаға қуып жетсе –
Киінемін.

Бір бала
Бір балаға қуып жетсе –
Жүгіремін.

Бірін бірі ұстайды
Күн менен түн –
Жете алатын емеспін
Мен оларға!

## ҚУАНЫШ

Қуанатын сияқты
Кей күндері ел текке.
Мәз болады анашым,
Мені апарса мектепке.
Мені ол емес
Мен оны
Жүргендей-ақ жетектеп.

## МЕКТЕПКЕ БАРАДЫ

Бұл кездерде
Самғап жүрер қанатты Ай.
Таңғы ұйқыңыз тәтті-ау шіркін,
Науаттай!
Торғай бірақ асығады мектепке,
Әйтпесе ол
Ояна ма таң атпай!

## СҮЙСІНУ

Бар дейді ғой
Баласының түйсігі.
Маған анам
Қарайды ылғи сүйсініп.

Ал мұғалім
(Таба алмадым қисынын).
Дәптеріме
Қарай қойса сүйсініп!

## МЕН ШЫҒАРМЫН

– Түннен бастау алады су,
Таңға қарай ағады су, –
Дейді ұстаз-оқытушым.
Мүмкін, сол су мен шығармын.

– Гүлдердің де тәтті ұйқысы
Тәтті ұйқысы,
Қатты ұйқысы, –
Дейді ұстаз-оқытушым.
Мүмкін, сол гүл мен шығармын.
– Батпырауық оқымайды.
Көкті жерден бақылайды. –
Дейді ұстаз – мұғалімім,
Батпырауық мен шығармын!

## ГЮРАЙ ТАҢ ҚАЛАДЫ

Бір баладан
Кем соқпайды
Талабым.
Тас ұстасам,
Тастай қатып қаламын!

Түсіп кетер,
Кәдімгідей қыспасам.
Неге сасам,
Қолға қалам ұстасам.

## БОЯУЛАР

Қолыма қалам алғанда,
Бояулы сурет салғанда,
Қол созам бірден
Арманға:

Теңізге,
Көкке,
Орманға!

## ТҮЙІР ТАСТАР

Уақытпен бекер дауласпа,
Уақытпен бекер жауласпа.
Алақаныма
Бір түйір
Тас сыятұғын әу баста.

Осылай еді көктемде,
Зымырап мезгіл өткен бе?
Таң қалдым енді
Екеуі,
Үшеуі сыйып кеткенде!

Айтатын болсам достарға,
Ойымды менің қостар ма?!
Алақанымды кеңейткен
Осынау түйір тастар ма?!

## ЖАҢБЫР БҰЛТЫ

Бұлт қабағын түйеді,
Бірақ та ол киелі.
Дейтін ұстаз: – кішкене
Шәкірттерді ол сүйеді.

Жарқ-жұрқ етіп шырағы
Бүйрегі оның бұрады.
Біздер
Үйге жеткенше,
Жаумай шыдап тұрады.

## ТҮС

Үрген бүйен түс көреді,
Түсте қызық іс көреді.
Бір бүйірі қышып жүреді,
Үлкен доп боп ұшып жүреді.

## ТАУЛАР

Жанында сәл тоқтайық,
Кідірейік.
Таулар неге тұрады күдірейіп?!
Тұра бермей, бір мезет жатпай ма екен,
Жатқаннан соң, ұйқыға батпай ма екен?!
Батқаннан соң, түбіне жетпей ме екен,
Жеткеннен соң, оянып кетпей ме екен!

## АСПАН

– Қозғалады неге аспан,
Үріккен бе?
Қозғаламын орнымда тұрып мен де.

Аспан көлдей,
Мен шағын нышандаймын.
Жортып жүріп неге одан іше алмаймын?!

Тиіп-ақ тұр, анашым, аспанымыз.
Аспан неге болмайды басқанымыз?!

Көз алмайды ол менен,
Безінбейді.
Неге? Неге?
Түнде де көз ілмейді?!

## МҮМКІН

Мүмкін, мүмкін...
Осы аспанмен таласқан
Сірə, тағы болу керек бір аспан.

Біздің аспан ашық кезде,
Балалар,
Бұлттар барып
Басқа аспанды паналар!

## ЖОЛ

Көрген кезде
Дөңгелекті
Баяғы,
Қуанады
Неге менің аяғым?

## СОҚЫР

Таста көз жоқ жолдағы.
Шын көрсоқыр сол-дағы.
Көзі болса,
Қалада,
Ойда,
Қырда,
Далада
Оқыс қарсы шыға ма?
Қақтығысып жыға ма?

## ЕКІ СҰРАҚ

Сұрақ қойғыш екен деме
Бұл неме!
Егер жауап бере алмасаң,
Үндеме!

Айтшы, көне, –
Түсінбеймін мен неге –
Допты жарып жасаған ба дөңгелек?

Әлде допты жасаған ба
Қапсырып,
Дөңгелекті дөңгелекке жапсырып?!

## МЫСЫҚТАР

Мысықтар бар –
Мішімдердің анасы.
Мішімдер бар –
Мысықтардың баласы.
Сондықтан да жақсы көрер оларды
Елдің бүкіл анасы,
Елдің бүкіл баласы.

## МЕНІҢ МЫСЫҒЫМ

Бұл мысығым
Барып тұрған пеш құмар.
Пеш үстінде
Бар ғұмыры еш болар.

Бір ғажабы,
Кереметі,
Қызығы:
Пештен гөрі жайлы сонық қызуы!

## ҰШАҚ

Ұшқыры жоқ ұшақтан
Көк аспанда.
Құс та ұшады,
Ұшақпен таласқанда;

Керегі не
Бұл жайлы бас қатырып,
Қайда барып қайтасың
Құсқа отырып?!

## САЛҚЫН

Дегенменен, қауіпті емес
Қыс мұнда: .
Панасы бар хайуанның да,
Құстың да.
Жұлдыздардың
Дәл осындай күйі жоқ,
Бастарында панасы жоқ,
Үйі жоқ!

## КЕМЕ

Емін-еркін ұшқандай әуелетіп,
Өзен бойлап барады кеме кетіп.
Өзі сарай сияқты,
Өзі лашық.
Терезесін
Яки көзін ашып
Айналаға қарайды,
Таңданады.
Жолаушылар түсуге қамданады.
Емін-еркін ұшқандай әуелетіп.
Өзен бойлап барады кеме кетіп.

## КҮШІК ПЕН ҚОДЫҚ

Күшіктің құлағы ұзын,
Салпияды,
Қодықтың құлағы ұзын,
Қалқияды.

Әңгімесін өзара
Айтып олар,
Бірін-бірі тыңдайды
Қайтіп олар?!

## ҚАНАТТЫҢ ІЗІ

Асқар таулардан,
Ақша бұлттардан асқаннан
Қанаттың ізін іздейді құстар
Аспаннан.
Ертегідегі ерекше құстар
Көп болған,
Бүгінде олар
Ауаға сіңіп жоқ болған.
Таппайсың іздеп:
Аспаның ескі,
Жол ескі.
Қанатың түгіл
Тұяқтың ізі көмескі.

## ЖАПЫРАҚТАР МЕН ҚҰСТАР

Дауылдан, дабырадан
Жапырақ жамыраған.
Жалаңаш қалған ағаш
Мектептей қаңыраған.

Әрине, наразы маң,
Болғандай біраз лаң.
Құстарсыз қалған аспан
Сарайдай құлазыған.

## ТИІН

Ағаштың басында
Тұрады бір тиін.
Дәл соның қасында
Ойнайды жел-құйын.

Сол тиін – баласы
Қызықтап құйынды,
Жапырақ – анасы
Қымтайды тиінді.

## ҚҰСТАР

Білдің бе?
Күлдің бе?
Жоқ сөздің жалғаны,
Біреуі сілкінбей,
Оянбас қалғаны.

Абайла!
Таянба!
Жоқ сөздің жалғаны.
Біреуі оянбай,
Сілкінбес қалғаны!

## ЖАУАБЫ ЖОҚ СҰРАҚТАР

– Нағыз алып! Ондай да піл бола ма?!
Мұндай пілдер сыя ма екен қораға?!

– Мұндай түйе көрген жоқпын өмірі.
Ойнар ма екен басыменен доп ұрып?!

– Ұзын жылан, болады оны июге.
Болар ма екен суыртпақтай түюге?!

– Біздің мысық ұйқтамайды, сеземін.
Ұйқтатпайды түрлі-түрлі көзі оны!

– Жыртқыштардың, көрді ме екен көздерін,
Күшіктерін аймалаған кездерін?!

## ҚЫЗ

Мына жүнге қараңыз,
Жібекке оны балаңыз.
Ұстап көріп
Қолына,
Сенбей қойды бала қыз.

Көк майсаға қараңыз,
Пүлішке оны балаңыз.
Табанына
Осылай
Сенбей қойды бала қыз.

Көк аспанға қараңыз,
Шарайнаға балаңыз.
Қарап тұрып,
Көзіне
Сенбей қойды бала қыз.

## НЕГЕ?

Қуанады құстарға
Тұрған ағаш жабығып.
Жылыта ма ағашты
Сол құстардың мамығы?

## БАЛАПАН

Балапан сондай қызық,
Қанаты сондай ұзын.
Гүл толы қауырсынды
Балапан ауырсынды,
Ұша алмады.

Балапан сондай көпшіл.
Қанаты сондай көкшіл.
Моншақты қауырсынды
Балапан ауырсынды,
Ұша алмады.

Балапан сондай асыл.
Қанаты сондай жасыл.
Жібек бау қауырсынды
Демейміз ауырсынды,
Өйткені ұшып кетті.

## ҚАРАҚШЫ ЖӘНЕ ТОРҒАЙЛАР

Өзіңменен танысқан
Құстар қазір ауысқан.
Сенің ұзын қолыңды
Көреді жұрт алыстан.

Қалпақ тұра басыңа,
Басыңды тек қасыма.
Ойың жаман,
Сондықтан
Бармас торғай қасыңа!

## ҚАРАҚШЫ ҚОРҚАДЫ

Саған ешкім жақпады,
Жел де аузын жаппады.

Қорқытасың күнімен
Құс біткенді бақтағы.

Қожайынның арқасы,
Өзіңнің де бар қасың,
Қара түнек түндерде
Сен де сұмдық қорқасың!

## ЕРТЕГІ

Ұйқы дәмін татқанмын,
Қалғып-мүлгіп жатқанмын.
Иығыма қонды құс.
Бейтаныс құс, оңды құс.
Айдынменен таласқан
Мөлдіреді көк аспан.
Бейтаныс құс: «Тұр!» – деді, –
Маған еріп жүр! – деді.

Қимай сол бір құсыңды,
Тастап шықтым түсімді.
Нұрландырып бөлмені,
Күтіп тұрған ол мені,
Болатындай мың қызық,
Қанатына мінгізіп,
Алып ұшты өлгі құс
Беймәлім ел – алдымыз.

Жүрген құстан талай кеп,
Сұрады ол: «Қалай» – деп.
Баратындай қонаға
«Ғажап!» – дедім мен оған.
Қарады да көзіме,
Иланбады сөзіме.
Самғаудайын самғады,
Бағытынан танбады.

«Түсір, – дедім, – сенбесең,
Жатар едім келмесең!»

«Жақсы!» – деді ол-дағы,
Бірақ бірден қонбады.
Жеттік жердің шетіне,
Самал соқты бетіме.
Ұшқан құсым шарықтап
Кетті айналып жарыққа!

## ЖАЗЫҚ ПЕН ТАУ

Көк жазық па, көк жазық,
Көк жазықта жоқ жазық.
Алтын астық, жасыл мұра өсірген.

Асқар таулар, зор шыңдар,
Асу белдер, өр шыңдар
Аспан үшін асыл қыран өсірген.

## ЕКІ ҚҰС

Екі құс бар арайлас,
Бір-біріне қарайлас.
Күлімдейміз,
Гүлдейміз
Бірін оның Күн дейміз.

Екіншісін түн дейміз,
Түнде де біз үндейміз.
Екеуі де толған іс,
Берер бізге қолғабыс.

## МЕН ӨСТІМ

Аңғармайды ұл-қыздар,
Жұмсарады түнгі ызғар.
Деуші едің ғой, анашым:
«Түнде өседі жұлдыздар!»

Басып оздым талайды,
Осыны түн қалайды.
Өскен емей немене,
Онға шейін санаймын!

## БАЛАНЫҢ АЙТҚАНЫ

Сүйем көкті жұлдыздары самсаған,
Құсың болып ұшар едім мен саған.
Сүйем осы орман, тауды талайдан,
Жыртқышы оның болмас едім алайда!

## САҒАТ

Байдың қанша түлігі бар? –
Сағат соны санай ма?

Судың қанша сүлігі бар? –
Сағат соны санай ма?

Көктің қанша жұлдызы бар? –
Сағат соны санай ма?

Көлдің қанша құндызы бар? –
Сағат соны санай ма?

Жерде қанша тұрғылас бар? –
Сағат соны санай ма?

Қанша жалқау бір класта? –
Әлде соны санай ма?

# БАУ-БАҚШАДАҒЫ СЕРУЕН

Ауа жұтып өкпем де,
Бақты кезем көктемде.
Алма, өрікті жырлайды ол
Мұнда келіп-кеткенге.

– Көріңіз деп қарбызды! –
Шие қарбыз жарғызды.
– Осы салқын сусынмен
Қандырасың бар қызды.

Дәмді не бар қарбыздай.
Шырыны оның бар мұздай.

– Көрдіңіз бе қауынды?
Қауын шешер дауынды! –
Дейді қарбыз, – жұтады ол
Күн нұры мен жауынды!

Қауын дәмді банандай,
Үлкендігі қабандай!

– Піскен кезде өрікті
Кім алдымен көріпті? –
Дейді қауын, – өрікті
Кеш көргендер торықты!

Сүйемін мен өрікті.
Өріктен кім жеріпті?

Дейді өрік: – ұнаса,
Құлпынайдан көп аса.
Құм шекерге көміп же,
Болар сонда тамаша!

О, құлпынай, құлпынай!
Тоймас оған құлқын-ай!

– Сал аузыңа шиені,
Ол – алшаның жиені, –
Деп құлпынай
Бір кезде
Саған басын иеді.

О-о-о! Шиенің қышқылы-ай!
Шиесіз күн мүшкіл-ай!

Алмұртың бар, айва бар.
Ірісі бар, майда бар.
Жүзімі бар, шабдал бар,
Мұндай дәулет қайда бар?

Әрбір айдың сәні бар,
Өзіне тән дәмі бар.

## ТҮНГІ КӨШЕ

Үйлер, үйлер,
Үй қандай!
Бүкіл қала сыйғандай.
Қуаныш пен бақытты
Осы үйлерге жиғандай.

Жол өтеді қақ жарып,
Екі езуі жап-жарық.
Ұйқыдағы бөбектер –
Елдің сәні,
Ажары.

Үйлер, үйлер,
Кең үйлер,
Терезесі тең үйлер.
Мен үйімді сағындым,
Апарыңдар мені үйге!

## БАТПЫРАУЫҚ

Апам маған: – Жат! – дейді.
Көзіңді жұм!
Жап! – дейді. –
Түн болды ғой, түн, – дейді.
Басқа ештеңе білмейді.
Жұлдызды аспан маздайды.
Апам сөзден жазбайды.
Батпырауық
Қолымды
Жұлып кете жаздайды.

## ЕСІК

Не болса да шыдаймын мен,
Шыдаймын.
Бірақ апам есік жапса,
Жылаймын.
Есік жапса,
Байланысты жояды:
Бүкш жұлдыз сыртта қалып қояды!

## АНАМ АЙТАДЫ

Мен ұйқтасам, көздерім кетер ұшып.
Кетер ұшып,
Бұлттардан өтер ұшып.
Жұлдыздарға айналар содан кейін.

Мен ұйқтасам, қолдарым кетер самғап.
Кетер самғап,
Бәрінен өтер самғап.
Бұтақтарға айналар содан кейін.

Мен ұйқтасам, дауысым кетер шырқап.
Кетер шырқап,

Алысқа жетер шырқап.
Әнші құсқа айналар содан кейін.

## НЕ ҚОРҚАТЫНЫ БАР?

Өз орнында тиыным,
Өз орнында бұйымым.
Мен ұйқтаған кездерде
Ұйқтамайды киімім.

Сайтанымен, жынымен,
Жалғанымен, шынымен
Арпалысып,
Қос жеңім
Қорғар мені түнімен!

## ҰЙҚТАМАҒАН КЕЗДЕ

Осы ұйқы дегеннен
Құтыла алмай келем мен.
Ол бір пәле жаланған
Ала кетер жағаңнан.
Ұйқы сені бөледі
Үйіңдегі анаңнан,
Бірге жүрген досыңнан,
Жатып шыққан қосыңнан,
Басқа түгіл,
Бір күні
Айырады басыңнан.
Осы ұйқы дегеннен
Құтыла алмай келем мен!

*Октай Тифат*

## БАТПЫРАУЫҚТАР

Дәу машина
Алып келген сәріде
Кешке таман
Қайтады үйге бәрі де.
Осы кезде
Мең-зең болар іскен бас:
Дорбада – нан,
Бұлшық етте –
Күш қалмас.
Міне, солай
Кезек-кезек күн өткен.
Қарбанғанмен
Не табасың түнекте?!

## ҚАРЛЫҒАШ

Жақындасам
Телеграф бойына
Қарлығаштар
Түсуші еді ойыма.
Қарлығашты көрсем,
Жаным сүйінді.
Олар енді
Салады еске үйімді.

## МҰНДА

Қара суық –
Бұл аранын кінәсі.
Келер болсаң –
Дорба асынба –
Күн асын!

## КЕРУЕН

Кім-кімде де екі көз бар,
Мұрын бар.
Және бас бар
Бұрар жаққа бұрылар.
Өтірік пе? Ақиқат па?
Қалаңыз.
Шүкір! Шүкір!
Ажырата аламыз!

Керуен жолда,
Аян елге жайымыз.
Біздер – жаяу,
Ат үстінде – байымыз.
Қанша жылда
Көре алмадық бір сыйды,
Арып-аштық,
Қабырғамыз ырсиды.

Әрі байтақ,
Әрі жомарт ырысты
Асты – кеніш,
Ағыл-тегіл нұр үсті.
Саулықтары
Көктем сайын егіздер,
Семіздері жүре алмайды,
Өгіздей.

Еңбек үшін туған біздің
Жұртымыз.
Сөйте тұра
Майланбайды мұртымыз.
Жейді және
Қыздары мен жігіті
Қатқан нанды суға салып,
Жібітіп!

Болмай-ақ тұр
Еліміздің күткені.

Алақанға –
Сүйек қана біткені.
Өрге баспай,
Оңға баспай ісіміз,
Сондықтан да
Өртенеді ішіміз.

«Бұл өмірден
Өлім артық құбылыс!»
Деп қолтықтан түрткіледі
Ібіліс.
Әй, әзәзіл,
Салма бізді көп мұңға.
Қайткенде де
Осы өмірден жоқ қымбат!»

## ШАБУЫЛ

Ұшағы жаудың, келіңдер!
Бомбамен бізді көміңдер!
Қорқатын пендең мен емес,
Керек пе саған төбелес?!
